



ISSN **2788-4724**
eISSN **2790-833X**

2024
№4

DULATY UNIVERSITY
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
DULATY UNIVERSITY

DULATY UNIVERSITY
BULLETIN



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ



НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР
ГОСУДАРСТВЕННОЙ
НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ
ЭКСПЕРТИЗЫ



Crossref

РОССИЙСКИЙ ИНДЕКС
НАУЧНОГО ЦИТИРОВАНИЯ



Science Index



Жазылу индексі: 76234

ISSN 2788-4724
eISSN 2790-833X

М.Х.Дулата атындағы Тараз университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

ВЕСТНИК

of M.Kh. Dulaty
Taraz University

Таразского университета
имени М.Х. Дулати

№4 (16)/2024

2000 ж. наурыз айынан бастап шығады
Издается с марта 2000 г.
Founded in March 2000

Бас редактор
Исабай Исақұлы Бекбасаров
техн. ғылым. д-ры, профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

Корректор және беттік өңдеу:
Ұлпан Сәменқызы
Фил.ғылым.магистрі, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Александрос Кехэгиас	PhD , Греция
Алламбергенова Перхан Кудайбергеновна	ф.ғ.к., доцент, Өзбекстан
Вайдотас Казукаускас	PhD, профессор, Литва
Готфрид Томас	PhD, Германия
Добринка Чанкова	Заң ғыл.докторы, профессор, Оңтүстік-Батыс университеті, Ресей
Дэниел Дэвидсон Сноу	PhD, АҚШ
Елизова Елена Ивановна	п.ғ.к, доцент, Ресей
Кано Хименем Пабло Антонио	PhD, Испания
Крейчи Ондрей	PhD, Чехия
Мартинек Павел	PhD, Чехия
Матсумото Коджи	м.ғ.д., профессор, Жапония
Мирзаев Шухрат Шавкатович	з.ғ.к., доцент, Өзбекстан
Октай Кутай	PhD, профессор, Түркия
Орхан Сойлемез	PhD, профессор, Түркия
Селами Федакар	Phd, профессор , Түркия
Сийка Чавдарова-Костова	PhD, Болгария Республикасы
Скоробогатова Наталья Владимировна	псих.ғ.к., доцент, Ресей
Стефан Дырко	PhD, Силезия университеті, Катовице, Польша
Сулайманова Рахат Токтогуловна	PhD, профессор, Қырғызстан
Ткаченко Игорь Михайлович	ф.-м.ғ., профессор, Испания
Торткулбаева Турсынай Абдигазиевна	PhD, доцент, Қарақалпақстан
Угур Бозкурт	PhD, Түркия
Филютина Татьяна Николаевна	п.ғ.к., профессор, Ресей
Энвер Капаган	PhD, Түркия
Юлия Георгиевна Дончева	PhD, Ангел Кънчев атындағы Розен университеті
К.Джолшыбекова	PhD, доцент, Dulaty University
К.А. Төлеубаева	фил.ғыл.канд., профессор, Букетов университеті
А.А. Кабдушев	PhD, Dulaty University.
А.Ә. Сағындықов	техн.ғыл.д-ры, профессор, Dulaty University
А.Б. Бекенова	заң ғыл.канд., доцент, Dulaty University
А.Б. Мыңбаева	техн.ғыл.канд., доцент, Dulaty University
А.О. Жатқанбаева	PhD, доцент, Dulaty University
Б.Ж. Унайбаев	техн.ғыл.д-ры, профессор, Екібастұз
Г.Б. Джумабекова	PhD, доцент, Dulaty University
Г.Б. Исабекова	PhD, Dulaty University
З.Т. Абдукаримова	Заң ғыл.канд., доцент, Dulaty University
И.С. Бровко -	техн.ғыл.д-ры, профессор, Әуезов Университет
Л.Н. Есмаханова	PhD, Dulaty University
М.Б. Муратбеков	физ-мат.ғыл.д-ры, профессор, Dulaty University
Н.Ә. Бейсен	физ.-мат.ғыл.канд., профессор, Dulaty University
Р.С. Тұрысбек	фил.ғыл.д-ры., профессор, Л.Н.Гумилев ЕҰУ
С.Қ. Иманбердиева	фил.ғыл.д-ры., профессор, Сейфуллин университеті
С.О. Құлбарак	фил.ғыл.д-ры., профессор, Dulaty University
С.Т. Дүйсенбаева	техн.ғыл.канд., доцент, Dulaty University
Ғ.Ә. Тұяқбаев	фил.ғыл.канд., профессор, Қорқыт ата университеті
Ш.Т. Турдалиева	псих.ғыл.канд., доцент, Dulaty University

Editor-in-Chief

Isabai Bekbasarov

Dr. of Tech. Sci., Professor, M.Kh.Dulaty Taraz University

Press-corrector and computer page makeup

Ulpan Samenkyzy

Master of Philological Sciences, M.Kh.Dulaty Taraz University

EDITORIAL BOARD

Alexandros Kehegias	PhD, Greece
Allambergenova Perkhon	candidate of philological Sciences, Associate Professor, Uzbekistan
Kudaibergenovna	PhD, Professor, Lithuania
Vaidotas Kazukauskas	PhD, Germany
Gottfried Thomas	Dr., Professor, South - Western University, Russia
Dobrinka Chankova	PhD, USA
Daniel Davidson Snow	Cand. of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Russia
Yelizova Elena Ivanovna	PhD, Spain
Cano Jimenem Pablo Antonio	PhD, Czech Republic
Craici Ondrey	PhD, Czech Republic
Paul Martinec	doctor of Medical Sciences, Professor, Japan
Matsumoto Koji	candidate of Law, Associate Professor, Uzbekistan
Mirzaev Shukhrat Shavkatovich	PhD, professor, Turkey
Oktay Kutay	PhD, professor, Turkey
Orhan Soylemez	Phd, professor, Turkey
Selami Fedakar	PhD, Republic Of Bulgaria
Siika Chavdarova-Kostova	psychedelic.candidate of Sciences, Associate Professor, Russia
Skorobogatova Natalia Vladimirovna	PhD, University of Silesia, Katowice, Poland
Stefan Durko	PhD, professor, Kyrgyzstan
Sulaimanova Rakhat Toktogulovna	Ph. D., professor, Spain
Igor Tkachenko	PhD, associate professor, Karakalpakstan
Tortkulbaeva Tursynay Abdigazievna	PhD, Turkey
Ugur Bozkurt	candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Russia
Filyutina Tatyana Nikolaevna	PhD, Turkey
Enver Capagan	PhD, Angel Kynchev Rosen University
Yulia Doncheva	PhD, associate professor, Dulaty University
K. Dzholshebekova	Phil.science.Kand., Professor, Buketov University
K. A. Tuleubayeva	PhD, Dulaty University.
A. A. Kabdushev	techn.science.doctor, Professor, Dulaty University
A. A. Sagyndykov	legal Science.Kand., associate professor, Dulaty University
A. B. Bekenova	techn.science.Kand., associate professor, Dulaty University
A. B. Mynbaeva	PhD, associate professor, Dulaty University
A. O. Zhatybayeva	techn.science.doctor, Professor, Ekibastuz
B. Zh. Unaibayev	PhD, associate professor, Dulaty University
G. B. Dzhumabekova	PhD, Dulaty University
G. B. Isabekova	Legal Science.Kand., associate professor, Dulaty University
Z. T. Abdugarimova	techn.science.doctor, Professor, Auezov University
I. S. Brovko -	PhD, Dulaty University
L. N. Esmakhanova	Fiz-mat.science.doctor, Professor, Dulaty University
M. B. Muratbekov	Fiz.- Matt.science.Kand.Professor, Dulaty University
N. A. Beisen	Phil.science.the doctor. Professor, L. N. Gumilyov ENU
R. S. Turysbek	Phil.science.the doctor., professor, Seifullin University
S. K. Imanberdieva	Phil.science.the doctor. Professor, Dulaty University
S. O. Kulbarak	techn.science.Kand., associate professor, Dulaty University
S. T. Duisenbayeva	Phil.science.Kand., Professor, Korkyt Ata University
G. A. Tuyakbayev	PSH.science.Kand., associate professor, Dulaty University
Sh. T. Turdalieva	

Главный редактор
Бекбасаров Исабай Исакович
д.т.н., профессор, Таразский университет им. М.Х. Дулати

Корректор и компьютерная верстка:
У.Саменкызы
Магистр филологических наук, Таразский университет им. М.Х. Дулати

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Александрос Кехэгиас	PhD, Греция
Алламбергенова Перхан	к. ф. н., доцент, Узбекистан
Вайдотас Казукаускас	PhD, профессор, Литва
Готфрид Томас	PhD, Германия
Добринка Чанкова	д.ю.н., профессор, Юго-Западный университет, Россия
Дэниел Дэвидсон Сноу	PhD, США
Елизова Елена Ивановна	к.п.н., доцент, Россия
Кано Хименем Пабло Антонио	PhD, Испания
Крейчи Ондрей	PhD, Чехия
Мартинек Павел	PhD, Чехия
Матсумото Коджи	д.м.н., профессор, Япония
Мирзаев Шухрат Шавкатович	к.ю.н., доцент, Узбекистан
Октай Кутай	PhD, профессор, Турция
Орхан Сойлемез	PhD, профессор, Турция
Селами Федакар	Phd, профессор, Турция
Сийка Чавдарова-Костова	PhD, Республика Болгария
Скоробогатова Наталья Владимировна	псих.к. н., доцент, Россия
Стефан Дырко	PhD, Силезский университет, Катовице, Польша
Сулайманова Рахат Токтогуловна	PhD, профессор, Кыргызстан
Ткаченко Игорь Михайлович	Ф.-М. н., профессор, Испания
Торткулбаева Турсынай Абдигазиевна	PhD, доцент, Каракалпакстан
Угур Бозкурт	PhD, Турция
Филиутина Татьяна Николаевна	к.п.н., профессор, Россия
Энвер Капаган	PhD, Турция
Юлия Георгиевна Дончева	PhD, Розенский университет имени Ангела Кънчева
К.Джолшыбекова	PhD, доцент, Dulaty University
К.А. Толеубаева	к.ф.н., профессор, Букетовский университет
А.А. Кабдушев	PhD, Dulaty University.
А.Э. Сагындыков	д.т.н., профессор, Dulaty University
А.Б. Бекенова	к.ю.н., доцент, Dulaty University
А.Б. Мынбаева	к.т.н., доцент, Dulaty University
А.О. Жатканбаева	PhD, доцент, Dulaty University
Б.Ж. Унайбаев	д.т.н., профессор, Экибастуз
Г.Б. Джумабекова	PhD, доцент, Dulaty University
Г.Б. Исабекова	PhD, Dulaty University
З.Т. Абдукаримова	к.ю.н., доцент, Dulaty University
И.С. Бровка -	д.т.н.р, профессор, Ауэзовский Университет
Л.Н. Есмаханова	PhD, Dulaty University
М.Б. Муратбеков	д.физ.-мат.н., профессор, Dulaty University
Н.Э. Бейсен	к.физ.-мат.н., профессор, Dulaty University
Р.С. Тұрысбек	д.ф.н., профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилев
С.Қ. Иманбердиева	д.ф.н., профессор, Университет Сейфуллина
С.О. Құлбарақ	д.ф.н., профессор, Dulaty University
С.Т. Дүйсенбаева	к.т.н., доцент, Dulaty University
Ғ.Ә. Тұяқбаев	к.ф.н профессор, Университет Коркыт ата
Ш.Т. Турдалиева	к.п.н., доцент, Dulaty University

МАЗМҰНЫ • CONTENTS • СОДЕРЖАНИЕ

ФИЛОЛОГИЯ • PHILOLOGICAL • ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ ҒЫЛЫМДАРЫ • SCIENCES • НАУКИ

Тұрысбек Р.С. Ақын-сатирик Шона Смаханұлының шығармашылық мұрасы.....	8
Espenbetova G.T. Formation of the reading culture of children of primary school age through the study of foreign children's fairy tales.....	23
Федакар С. Түркі халықтарындағы дастаншылық мектептерінің қалыптасу ерекшеліктері.....	29

ПЕДАГОГИКА • ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ • PEDAGOGICAL ҒЫЛЫМДАРЫ • НАУКИ • SCIENCES

Отарова Т.Н., Тулебаева С.К. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы цифрлық платформалардың маңыздылығы.....	35
Абилдабеков С.А. Ұлттық тәлім-тәрбиенің бір бағыты дене шынықтыру және спорт қызметі.....	44
Taiyrkyzu A. Innovative methods of teaching writing in English using game elements.....	52
Дәулеткелді А.Д. Stem технологиясын білім беру саласында қолданудың маңызы.....	59
Stybayeva A.Sh., Turlybayeva S.Zh., Amirkenova E.Zh. Promoting healthy lifestyle and life skills in stressed adolescents.....	67

ӘЛЕУМЕТТІК- • СОЦИАЛЬНО- • SOCIAL ГУМАНИТАРЛЫҚ • ГУМАНИТАРНЫЕ • SCIENCES AND ҒЫЛЫМДАРЫ • НАУКИ • HUMANITIES

Спанов М.Ж. Қазақ даласындағы билер сотының тарихи және философиялық негіздері.....	74
Акмамбетов А.А., Алтынбекова З.Т. Молодёжные субкультуры 21 века: особенности и влияние на личность подростков.....	84
Джуншеев Р.Е. Йасауидің экзистенциалдық философиясы және оның қазіргі қоғамдағы рөлі	90
Кульбаева Д.Д., Омирзакова Д.Д. Военно-патриотическое воспитание молодежи как комплексная образовательная технология.....	101

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ • ЕСТЕСТВЕННЫЕ • NATURAL ҒЫЛЫМДАРЫ • НАУКИ • SCIENCES

Адаев Т.О. Инвазия троегуба(<i>opsariichthys uncirostris</i>) на водоемах Туркестанской области.....	107
Үсенова М.Б. Сырдария өзенінің зоопланктонының қазіргі жағдайы және биоалуантүрлілігі.....	115

ЗАҢ ЮРИДИЧЕСКИЕ LEGAL
ҒЫЛЫМДАРЫ НАУКИ SCIENCES

Көшербаев С.Б.

Современная нормативно-правовая концепция защиты чести и достоинства..... 123

Абдукаримова З.Т., Ковачева Г., Бауберикова А.Б, Умбетбаев С.А.

Факторы, влияющие на совершение экстремистских преступлений и вовлеченность в экстремистские группы..... 141

ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕХНИЧЕСКИЕ TECHNICAL
ҒЫЛЫМДАР НАУКИ SCIENCES

Есмаханова Л.Н., Акилов Е.К.

Басқарудың цифрлық жүйелерін модельдеу..... 152

Исабеков Ж.Б., Жұмағұл Д.Б., Токобаев Ч.М.

Энкодерді үздіксіз ұстайтын автоматтандырылған жүйеге енгізудің пайдасы..... 160

Мамырова М.И., Смагулова Г.С.

Формирование организационно-педагогических условий в современной образовательной системе..... 166

ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ PSYCHOLOGICAL
ҒЫЛЫМДАРЫ НАУКИ SCIENCES

Махашова П.М., Байдалиева А.М., Абдырахимова А.Н.

Студенттердің медиа сауаттылығын дамыту арқылы қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық аспектілері..... 176

Паримбай Г.Ғ., Керимбаева Р.К.

Студенттердің мінез-құлық бітістерінің қалыптастыруына мақал-мәтелдердің психологиялық әсерін зерттеу..... 188

ЭКОНОМИКАЛЫҚ- ЭКОНОМИКО- ECONOMICS AND
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ENVIRONMENTAL
ҒЫЛЫМДАР НАУКИ SCIENCES

Мусабекова А.Н., Сарыбай М.Ә.

Қазақстанда қаржылық инклюзияның қалыптасу және даму мәселесі..... 199

Narenova A., Iskendir A.

Digitalization of public services..... 205

Kepuladze T.A.

Credit risk management in the bank..... 216

Ғылыми мақала

FTAMP 17.82.10

<https://doi.org/10.55956/MALD9006>

Р.Тұрысбек 

филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
rst58@mail.ru

АҚЫН-САТИРИК ШОНА СМАХАНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Аңдатпа. Мақалада ақын-сатирик Шона Смаханұлының шығармашылық мұрасы кең түрде қарастырылады. Өмірі мен кезеңіне, қоғамдық қызметінің маңызды тұстарына назар аударылып, ел мүддесіне қатысты көзқарастары, ұлт мұратын айқындаған ұстаным жүйесі шығармашылық мақсат-мұраттарымен байланыста өріс алады. Маңыздысы, тақырыбы мәнді, жанр жүйесі айқын, мазмұны байтақ – әзіл-әжуа, сын-сықақ, шанышма-шымшымалары әр қырынан ашылып, қоғамның өзекті тұстарын, заман шындығын, адам әлемінің мың сан қатпар-иірімдерін өткір тіл, орамды ой, шымыр шумақтарымен жүйелі жеткізулері терең талдау, зертеу-зерделеулер негізінде байыпты беріледі. Әсіресе, «Кездік», «Жасырайық несіне», «Жымияды жеңешем», «Елпекбайдың тентегі», «Өткірдің жүзі», «Таңдамалы шығармалар» атты әр жылдары жарық көрген туындылары зерттеу нысаны етіліп, ондағы ел мүддесі, ұлт мұратына қатысты дүниетаным арналары, қоғамдағы келеңсіз-кереғар көріністер, адамдар қарым-қатнасындағы әр алуан көрініс-суреттер бірде әзіл-әжуа, келесі кезекте сын-сықақ, шанышма-шымшыманың өзегіне айналған тұстары байыпты бағалау, терең талдау, зерделі зерттеу жүйесі етіледі. Нәтижесінде, ақын-сатирик Ш.Смаханұлының шығармашылық мұрасы, тақырыптық арнасы, жанрлық-көркемдік ерекшеліктері, қоғамдық құбылыс, заман шындығы, адам болмысы мен еңбек мұраттары, әрекет-қимылдарына қатысты тұстары, көзқарас-ұстанымдары ақиқат аясында, шынайы шындықтар тұрғысында мәнді-нәрлі, сенімді сипат алады. Авторлық ұстаным, тақырыптық ерекшелік, көркемдік дүниетаным арналары да әр қырынан қарастырылып, мәнді сипаттармен жүйелі өріс алады.

Тірек сөздер: автор, ақын, жанр, көркемдік, үдеріс, мәтін, тақырып, тіл, ой, сөз, сатира, стиль.

Кіріспе. Ақын-сатирик Шона Смаханұлы – қазақ әдебиеті тарихындағы бағыт-ұстанымы айқын, айбыны зор, айдыны кең, шоқтығы биік тұлғаларының бірі. Оның шығармашылық мұрасы халықтың

әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын терең зерттеп, әділетсіздік пен қоғамдағы кереғар жайттарды сын-сықақ арқылы көркем де жүйелі жеткізгендігімен ерекшеленеді. Ш.Смаханұлының сатира жанрын-дағы

еңбектері тақырыптық тұрғыдан назар аудартып, жанр жүйесі мен көркемдік мазмұны, танымдық-тәрбиелік мәні жағынан ерекше маңызға ие. Ш.Смаханұлының әдебиеттегі орны оның елдік мұраттарды қорғау, ана тілін сақтау, ұлттық мектептер мен мәдени-рухани құндылықтарды дамыту бағытын-дағы еңбектерімен де жұрт жадында қалды. Ақын шығармашылығы қазақ қоғамының түрлі аспектілерін, әсіресе әділетсіздік, жемқорлық, ұлттық құндылықтардың құлдырауы сияқты мәселелерді өткір көтеріп, шынайы шындық тұрғысынан сынға алуға арналды. Бұл мақалада оның шығармашылық мұрасының басым бағыттары, айрықша ерекшеліктері мен азаматтық қайраткерлік қырлары зейінді зерделенеді.

Адамға қызмет - абыройлы міндет екенін ерте сезінген ақын-сатирик Шона Смаханұлы шығармашылық мұрасында ел мүддесіне қатысты мәселелердің бәрі-баршасына ерекше ден қойып, оны кеңістік пен уақыт таразысына салып, маңызды тұстарын әзіл-ажуа, сын-сықақ, шаншыма-шымшымалары арқылы әр қырынан ашып, кең көлемде көрсетті.

Өмір кезеңдерінен айқын аңғарылатынындай, Ш.Смаханұлы Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ойық ауылында туған (1924, 2 қараша). Әкешесінен ерте айрылып, жетімдік-жоқшылықты көп көріп, кейінгі кезеңде балалар үйінде тәрбиеленеді [1].

Жасынан өжет, зерек те сергек, бірбет болып өскен Ш.Смаханұлы ауыл-елде жүргенде ағайын-туысқа, қатар-құрбы, құрдастарына алуан үлгіде өлеңнен алқа тағып, «ақын бала» атанады. Жастық кезеңінің өзінде-ақ бірбет, өжеттігі танылып, әділетсіздікке, әлімжеттікке, жасандылыққа төзбейтіндігін байқатып, үлкен-кішіге өзіндік көзқарасын бүкпесіз, анық айтатын-ды. Көзіне-көңіліне ұнамаған қайсыбір құбылыс-көріністерді, кеудесімен көкті, танауымен тауды тіреген - әкім-қараларды, желіккен жеңгейлер мен желпінген бозбала-

бойжеткендерді өлең өрімімен өрнектеп, оны көбіне әзіл-ажуаға айналдырып, сын-сықақпен мінеп, түйреп жүрген кездері көп болды. Оның осы белгі, ерекшеліктерін ерте таныған ауыл тұрғындары:

- Зерек те сергек, шақар да шок тілді - Шона бір жерден шығады! - дегенді ауыздарына жиі алып, әр кез-ақ айтатын-ды. Ел әңгімелерінде мұның ұнамды қырлары көп-ақ.

Ақын-сатирик Ш.Смаханұлы мектеп қабырғасында жүріп-ақ зерек те сергек, өжет те өршіл рухымен танылып, ақиқатқа жақын, шындық жүзіне тура қарап, өмірге құштар, өлең-өнерге сүйіспеншілігі зор болғанын былай деп еске алады:- «Әсте сатирик болсам деп, армандамадым десем өтірік айтқан боп шығар едім. 5-6 класта-ақ қабырға газетінде тәртібі нашар, сабаққа үлгермейтін балаларды сынаған өлеңдерім үзбей шығып тұратын. Бірде Талас ауданы, «Тамды» орта мектебіне Асқар Тоқмағамбетов келді. Мен ол кісінің өлеңдерін түгелге жуық жатқа білетінмін. Кездесуге Асқар ағаның өлеңдерін өзіне оқып бергенімде ол қайран қалды. Байқасам, шебер қиысқан өлеңдерді жаттауым жай әуесқойлық емес, өнерге шын қызығушылық екен. Кейін мұғалім болып жүріп те, өлеңнен қолымды үзгенім жоқ. Жазғандарым республикалық газет-журналдарда да көрініп жүретін» [2]. Бұдан басқа, «Айға ұшамын» кітабына (1971) енген – «Нағашы» атты балладасында балалық-жастық кезеңі, «Сүрінсең де жығылма» хикаятында – алапат аштық көріністерін елдік мұратпен, жеке өмірімен, тағдыр-талайымен байланыстырады.

Ш.Смаханұлы біраз жыл ауылдық мектептерде мұғалім болып істейді («Аққұм» жеті жылдық, «Ақкөл», «Бостандық» орта мектебінде). Абай атындағы педагогикалық институтты сырттай оқып бітіреді. Жас ұрпаққа білім нәрін, тәрбие негізін жүйелі, сапалы берген ерекше еңбегі үшін - Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері белгісімен марапатталады.

Ұстаздық қызметтен кейінгі еңбек орыны – «Қазақстан мұғалімі», «Қазақстан пионері» газеттері мен «Ара» журналы болды. Ол туралы: «Қай газетте, иә журналда жұмыс істейін, журналистік өмірдегі мақсатым айқын болды, ол мақсат - белең алған кемшіліктерді аяусыз сынау еді» деп жазды [2].

Алматыға келгеннен кейін шығармашылық ортада, танымал тұлғалар арасында жиі болады. Сондай кездесудің бірі - Пролетар көшесіндегі 11-үйде, кендеу, бірақ жарығы аз шағын бөлмеде өтті. Кездесу мақсаты - үлкен жазушылар жас ақындардың жаңа өлеңдерін тыңдауы керек екен. Оннан астам жас ақын өлең оқыды. Бірінен бірі өтеді. Сейітжан ағамыз: «Жақында алыс ауылдан бір сықақшы келген, соны тындайық», - деді де, менің атымды атады. Ортаға қысыла шығып, осыным лирикаға ұқсайтын шығар-ау дедім де, төрт-бес өлең оқыдым. Баукең тыжырынып: «Немене жағымпаз, мақтау өлеңнен басқаларың жоқ па?» деп қалды. Төбемнен мұздай су құйып жібергендей болды. Сосын тәуекел! - дедім де, «Жапалақтың үйленуі» деген мысалымды оқи беріп едім, үлкен кісілер иықтары селкілдеп күле бастаған екен. Ойпырмай сықағым ұнамай мені мазақтап отыр ма деп қалдым. «Тағы нең бар?» - деді Саин ағамыз ала тақиясын ары-бері қозғап, басына қайта киді.

Жазығы жоқ жазған ұл

Көп білем деп көкіді.

Әкесінің жазғанын

Аудармадан оқиды,-

деуім сол екен, Сәбең даусы қарлыға шығып, жарқылдай күліп: «Һәй, өзі бір соқты. Ол сені ғана емес, бізді де түйреп өтті» дегендерін естідім. Соңынан білдім, бұл кісілердің біразының балалары ана тілінде кітап оқи алмайды екен» [3].

Ш.Смаханұлының әдеби мұрасы - М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Т.Қожақеев, Т.Кәкішев, Ғ.Қабышев, Р.Нұрғали, Ж.Дәдебаев, Н.Омашұлы, Ә.Асылбеков, М.Серғалиев, М.Тілеужанов, Ә.Тарақ, Х.Талғаров, М.Тоқашбаев, К.Әмірбек, Қ.Әбдешұлы,

Р.Тұрысбек, Р.Алтынбекова, Қ.Ілиясов, О.Иманәлиев, Б.Садыр, Е.Шайхы, К.Сәттібайұлы, Р.Өтегенов, Р.Ордабаева, Е.Жаппасұлы, Т.Әлімбек, Е.Домбаев, Ү.Уайдин, Ө.Әбдиманұлы, С.Құлбарак, Д.Ыс-қасұлы т.б. ізденіс зерттеулерінен кең орын алды.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу барысында Шона Смаханұлының өмір жолы мен шығармашылық мұрасы жан-жақты сөз етіліп, кешенді әдістер арқылы қарастырылды.

Тарихи-әдеби талдау: Ақынның шығармаларын тарихи кезеңдер тұрғысынан зерттеп, қоғамның белгілі бір кезеңдеріндегі өзекті мәселелерді қалай бейнелегеніне назар аударылды.

Мазмұндық-формалық талдау: Ш.Смаханұлының сатиралық өлең-дері мен прозаларының тақырыптық және жанрлық ерекшеліктері айқындалып, кең түрде, байыпты зерттелді.

Салыстырмалы талдау: Ақын шығармашылығы басқа да сатира саласы өкілдерінің еңбектерімен салыстырылып, оның мәні ашылып, өзіндік ерекшеліктері айқындалды.

Құжаттық зерттеу: Ш.Смаханұлы туралы замандастарының естеліктері, мақалалары және деректер пайдаланылды. Бұл зерттеу оның шығармашылық жолын кеңінен тануға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері. Тәуелсіздік талаптарынан: ұлттық тарихқа, мәдени мұраға, тіл, дінге т.т қайта бет бұрылғанын, осы бағытта, әр алуан игілікті істер ізгілікті ізденістер бастау алғанын сәт сайын сезініп келеміз. Егемен елдің көк байрағының биіктерден желбіре-геніне шын жүректен қуанып, сол арқылы күні кеше ғана Ж.Молдағалиев пен Ш.Смаханұлы сынды асыл да ардақты, аға ұрпақ өкілдерінің ел-жерге, мәдени-рухани құндылықтарға, қазақ мектебі мен балалар бақшасының мемлекеттік тілде қызмет ету керектігі жолында жанын жалау етіп, жүрекке салмақ салған тұстағы ерен еңбектерін де қайыра еске алып отырсақ, бұдан тек ұтарымыз хақ.

Ақын - сатирик Ш.Смаханұлының азаматтық- қайраткерлік қырлары:

-ұлттық мұратқа адалдықтан;
-ана тілінің тазалығын ту етіп көтеруден;

-қазақ мектебінің санын арттырып, сапасына көп көңіл бөлуден;

-балалар бақшасының жұмысын дұрыс жолға қойып, елдік ұстаным, ұлттық тарих, қазақы дәстүр-салтқа, тәлім-тәрбие ісіне басым бағыт беруден т.т. терең танылады.

Ш.Смаханұлының ұлттық мұрат бойын билеп, жас ұрпақтың келелі келешегі жанын қинап, оның үстіне ана тілінсіз, мектепсіз халық қалай кең өріс алмақ? деген мың сан сауалдарға жауап алу мақсатымен Республика басшысы Д.Қонаевқа барады:

«Алматыға көшіп келген Шөкене пәтердің жоқтығы да, қызметтің жуық манда табылмауы да, жинағының жарық көрмей баспа тартпасында сарғайып жатып қалуы да онша батпап еді. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» деп тарта берген. Салт-санадан, ата дәстүрден жүрдай ел бола ма?» -деп қамыққанда жөпелдемеде не істерін білмей, шарасыз кейіпке еніп, көлінен айырылған қызғыш құстай тұншыға қышқырған. Қолына бір парақ ақ қағаз алып, басына «КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі», «Қазақстан КПСС Орталық Комитетінің бірінші секретары», «Социалистік Еңбек Ері» атағын екі рет алған Д.А.Қонаев жолдасқа деп жазып, сәл-пәл танысып, мауқын басып отырған. Димекеңнің алдына барғаннан басқа жол жоқ,- деп түйіп, іле қайта ширыққан...

Ш.Смаханұлы өз өтініші құлағына жетсе Үлкен Кісінің өзін бірден қабылдайтынына аса сенімді еді. Ақыры солай болды да.

Ел басшысы ел ақынын сол жолы сөзін бөлмей ұйып, ұзақ тыңдаған. Шоқ тілді Шөкеңнің ұлы көкірегі шерге толып қалғандай екен – бәрін түгел, түбіне дейін қопара ақтарған. Бәзбіреулердей сөзді алыстан орғытпай, төтесінен бір-ақ тартқан. Егеулі найза – сатиралық өткір өлеңі коммунистік отар қоғамды сілкілеп-сұққыласа, Алатау – Азамат алдында өзін салмақты ұстап,

ажарлы пейіл таныта отырып, ашығын айтып, ашына сөйлеген.

- Ана бір жылы билік басында отырған бір сыпаның: - «Болашаққа сырнай тартып барамыз. Домбыра-ескіліктің көзі, отқа жағу қажет» деп сасқаны?- деп ашулы бастаған ол Үлкен Кісінің өзіне жылы жүз танытып отырғанын андап, үй артында кісі бар деп тартынбай, ағынан жарылған.

Бірі – ел басшысы, бірі – ел ақыны, ағайынды қоңыр қаздай – екі кісінің әңгімесі келе-келе сырлы сұхбатқа, келелі кеңеске ұласып кете барған еді. Шөкең ұрымтал тұсты қапы жібергісі келмеді. Көңілге жұптап келген шаруасын қадап айтып жіберген.

- Қазақ балабақшасын ашу керек, - деп өлендетіп кеп:- Бұған өзіңіз араласпай тоталитарлық жүйенің тоңы жібіп, мүмкіндік бермейді,- деп сөз соңын салмақ сала бітіргенде:

- Құдай-ау! - деген Димекең қабақ шытып: - Бұл мәсеелемен бір адам кабинетіме бас сұғып кірсе, кәне. Бәрі қызмет сұрап жетеді, бала-шағасына пәтер сұрап жетеді, атақ-дәреже сұрап жетеді. Бірақ туған халқымның үмітін ақтайын деп ел аманатын арқалап алдыма келген тірі пенде болған емес осы уақытқа шейін. Сонда қалай? Ел мүддесінен гөрі өз мүддесін жоғары қоя бастағаны ма бұл зиялы қауымның?-деп ақын інісінің жүзіне сұраулы кейіппен үңіліп сәл отырды да, іле өзі де шамырқанып, шұғыл шешім жасаған.

- Талап-тілегің өте орынды, Шөке. Өтініш хатыңды тиісті құзырлы мекемеге қол қойып, пәрмен беріп жөнелтем. Оған алаңдама. Хабарласып тұр!-деп Шөкеңді есік алдына дейін қолтықтап барып, жылы қоштасып, шығарып салған еді.

Шөкеңнің томырық мінезі қоғамның тас тоғанын, тас қорғанын алғаш осылай бұзған. Бірақ, жеңістің ауылы әлі алыс еді [4]...

Ш.Смаханұлы қазақ мектебін, балалар бақшасын, ана тілін – ел мүддесінің жан жарасы, ұлттық мұраттың қайнар бастауы ретінде қарап, бұл бағытта алуан ізденіс, игілікті істер атқарды. Алуан мазмұнда хаттар

жазылды, ата-аналардың қолы қойылған сұраныс-өтініштері мен насихат-түсіндірме жұмыстары кең көлемде атқарылды. Оның бәрінен: ұлтым, ұрпағым, тілім деген жанайқайы, жүрек үні естіліп тұрды. Елдік бағыт, ұстаным айқын еді [5], [6], [7], [8].

Ш.Смаханұлы шығармашылығы, оның ішінде сатиралық поэзиясы-тақырыбы мен жанр жүйесі жағынан әр алуан болып келеді. Атамекеннің қадір-қасиеті, адам әлемі мен мұраты, ата-ананың орыны, балалық шақ, жастық кезең, еңбек болмысы, өмір-тұрмыс сырлары сынды тақырыптардағы өлең өрімдерінен – жан жылуы, көңілдің нұры бар шындық шуағымен, көркемдік-эстетикалық қуатымен кең көлемде көрініс береді. Қоғам-кезең көріністерін, өмір-уақыт сырларын бар шындық сипаттарымен тартымды өрістетіп, сенімді суреттейді; адам мен оның еңбегі, мінезі мен көзқарасы, әрекеттері арқылы әр қырынан ашылып, артық-кем тұстары айқын, бедерлі беріледі; Аң-құс, жан-жануарлар әлемі, олардың өзіндік белгі-ерекшеліктері, ортақ сипаттары салыстырылып, қысқа-нұсқа үлгіде жеткізіледі; халықаралық тақырыптарға арналған сықақ-памфлеттер табиғатынан адамзатқа қайғы-қасірет әкелетін алуан зұлмат, зорлық-зобалаң, лаңкестіктер, жер бетіндегі тіршілік дүниесін қырып-жоятын бомбалар, теріс ниет-пиғылдан туған түрлі текетірес, террорлық қимыл-қозғалыстар сипаты нақты сөз етіледі; ең негізгісі, сатираның сын садағы - әзіл-күлкі, сын-сықақ, мысқыл, мысал, шымшыма, шаншыма негізінде адамдар арасында, өмір-тұрмыста орын алған кемшілік-кедергілерді қоғадай жапырып, қырғидай тиіп, тамыршыдай тап басып, ақиқат алдында, шындық жүзінде тізе бүктіреді.

Ақын-сатирик шығармашылығындағы сықақ өлеңдер қоғам, кезең көріністерін, өмір-уақыт талаптарын, адам әлемі мен еңбегін, жақсы мен жаман арақатынасын, жастық пен жастар сырын, әке мен шеше, бала мен немере ерекшеліктерін, мейірім мен қатігездік сипатын, даңқ пен дақыртты, қылмыс пен жазаны, жылпос пен өтірікші орнын, жалақор мен паракорды, арызқой мен

маскүнемді, қысқасы қалың көпшілікке таныс және бейтаныс жайттардың бәрі-баршасын әзіл-әжуамен, сын-сықақпен шынайы мінеп, өткір тұстарын нақты дәлдік-дәлелдермен бекітіп, әлсіз қырын, салмақсыз жайттарын жанды жерінен түйрейді (мысалы, «Мақтампаздар», «Кұбылма жеңгей», «Жомарт келіндер», «Қомағай сөздер», «Хрусталь-мрусталь», «Ұзын құлақ», «Сүйір тіл», «Мейірімсіз ұл, кесірлі келін», «Көкіме», «Жеті қырсық», «Қойыртпақ», «Бір арыздың саяхаты», «Жоспар мен тостар», «Киім хикаясы», «Қос қораз», «Мансаппен қоштасу», «Резіңке мақала», «Диктор туралы диспут», «Екі тентек», «Миллионның күйі» т.т.) .

Ақынның «Достарыма» деген арнау өлеңіндегі:

Тілімді тпүйреуіштей сүйір етіп,

Қойды мені сықаққа үйір етіп.

Жақсыға өзім деген залалым жоқ,

Кетемін жамандарды қиып өтіп.

...Сықақ-от қой кеселді өртейтұғын,

Пәле менен жаладан қорысын деп,

деген жолдардан таза көңіл, жан шуағымен қатар сатира жанрының өзіндік мұрат-міндеттері, жақсы-жаманның арақатынасын ашудағы – ақиқатты ту етіп, шындық шырағын жағып, қалың көптің сөзін сөйлейтіндігі айқын аңғарылады. Жан жолдас, қимас дос туралы таза көңілден шыққан лебіз-тілекпен қатар, қиын-қыстау кезеңде жолда қалдырып, жеке бас мүддесін алға қоятындар да мін-сынға алынады. Сатирик С.Кенжеахметов - «Автордың өзіне тартқан» атты мақаласында ақын шығармашы-лығының маңызды бөлігін, өткір тұстары мен кейбір қырларын тап басып айқындайды: «Шөке» әйдік сатирик, олай дейтінім Шона десе шошып кетпеген, Смаханұлы дегенде сықылықтап күлмеген адам көрсем, көзім шықсын. Мен түгілі сынның сүрмергені М.Қаратаев та, сатираның сарапшысы доктор Т.Қожакеев тап осылай деген. Мен осы кісілердің сөзіне сүйеніп отырмын. Ол кісілердің отыз тісінен шыққан сөз отыз ойдағы елге, қырық қырдағы елге тарап кеткен жоқ па. Демек, бұл туралы дау дамайыңыз далада қалады.

Иә, шоң иық Шөкең дөкей сатирик. Қазір ол кісі Аскең Тоқмағанбетов, Жүсекең Алтайбаевтармен бірге сатираның бас табағына кіріп жүр. Әрине сақалымен емес, сөзінің мақалымен. Ал алдымызда алпамсадай болып жатқан «Қоңыраулы шеңгел» шыққалы Шөкеңнің мұртына тіпті балта батпай қойды. Өйткені, осы кітаптың «ішін жарып жібергенде, шаруа тілімен айтсақ, сере қазы береді. Ал әзіл күлкі, сын-сықақ, мысқыл шымшыма, мысал дегендердің ішек-қарны ақтарылып түскендігі сондай айналдыруға келмей қалды» [9].

Шындығында, Ш.Смаханұлы ақиқатты ту етіп, осы жолда қарсы тұрған, қиянат жасаған қайсібір кедергі, құбылыс-көріністерді әзіл-күлкімен күйдірген, мысқыл-мысалмен мұқатқан, сын-сықақпен сұлатқаны анық. Ақынның бұл бағыттағы көзқарасы:

*Екі жақсы бас қосса, жайтаңдасар,
Екі тентек бас қосса, сойқан жасар.
Бас қосса әзіл-күлкі, сын мен сықақ,
Қасыңнан сасқалақтап сайтан қашар,-*
деген жолдар арқылы жүйелі өріс алып, жарасымды жалғасын табады. Ақиқат жайттар, дәлдік пен нақтылық мол.

Ш.Смаханұлының шымшыма мұрасы әр алуан тақырыптарды қамтиды. Алайда, көлем жағынан шағын, мазмұн-маңызы зор болып келетін бұл бағыттағы туындылардың көтерген мәселесі өткір де өзекті, көркемдік қуаты мен рухани нәрі аса бай болып табылады. Мысалы, «Құлынды биенің құны» атты туындыда:

*Біреулер бар, араққа
Боталы түйенің пұлын жұмсайды.
Біреулер бар шарапқа
Құлынды биенің құнын жұмсайды.
Сол шіркіндер кітапқа
Тебен иненің тиынын қимайды, -десе,
«Көз жасы мен «Жигули»:
Ғажаптар бар-ау нешеме,
Абитуриенттердің
Жаңбырша жауған көз жасы
Емтиханда кешегі,
«Жигулилерге» айналып,
Зулап барады көшеде, - деп өмір
шындығы мен тұрмыс түйткілдерін тап
басып, даңқ пен дақпырттың*

арақатынасын, адами құндылықтардың аяқ асты етілуін мін етіп, сын тезіне алады. Осы тақырып:

*Өзі отырар кітаптың
Бетін ашып,
Көңілі кетер
Перімен құшақтасып («Емтихан
алдында»).*

Немесе:

*Болар бала – Ғылым іздейді.
Тозар бала – Шылым іздейді,-*деп («Екі түрлі бала») өмір-тұрмыстағы шындықтардың сыр-сипатын тереңнен толғап, сол арқылы бала-болашақ ерекшелігін, тәлім-тәрбие тағылымдарын білім-ғылым табиғаты, маңызы негізінде көрсетеді. Бірер жолдан тұратын шымыр шумақтардан рухани құндылықтар бастауы – білім-ғылым маңызы, кітап-құдіреттің мәні мен сыры,сонымен бірге оның қадірі қашып, құны түскен сәттері де жүйелі, жинақы жеткізіледі. Кеше мен бүгін байланысы, қазіргі өмір-тұрмыс суреттері айқын.

Ақын-сатирик қыз-келіншек-тердің адами әрекеттеріндегі жат, өрескел мінез, теріс қылықтарын да мін-сын ретінде көрсетеді:

*Жабысты ма қыздарға,
Көйлек деген күйік боп,
Етек шіркін, әйтеуір,
Бара жатыр биіктеп...
Кетер ме екен киік боп ?!
(«Көйлек күйігі»)
«Әйелдің шашы ұзын...»
Деген салт ескіріп,
Шашын жүр кестіріп.
Кейбірі тақырлап алдырмақ,
Бұрымды еркекке қалдырмақ.
(«Бұрым кімге тиіс?»)
Күйеуге шықса,
Зіркілдеген ұрыс шығарады.
Күйеуден шықса,
Бүлкілдеген жүріс шығарады.
(«Жорға жеңгей»)*

Бұл келтірілген өлең жолдары мазмұн, тақырып тұрғысынан таныс жайттар болғанымен, ер-әйел сипаты, қыз-келіншектердің сұлулық сыры мен шыңын әр алуан әрекет-қылықтар арқылы «бағындыру бағыты» айқын аңғарылады. Ақын-сатирик халық

даналығындағы: «Әйелдің шашы ұзын» деген белгілі қағиданы негізгі назарда ұстап, желіккен жеңгейлердің, қыз-келіншектердің кейбір жүріс-тұрыс, қылық-мінездерін өмір-тұрмыста бел алған өрескел жайттармен бірлік-сабақтастықта мәнді, нақты сөз етеді. Жақсы-жаман әрекетті сынап-мінеу арқылы дұрыс жолға түсуді, нақты қорытынды жасаудың маңызы мен қажеттілігін баса көрсетеді.

Ақын-сатирик аң-құс, жан-жануарлардың іс-әрекеттерін, өзіндік ерекшеліктерін мейлінше дәл, нақты көрсетіп, қайсібір тұстарда адам әлемімен байланыстырып, сол арқылы қоғамдағы кереғар, келеңсіз жайлардың мәнін, қырлы-сырлы сипаттарын терең ашады:

*Сауысқан деген сақ құс бар, -
Сақтығы үшін мақталмайды.
Дегелек деген ақ құс бар,
Аңқаулығы үшін датталмайды*
(«Сауысқан деген»)

*Үлкен дүкен төбесінде
"Тұлпар" деген жазу бар, —
Түнде от боп лаулаған.
Ал суреті қасындағы
Есектен еш аумаған*
(«Тұлпар мен есек»)

*Айқайына басқанда
Айбары бар.
Ақылының орнында
Айдары бар*
(«Керемет қораз»)

*Мүйізі үшін
Құрбан етіп сақалды.
Ғұмыр бойы
Көсе теке атанды.*
(«Көсе теке»)

Біздіңше, ақын-сатирик аң-құстар ерекшеліктерін жіті бақылап, жетік білу арқылы әрбірінің (кірпі, сауысқан, қораз, теке) іс-әрекет, қимылдарын жеңіл ұйқас, шымыр шумақтарға сыйдырып, негізгі көзқарас-түйінді ақиқат айнасына түсіріп, шындық жүзімен қарап, көркемдік нәр мен шын шеберлік арқылы жүйелі дамытып, қысқа-нұсқа үлгіде жеткізеді.

Ш.Смаханұлының сын-сықақтары қоғамда, өмірде орын алған келеңсіз көріністерді, адамдар қатынасын, іс-әрекеттерін арқау етеді. Сол арқылы

кеше-бүгін байланысын, елдік салт-дәстүр өнегелерін алға тартады («Бұрынғының жігіттері», «Құбылма жеңгей», «Жомарт келіндер», «Қомағай сөздер», «Тоғыз тілек», «Жеті қырсық», «Қойыртпақ», «Бір арыздың саяхаты», «Дәріс», «Жоспар мен тостар», «Киім хикаясы», «Қос қораз», т.т.). Айталық, «Бұрынғының жігіттері» сын-сықағында кеше-бүгін байланысы бар, ер-азаматтардың басындағы әр алуан жайттар өз ара салыстырылып, артық-кем тұстары таразыға тартылады. Ата-ана қадірі, туған тіл сипаты, отбасылық қарым-қатынас, сыйластық иірімдері т.т бүгінгі күн талаптары тұрғысынан сөз етіледі. Ақын кеше-бүгін байланысын тамыршыдай тап басып, тарих толқынына еркін енеді. Жігіттердің жасындай жайнап, жастық жалын танытып, ел-жерге, қоғамға абыройлы қызмет етуін серпінді суреттейді. Ал, «Құбылма жеңгей», «Жомарт келіндер» сынды сықақтарында аузында ашуы, тілдерінде улы зәр, тікендері бар кейбір әйелдердің өмірдегі, отбасындағы іс-әрекеттері, мінез-қырлары кеңінен көрсетіліп, керісінше аналық мейірімдері аз, тәлім-тәрбиеден артта қалған, ұл-қыздарын қай бағытта бағып-өсіретінін танып-білмеген «ерекше белгілері» сөз болады. Ашулы әйелдің бейне-болмысы, екпіні мен тепкісінен кейінгі сәттері төмендегіше сипат алады:

*Кол қышуы қанған соң,
Ашуын басқан болып,
Құшағын ашқан болып: -
Алтыным, күмісім,
Жүрегім, тынысым.
Еркетайым, ермегім,
Егіліп жүріп көргенім,
Мен бе-мен
Миы жоқ, кеммін
Жындымен теңмін.
Әп-сәтте елілдей қалды,
Көлгірсін, көлкілдей қалды.*

Ашуымен айды, екпінімен тауды қопарардай «алып күштің» иесі, кесірлі келін кілті мынада екен:

*Сөйтсек,
Бұл жеңгейдің мінезі
Құйын қуған шаң екен.
Бала тәрбиесін білмейтін,
Құбылмалы жан екен.*

Ақынның «Қомағай сөздер», «Ұзын құлақ, сүйір тіл», «Мейірімсіз ұл, кесірлі келін», «Жетінші қырсық», «Солақай тәрбие» сынды сықақтарда ана тілінің айбары мен сөз сыры, өтірікші мен өсекші сипаты, тәлім-тәрбиенің кереғар көріністері т.т. кең орын алған. Ақын ой түйінін «Солақай тәрбиеде»:

*...Тал өсіріп нетеміз,
Бәрібір көшіп кетеміз, -
десе, «Бір арыздың саяхатында»
...Арыздың «қызығын»*

Тышқан көрді, -деп, - деп кешеден бүгінге жалғасқан - дәстүрдің тозығы, ескілік дерті, жең ұшынан жалғасқан жемқорлық, тамыр-таныс, сыбайластық сиқы кең көлемде көрініс табады.

Ақын-сатирик осы аталған тақырыптарды тереңнен толғап, қоғам, адам үшін жасалып жатқан игілікті істердің баянды, жарасымды болғанын қалайды. Ортақ мұрат жолындағы игілік пен ізгілікті істердің - Адам мен оның еңбегінен жарқырай көрінуін жанымен, жүрегімен қалайды.

Автор жастардың қоғамның емес, жеке мүддесін алғы кезекке қою секілді біржақты, сиықсыз һәм сыңаржақ қасиеттерін сынға алады. Ол, әсіресе, «Қомағай сөздер» мысал-сықағында айқын аңғарылады:

*Ұрғылап ұта берсем,
Жұмырлап жұта берсем...
Күптеп алсам,
Топтап алсам,
Кеміре берсем,
Жеміре берсем,
Сіміре берсем,
Семіре берем,
Бәрін өзіме,
Нәрін өзіме,
«Әкел, әкел!» - деп,
Еміне берсем, - дейді.*

Ал, «Жеті қырсық» атты өлеңінде сауда сиқы, сатушы ойы көрініс береді. Алып-сату, арақ пен кітап орны да мін-сын ретінде көрінеді:

*Ә дегенде
Сау секілді мүшеміз.
Апыр-топыр
Коймаларға түсеміз...
Коймалардан,
Дукендерден өтеміз...*

*Сатушымыз
Көргеннен соң сыйын көп,
Арақ-шарапты өткізеді.
Литрлеп те,
Бөтелкелеп, сүйірлеп.
Ал біздерді
Бермейді, -деп
"выручка"
Тастай салар бұрышқа.
Бұрыштарда өріп жүрген,
Өрмекші мен құмырсқа.
Қуанады баттық - ау деп,
Кітап деген ырысқа...*

Бұл күндегі сатушы беделі мен сауда-саттық мәнін, кітап-қазына ғұмырын қатар беру арқылы автор шындық пен жалғандықты әрекет-қимылға, қақтығысқа құрады.

Автордың енді бір көсіле жазып, көркемдік ой айтар қырларын - «Жанарсыз жанның сөзі», «Көмусіз қалған қара дәу», «Асқан сұмның аярлығы» деген халықаралық тақырыпқа жазған шығармаларынан айқын аңғарамыз. Айталық, «Жанарсыз жанның сөзі» атты туындының мазмұны әркімді-ақ аландатады. Жанарсыз жанның ішкі жан-дүниесін, сезімін суреттеуде автор сезімталдықпен қатар соғыс желігін қоздырушы «көзсіз ерлік жасаушыларды» сынға алады. Бейбіт өмір мәні, елдік-ерлік шежіресі айқындалады. Сондай-ақ, «Мансап-пен қоштасу», «Миллионның күюі», «Жұдырықтың жуасуы», «Келінге кеңес», «Жан-жануар «шағымы» сынды сықақтар биік мансапқа - айла-амалмен жеткен, кассадағы миллионның айналымға түспей күюі, жеңге мен келіннің өз ара кеңесі т.т. өмір-тұрмыстағы нақтылы көрініс, жағдаяттар сәйкес суреттеледі. Келесі кезекте, мысал жанры арқылы жан-жануарлар әлемін, олардың өзіндік әрекет-қимылдарын барынша айқын, нақты көрсетеді («Жапалақтың үйленуі», «Қораз-экзаменатор», «Көбелек пен ебелек», «Піл мен қанден», «Ұшқалақ бұлбұл», «Күйелеш торғайлар», «Ешкіемер», «Мысық тірлік», «Мырза болыс», «Қарлығаш пен көкек», «Қасық пен пышақ» т.т.).

Ақын «Жапалақтың үйленуі» мысалында жапалақ жігіттің байғұз қызбен кездесіп, «достық қолын» созуы, соңынан «татулықтары желге ұшып», араздасып-ажырасуы, үкінің қызына көз салуы сөз болады. Тұрақсыздық сыры, ұшқалақ мінез қырлары әр алуан әрекеттер арқылы беріліп, оның себеп-сырлары қызығушылық, табансыздық екені сәт сайын сезіледі. Кеше-бүгін байланысын аңғартатын туынды – достықтың берік, сезімнің шынайлығын арқау етеді. «Қораз-экзаменатор» мысалында үйрек, қарлығаш, бұлбұл емтиханға келеді. Қораз олардың ерекшелік қырларын айқындаған соң, өнерлерін ортаға салуды сұрайды. Бәрін де ретіне қарай кідіртіп, күлкі етіп, мүдіртеді. Кедергі келтіріп, қиянат жасайды. Тек қана жем бергенді жанына жақын тұтты. Автор «қораздың қылықтары» арқылы қоғамда орын алған әр алуан әрекеттерді емтихан үстінде көрсетіп, ішкі есеп, көзқарастарын да өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес сенімді суреттейді.

Сондай-ақ, «Есекке берілген мінездеме», «Жюриде-өгіз», «Кәмелетке жеткен түлкі», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Тышқандар» т.т. мысалдардан олардың өзіндік өзгешеліктері, өмірдегі, тұрмыстағы орын-үлестері, әрекеттері кеңінен көрінеді. Ақын-сатирик есек, өгіз, түлкі, тышқан т.т. өзіндік ерекшеліктерін әр қырынан көрсетіп, олардың әрекеттерінен жараты-лысын, мінез қырларын, ой жүйесін айқара ашады. Әрекет-қимылдарын, өмір сүру тәсілдерін де соған сай саралап, тарата көрсетіп, бедерлі суреттейді. Сол арқылы қоғамдық құбылыстарға назар аударып, өмір, еңбек мәніне маңыз береді. Қоғам, өмір, еңбек мұраттары айқындалып, мәнді ашылады.

Ш.Смаханұлы шығармашылығында халықаралық тақырыптарға арналған сықақ-памфлеттер («Нейтрон қоймасындағы құбыжықтар», «Француз хирургінің имандай сыры», «Аэрапорттағы әлек», «Сегіз жасар «Шпион» т.т.) кең орын алған. Бұл сықақтар да жұмыр жердің әр тұсында орын алған түрлі сипаттағы жанжалдар, лаңкестер әрекеті, соғыс зардаптары, олардың шығу себептері

ашылады. Адам ақыл-ойының айуандық әрекеттерге бағытталуы, әділетсіздіктердің жаппай етек алуы, жер бетіндегі тіршілік атаулыны жойып-жұтып жіберетін атом, нейтрон бомбаларын ойлап табудың түпкі мақсат, сыр-сипаттары кеңінен қозғалып, оған қарсы адами мұрат, мәдени-рухани құндылықтар мәні үлгі-өнеге етіледі.

«Айнабұлақ» атты ән-өлеңдер жинағына енген шығармалар автордың қатаң талап-сүзгісінен өткені танылады. Әрбір ән-өлең тақырып, жанр, көркемдік қағидаттары, мазмұн-құрылым тұрғысынан жүйелі түзіліс құрап, белгілі бір мақсат-мұраттарға негізделген. Ақынның ән-өлең мұрасы - халық өмірімен, ел-жер тағдырымен, танымал тұлғалардан тағдыр-талайымен тығыз байланыста беріледі. Олардың қатарына – «Жамбылым қандай тамаша», «Анамның тілі, аяулы үні» т.т. көпке танымал ән-өлеңдер туған жер, өскен орта, ата-ана, туған тіл, тарих тағылымдары туралы байтақ әлем мәнін ашады, мазмұны - терең сыр, мәнді ойлар қозғайды.

Ақынның «Ай арба», «Айға аттанамын апа», «Ешкімер», «Күйік құлақ», «Сүйікті ұстазым-мектебім», «Тасып жатыр – Таласым» сынды балаларға арналған өлеңдері тақырыбы тұрғысынан ізденісі мол, мазмұн жағынан қызық көрініс, оқиғаларға негізделген.

Ш.Смаханұлының ән-өлеңдері арасында кең тараған туындысы – «Анамның тілі-аяулы үні». Мектеп оқулықтарынан бастап, әндер жинағынан берік орын алған бұл ән-өлең - ұлт байлығы: тілі туралы байтақ әлемімен баурайды, терең мәнді ойға, сыршыл сырға толы:

*Өмірге келдім
Анамды көрдім,
Деді ол: жаным,
Арайлы таңым.
Самал боп желтіп,
Жырымен елтіп,
Үйретті тынбай
Бал тілін, әнін.*

Қайырмасы:

Анамның тілі — айбыным менің,

*Анамның тілі — ай-күнім менің!
Сүйемін байтақ елімді туған,
Сүйемін мәңгі - өмірді думан.
Мектепке келдім,
Ұстазды көрдім,
Тыңдадым сөзін
Табынып, сүйіп.
Анамның тілі,
Аяулы үні
Жүрекке нұрын
Жіберді құйып.*

Мектеп жасындағы балалардың жиі, сүйіспеншілікпен орындаған ән-өлеңдердің қатарына «Ортеке» жатады (әні -Ә.Еспаевтікі). Ән әлемінде өзіндік екпін, мәнді серпін, сырлы сипат бар:

*Аты шыққан биімен
Мен боламын – Ортеке.
Ойқастаған Ортеке,
Күй бастаған өр теке,
Койыңдаршы демеімін,
Мен бір билеп берейін.
Тұяқтарым сыртылдап,
Буындарым былқылдап,
Қыныр тоқты, көк тұсақ,
Сен де біле мен құсап.
Қарап тұрмай бекерге,
Серік болып текеге,
Құлдырашы құнан - тай,
Бұлтыңдатып бұлшығың,
Жылтылдатып қылшығың
Қуансынбір даламыз,
Дала – біздің анамыз.
Қарбыз мойын түйелер,
Шудаларың желкілдеп,
Өркештерің селкілдеп,
Тайрақтап та билеңдер,
Ойнақтап та билеңдер.
Сүт бұлағы сиыржан,
Сырт-сырт етіп буының,
Пыс-пыс етіп мұрның,
Сілікейің шұбырып,
Сен де биле құбылып!*

«Әжейдің бесік жыры» ән-өлеңі әзілі мен сын-сықағы бола тұра, елдік мәні, руханияттағы нәрі, тәлім-тәрбиелік тағылымы мол туынды:

*Мамам қайда дейсің-ау,
Папам қайда дейсің-ау,
Кетті десем гәлайттап,
Маған өкпелейсің-ау!*

Қайырмасы:

Әлді-әлді-әлә-лай

*Ұйықтай қойшы, балам-ай!
Мамаң кетті курортқа,
Папаң кетті курортқа,
Аман болсын, әйтеуір,
Жүрген кезде жырақта.*

Қайырмасы:

*Өз ұлым қандай дана бас,
Келінім қандай дода бас
Салыпты түскен суретін,
Жағажайда жалаңаш.*

Қайырмасы:

*Қырау толып шашына,
Жетсін менің жасыма.
Берсін осы күйімді.*

Өздерінің басына...

Демек, Ш.Смаханұлының сатиралық поэзиясы қоғам кезең көріністерінен бастап адам өмірі мен еңбегін, жан-жануарлар әлемін, халықаралық тақырыптарға арналған аса ауқымды әрі тым шетін мәселелердің бәрі-баршасын тамыршыдай тап басып, жіті бақылап, сергек саралайды. Осы орайда, әдебиет зерттеушісі Ж.Дәдебаев көзқарастарының маңызы зор: «Шона Смаханұлының әдеби мұрасының басты саласын сықақ, мысал жанрында жазылған шығармалар құрайды. Ақынның сықақ өлеңдері негізінен, белгілі бір ғана ой айналасына құрылады әрі етек-жеңі жинақы, көлемі жағынан шағын болып келеді. Олардың қай-қайсысында да адам бойындағы кемшілікке, қоғамдағы олқылыққа сын айтылады. Ақын айтқан сынның өзі бірде әжуа, бірде мазақ, бірде келеке түрінде келіп, әлденеше құбылып отырады да көркемдік-эстетикалық тұрғыда мейлінше әсерлі. Ақынның сыншыл ойы көбінесе өсек-өтірік, мақтаншақ, еріншек, жалақорлық пен пәлекорлық, қулық пен сұмдық секілді кісі бойындағы оңбаған қылық пен қулықты аяусыз әшкерелеп, адам болам деген азаматты олардан аулақ болуға, абай болуға шақырады», - деген ойлары мен толғаныстары аса мәнді болып табылады [10].

Шона Смаханұлының әдеби мұрасында — сатиралық прозасы өзінше бір әлем Ол, әсіресе «Сандықтан шыққан сайтан» [11], «Елпекбайдың телпегі» [12] сынды сатиралық әңгімелері мен

бірқакпай, шымшымалары мен фельетондары енген кітаптарынан терең танылады. Осындағы – «Әдейі ертіп келгенде», «Немере әзілі», «Мінез», «Моншада жоғалған әке», «Соқырішек», «Шылбыр», «Жетім бота», «Операция алдында», т.т. қоғамдағы, өмірдегі келеңсіз құбылыс-көріністер, адам бойындағы, мінезіндегі жат әрекет, кемшіліктер кеңінен көрсетіліп, кемел сөз етіледі. Айталық, «Әдейі ертіп келгенде» атты туынды отбасылық өмір, ерлі-зайыптылардың үлкен қалаға келгендегі өз ара сұхбат, әрекеттеріне құрылған. Автор дала мен қала, оның адамдарын, өзіндік іс-әрекеттерін салыстыра көрсетуге негізінде отбасылық өмір, мәдени-рухани талап-тілектер, көзқарастар қақтығысы т.т. кең көлемде сөз етеді. Әңгіме табиғатынан ауыл-қала көріністері, адам өмірі мен еңбегін қатар баяндау желісі айқын аңғарылады. Автор осы жайттар арқылы адам әлемін, ішкі-сыртқы көріністерді жүйелі, көркем көрсетеді. Ал, «Мінез» әңгімесінде адам мен оның еңбегі, іс-әрекеттері, өмірдегі орны, үлесі кеңінен көрінеді. Қаладан ауылға барған картақұмар әрекеті, ойын үстіндегі адамдардың өз ара қарым-қатынасы, ішімдік үстінде айтылатын былапыт, дөрекі сөздер т.т. негіз болады. Автор адамдар қарым-қатынасын карта ойыны үстінде бар қырынан айқара ашады. Әр алуан мінез, көзқарастар қақтығысын да өз ара байланыс, іс-әрекеттер арқылы нанымды бейнелейді. «Аты шулы арандатқыш» - жанрлық тұрғыдан мысал үлгісінде өріс алады. Арақ пен темекінің өз ара айтысы, адам өміріне кері әсері, моральдық тұрғыдан азғындаудың алғы шарты ретінде сөз етіледі. Автор арақ пен темекінің адам ағзасына зиянын олардың өз ара айтысына құрып, сол арқылы қоғам, өмір, уақыт шындығын ашады. «Сақалын жұлған» - адалдық пен әділетсіздіктің, парасаттылық пен парықсыздықтың, ең негізгісі адам санасындағы кертартпалық, кереғарлық, тоғышарлық сынды жағымсыз жайлар баяндалады. Әңгімедегі Дәуірбай ақсақалдың баласын оқу орнына алып келуі, ондағы жең ұшынан жалғасқан - Томар, Жежен, Масан, сондай-ақ

Нартаев, Жолшиева, Сұрқылтаев сынды кейіпкерлер арасындағы параға байланысты диалогтар қоғамда, өмірде орын алған жайттарды бүкпесіз-боямасыз алға тартады. Автор пара беру мен алу ісіндегі - сыбайластық, жемқорлық жайлы тамыры тереңге тартқан «әңгімені» өмір оқиғаларына құру арқылы қоғам шындығын, адам әрекеттерін ашады. «Лифтіден шыққан ащы дауыс», «Көлеңкелі көріністер мен көңілді көріністер», «Қойынжардың қолтаңбасы», «Қан қысымы қайдан шықты?», «Конферансье», «Судырбек» сынды туындылары өмір-тұрмыстан туған, кезең-уақыт шындықтары терең танылатын, кейіпкерлер жүйесінен әр алуан іс-әрекет, мінез қырлары кеңінен көрінеді.

Ш.Смаханұлының шығарма-шылық мұрасында – «Үміт жұлдызы»(повесть) [13], «Жас кәззап» (әңгіме) [14], «Сүрінсең де, жығылма» (хикаят) [15] т.т. туындылары тарих толқынын, елдік мүдде мәнін, ұлттық құндылықтар жайын, өмір оқиғаларын, аға ұрпақ өкілдерінің келелі келешекке қатысты ерен еңбектерін, іс-әрекеттерін кең көлемде көрсетеді.

«Үміт жұлдызы» повесінде өткен дәуірлерде өмір сүрген ата-бабаларымыздың тағдыр-талайы, азаттық, тәуелсіздік жолындағы биік мұраттары, ерен ерліктері суреттеледі. Ел-жерге адалдық, адамдық, азаматтық парыз-қарыздан туған кәделі, сауапты әрекеттер - Бөлтірік шешен, Сұраншы батыр, Сүйінбай ақын, сондай-ақ повестегі танымал тұлғалар - Жанай, Ұлжан, Ұлдар т.т. төңірегіндегі оқиғалар өмірден өрбіп, өнегелі-ғибратты ұлт мұратын, тәуелсіздік талаптарын кең көлемде көрсетеді. Повестегі басты тұлға - Жанай төңірегіндегі оқиғалар мен ел-жер тағдырына қатысты табанды әрекеттерден азаттық, тендік жолындағы елдік пен ерлік үлгілері, ұлт мұратына байланысты көзқарас, қимылдар кеңінен көрінеді. Қазынабай ауылының тыныс-тірліктері, Әспет бай мен Қадыр болыс әрекеттері өмірден өрбіген оқиғалар шындығын, уақыт тынысын терең танытады. Тарих толқыны, халық мәні,

адам әдемі, еңбек болмысы, өмір мәні айқын.

Көркем проза үлгісіндегі туынды («Сүрінсең де жығылма») Қазақстандағы 1931-1932 жылғы күллі Алаш баласы аза тұтқан - алапат аштықтан бастап Ұлы Отан соғысының соңғы кезеңіне дейінгі мерзімді қамтиды. Шақар есімді сегіз жасар баланың жетімдік қамытын мойнына ерте ілуінен бастап нағашысының (Дағай - көзі ашық, жаңа заман өкілі) тәрбиесінде болуы, сауатын ашып, еңбекке араласуы, майданда болуы т.т. келісті өріс алып, тарих толқынын, елдік-ерлік мәнін, адам мұраттарын көркем шыншылдықпен, терең сипаттармен сөз етіледі.

Туындыда кезең көріністерімен бірге ел өмірі Дағай сынды халық қамын ойлаған азаматтар келбеті, Шоқалақ секілді екі жүзді, тоғышар тұлғалар бейнесі де уақыт шындығына сай суреттелінеді. Соғыс суреттері, ерлік пен елдік шежірелері де кезең көріністеріне, ел оқиғаларына лайық нанымды баяндалады. Сондай-ақ, қиын кезең, ауыр тұрмыстағы Шақардың балалық шақ әсерлері, ұстаздар мен тұтастардың тағылымы кім-кімнің болса да көңілін тербейді. Алдымен, алапат аштық кезеңінің көріністері нақтылы өмір шежірелерінен сыр толғайды; екіншіден, Дағай сынды көзі ашық, өмір тәжірибесі мол жаңа адам бейнесінен болашақ ұрпаққа қамқорлық, ел алдындағы борыш міндетін терең сезінуі айқын көрінеді; үшіншіден, Ұлы Отан соғысының сұрапыл да отты кезеңдері ерлік пен елдік сипаттарға сай суреттелінеді.

Ш.Смаханұлы шығармашылығында - «Елпекбайдың нақыл сөздері» кең орын алады. Біздіңше, сөздер - тақырыбы кең, мазмұны мол, әрі қысқа, нұсқалы болып келеді.

Өз тілінен айырылған,

Өрісінен де айырылады.

Бастығынан қорыққаннан - қорық.

Өзі аңқау байғұсты неге алдайсың.

Абайды оқымай ұлы ақын

болғысы келеді,

Ана тілін білмей роман

жазғысы келеді.

Екі сатирик сырласса,

бір лириктің соры.

Ауыз мылжыңы құлағыңды жейді,

жазба мылжыңы жаныңды жейді.

Кудың құйрығын ұстай алмайсың,

Кесіртке секілді үзін тастап кете береді...

Ш.Смаханұлының да көптеген шығармашылық иелері секілді — «Қойын дәптері» болған. Оны ақынның жары - Аманкүлден алғанын жас ғалым Р. Ордабаева «Сатира сардары» кітабында атап өтеді [16]. Журналист-жазушы К. Сәттібайұлы «Шонаның қойын-дәптері» атты мақаласында белгілі ақын-сатириктің қайраткерлік һәм шығармашылық еңбегінен бөлек, көңіл толқынын тербеген, жан-жүрек сырын айқара ашқан – қойындәптері, күнделіктері хақында ой бөліседі, елім-жерім,-деген жазбаларына мән беріп, бағыт-жүйесіне назар аударады [17].

Жалпы алғанда, ақын-сатирик Шона Смаханұлы азамат-қайраткер ретінде, алдымен- ұлттық мұрат пен ұрпақ қамын бар асылдан да биік қойып, осы мақсат-міндетті орындау жолында саналы өмірін, ақыл-парасатын, білім-білігін батыл бағыттап, арнады. Ақынның сын-сықақтары қоғам, кезең көріністерінен бастап, өмір-тұрмыста кең етек алған кереғар жайттарды, адам мен оның еңбегіне қатысты ұнамсыз тұстарды, аң-құс, жан-жануарлар әлеміндегі пайдалы, зиянды белгі-ерекшеліктерін мінеп, содан арылу жолдарын нанымды, тартымды көрсетеді. Ақын-сатирик мұрасы өзіне дейінгі тақырыптарды әр қырынан байытып, жанрлық-көркемдік тұрғыдан, ой-сөз жүйесімен, сыр-сезім шынайы-лығымен, рухани-эстетикалық қырларымен кең көлемде байытып, жетілдіре түсті. Ақын мұрасы өмір-тұрмыста жиі кездесетін кереғар көріністерді сынап-мінеу арқылы содан арылу жолдарын, атамұраны, тәлім-тәрбие тағылымдарын, дәстүр-өнеге үлгілерін кең көлемде көрсетеді. Жекелеген еңбектерден («Тотияйын», «Шимайбек пен Шыңқетпес», «Ортеке»), әңгіме, фельетондарын («Елпекбайдың телпегі», «Сандықтан шыққан сайтан»), туындылардан («Қыз

сыры», «Үміт жұлдызы», «Сүрінсең де, жығылма»), ән-өлең мұрасынан («Айнабұлақ») т.т. іргелі ізденістер, жанрлық-көркемдік ерекшеліктер, мәдени-рухани һәм эстетикалық құндылықтар, ой-сөз жүйесі, тіл мүмкіндіктері, стильдік құбылыстар кеңінен көрініс береді. Негізінен, Ш. Смаханұлының әдеби мұрасынан: қоғам мен өмір, уақыт шындықтары, адам әлемінің мың сан қырлары әзіл-әжуа, мысал-мысқыл, сын-сықақ, шаншыма-шымшымалар арқылы кең көлемде көрініс беріп, әділеттілік тұрғысынан танып-бағалағанын, ақиқат алдында – ар ісі мен жауапкершілік жүгін жан-жақты сезініп, ұлт пен ұрпақ мәніне терең еніп, байыпты зерттеп-зерделегенін, шебер де шешен, шынайы суреттегенін айқын аңғарар едік.

Қорытынды. Ақын-сатирик Шона Смаханұлының шығарма-шылық мұрасы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Оның поэзиясы мен прозасы тек әдебиет емес, тәрбие және ұлттық құндылықтарды сақтауға үлкен үлес қосты. Ақынның сатиралық жанрадағы еңбектері адам бойындағы кемшіліктерді сынға алып, ізгілік пен адалдыққа шақырды. Ақынның ұлттық тіл мен білімді дамытудағы қайраткерлік рөлі, оның шығармашылық мұрасының тәрбиелік мәнімен қатар қоғамдық-әлеуметтік маңызын арттыра түсті. Шона Смаханұлының еңбектері – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ажырамас бөлшегі, ұлт пен ұрпақ үшін өшпес өнеге, сарқылмас рухани қазына.

Әдебиеттер тізімі

1. Советтік Қазақстан Жазушылары [Мәтін]. - Алматы: Жазушы, 1987. -576 б.
2. Смаханұлы, Ш. Күлкі көбейсін [Мәтін] / Ш.Смаханұлы. - Қазақстан пионері, 1984.- 11 қазан
3. Смаханұлы, Ш. Сықақшы сыры [Мәтін] / Ш.Смаханұлы. - Лениншіл жас, 1982 , 27 қараша
4. Ниязбек, Р. Ер Шона [Мәтін] / Р.Ниязбек. – Алматы ақшамы, 1999, 27 желтоқсан
5. Сәттібайұлы, К. Қайраткер, ақын Ш.Смаханұлы қазақ мектебінің қамқоры еді [Мәтін] / К. Сәттібайұлы. - Жас алаш, 1999,11 наурыз
6. Тоқошбаев, М. Азаматтың асқар даусы [Мәтін] / М. Тоқошбаев. - Дала дидары, 1991, 28 мамыр
7. Өтегенов, Р. Тілім дегенің-елім дегенің [Мәтін] / Р.Өтегенов. - Қазақ әдебиеті, 1992, 24 қаңтар
8. Төлепбергенұлы, Н. Қадіріңді кім білген, қайран Шона! [Мәтін] / Н. Төлепбергенұлы. - Заң газеті, 1998, 16 желтоқсан
9. Кенжеахметов, С. Автордың өзіне тартқан [Мәтін] / С.Кенжеахметов. - Торғай таңы, 1975, 28 наурыз
10. Дәдебаев, Ж. Атыңнан айналайын [Мәтін] / Ж.Дәдебаев. - Алматы. Нұрлы әлем, 2002. - 236 б.
11. Смаханұлы, Ш. Сандықтан шыққан сайтан [Мәтін] / Ш.Смаханұлы. - Алматы. Жалын, 1977
12. Смаханұлы, Ш. Елпекбайдың телпегі [Мәтін] / Ш.Смаханұлы. – Алматы. Жазушы, 1987
13. Смаханұлы, Ш. Үміт жұлдызы (повесть) [Мәтін] / Ш.Смаханұлы. – Алматы. Жалын, 1984. - 143 б.
14. Смаханұлы, Ш. Жас кәззап (әңгіме) [Мәтін] / Ш.Смаханұлы. – Ақ жол, 1994, 7 желтоқсан
15. Смаханұлы, Ш. Сүрінсең де, жығылма» (хикаят) [Мәтін] / Ш.Смаханұлы. - Алматы ақшамы, 1993, 12 сәуір
16. Ордабаева, Р. Сатира сардары [Мәтін] / Р.Ордабаева. – Алматы.2003. – 67 б.
17. Сәттібайұлы, К. Шонаның қойындәптері. – «Қазақ әдебиеті», 2024, 8 қараша (№ 44)

Р.С.Турсыбек – *Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана,Казахстан*

ТВОРЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ПОЭТА-САТИРИКА ШОНЫ СМАХАНУЛЫ

Аннотация. В статье широко рассматривается творческое наследие поэта-сатирика Шоны Смахановича. Особое внимание уделяется жизни и периоду, важным моментам общественной деятельности, взглядам на интересы страны, системе позиций, определяющих идеалы нации. Важно то, что тема значима, система жанров ясна, содержание раскрывается под разными углами – юмором, критикой, шпшымащепотками, систематические изложения актуальных аспектов общества, реалий времени, тысяч сложностей человеческого мира с острыми языками, извилистой мыслью, резкими строфами передаются на основе глубокого анализа, исследования-изучения. В частности, объектом изучения стали произведения, изданные в разные годы: «Кездик», «Жасырайык несине», «Жымияды женешес», «Елпекбайдын тентеги», «Откырдик жузы», «Тандамалы шығармалар» посвященные интересам страны, идеалам нации, негативным проявлениям в обществе, взаимодействию людей всякие сцены-картины, ни юмора, ни критики, ни критики, ни серьезных оценок, ни пронизательной системы исследования. В результате творческое наследие, тематический канал, жанрово-художественные особенности поэта-сатирика Ш. Смахановича, общественное явление, реалии времени, идеалы человеческого бытия и труда, точки зрения-позиции в отношении действий приобретают осмысленно-питательный, достоверный характер в контексте истины, в контексте истинных реалий. Авторская позиция, тематическая специфика, каналы художественного мировоззрения также рассматриваются с разных сторон и имеют системное поле.

Ключевые слова: автор, поэт, жанр, художественный, процесс, сатира, стиль.

R.S.Turysbek – *L.N.Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

THE CREATIVE LEGACY OF THE SATIRICAL POET SHONA SMAKHANULY

Abstract. The article extensively examines the creative legacy of the satirical poet Shona Smakhanovich. Special attention is paid to the life and period, important moments of public activity, views on the interests of the country, the system of positions defining the ideals of the nation. The important thing is that the topic is significant, the genre system is clear, the content is revealed from different angles – humor, criticism, shishima-pinches, systematic presentations of relevant aspects of society, the realities of time, a thousand complexities of the human world with sharp tongues, tortuous thought, sharp stanzas are transmitted on the basis of in-depth analysis, research-study. In particular, the object of study were works published in different years: «Kezdik», «Zhasyraiayak nesine», «Zhymiyady zheneshem», «Elpekpaydyn tentegi», «Otkirdin zhuzi», «Tandamalyshygharmalar» dedicated to the interests of the country, the ideals of the nation, negative manifestations in society, human interaction, all kinds of scenes-paintings no humor, no criticism, no criticism, no serious assessments, no insightful research system. As a result, the creative heritage, thematic channel, genre and artistic features of the satirical poet Sh. Smakhanovich, a social phenomenon, the realities of time, the ideals of human existence and work, points of view-positions in relation to actions acquire a meaningfully nutritious, reliable character in the context of truth, in the context of true realities. The author's position, thematic specificity, channels of artistic worldview are also considered from different sides and have a systemic field.

Keywords: author, poet, genre, artistic, process, satire, style.

List of references

1. Writers Of Soviet Kazakhstan [Text]. - Almaty: Zhazushy, 1987. -576 p.
2. Smakhanuly, Sh. Kulikyn kobeyсын [Let laughter multiply] [text] / Sh.Smakhanuly. - Pioneer of Kazakhstan, 1984. - October 11
3. Smakhanuly, Sh. Суқақшы сыру [The Secret of the comedian] [text] / Sh.Smakhanuly. – Leninshil zhas, November 27, 1982
4. Niyazbek, R. Er Shona [Strongman Shona] [Text] / R. Niyazbek. - Almaty akshamy, 1999, December 27
5. Sattybayuly, K. Қажраткер, ақын Sh.Smahanyly қазақ мектебінің қамқоры еді [Sh.Smakhanuly, a figure, poet, was the patron of the Kazakh school] [text] / K. Sattybayuly . - Zhas Alash, 1999, March 11
6. Tokoshbayev, M. Azamattyn askar dasy [Strong Citizen Voice] [text] / M. Tokoshbayev. - Dala didary, 1991, May 28
7. Utegenov, R. Tilim-Elim [My Language Is My Country] [Text] / R. Utegenov. - Kazakh literature, 1992, January 24
8. Tolepbergenuly, N. Қадіріңді кім білген, қажран Shona [Who Knew Your Value, amazed Shona!] [Text] / N. Tulepbergenuly. - Law newspaper, 1998, December 16
9. Kenzheahmetov, S. Avtordyn ozine tartkan [Attracted by the author] [Text] / S. Kezheahmetov. – Zan gazetі, 1975, March 28
10. Dadebayev, Zh. Atynnan ainalaiyn [I cherished your name [Text] / zh.Dadebayev. - Almaty. Nurly Alem, 2002. - 236 p.
11. Smakhanuly, S. Sandyқтан шыққан sajtan [Saitan from the Ark] [text] / S. Smakhanuly. - Almaty. Flame, 1977
12. Smakhanuly, sh. Elpekбайдын telpegi [Yelpekбай's naughty] [text] / Sh.Smakhanuly . - Almaty. The writer, 1987
13. Smakhanuly, Sh. Umit zhuldyzy [Star of hope] (story) [text] / Sh.Smakhanuly. - Almaty. Zhalyн, 1984. - 143 p.
14. Smakhanuly, Sh. Zhas kazzap [Young cazzap] (story) [text] / Sh.Smakhanuly. - Ak Zhol, December 7, 1994
15. Smakhanuly, Sh. Сүгіңсең де, зһуғылма [Even if you stumble, do not fall] (story) [text] / Sh.Smakhanuly. - Almaty akshamy, 1993, April 12
16. Ordabaeva, R. Satira sardary [Head of satire][Text] / R. Ordabaeva. - Almaty.2003.- 67 p.
17. Sattybayuly, K. Shonanyң қойындәптері [Shona's tabs]. – Kazak adebiety, 2024, November 8 №44.

6.11.24 ж. баспаға түсті.

22.11.24. ж. түзетулермен түсті.

03.12.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Тұрысбек, Р. Ақын-сатирик Шона Смаханұлының шығармашылық мұрасы [Мәтін] / Р.Тұрысбек // *Dulaty University Хабаршысы*. – 2024. - №4. – Б.8-22 <https://doi.org/10.55956/MALD9006>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

G.T. Espenbetova 

Master of Humanities, senior lecturer
M.Kh.Dulaty Taraz university
Taraz, Kazakhstan
gylnur84@mail.ru

FORMATION OF THE READING CULTURE OF CHILDREN OF PRIMARY SCHOOL AGE THROUGH THE STUDY OF FOREIGN CHILDREN'S FAIRY TALES

Abstract. *The article is devoted to the problems of studying foreign children's fairy tales. The author considers the features of the perception of foreign literary fairy tales by children of primary school age. In order to form a reading culture of students, the author of the article presented the stages of work on the perception of a foreign literary fairy tale, showed a variety of types of creative work aimed at developing the emotional and moral sphere of children of primary school age. The author of the article emphasizes the special role of the fairy tale not only in the formation of the reader's culture, but also in high moral qualities. Based on the study of the formation of a reading culture in the process of reading children's foreign fairy tales, the author comes to the following interesting conclusions: the effective use of creative works for the purpose of a full-fledged perception of the fairy-tale genre, their use makes it possible to increase the level of perception of the fairy tale. The fairy tale contributes to the formation of the emotional and moral sphere of children of primary school age, teaches to distinguish between good and evil, forms the culture of the reader, while it does not require a rich education and rich life experience from the child.*

Keywords: *literary fairy tale, emotional and moral sphere, fairy tale character, plot, fiction, foreign fairy tale, children of primary school age, reader culture.*

Introduction. Currently, in the era of informatization and digitalization, there is an increasing need to strengthen the spiritual and moral education of the younger generation at the world level. The future of humanity depends on how spiritually the current youth develops.

The role of the subject "literary reading" in general education schools in this direction is very high. In literary studies, classes at philological faculties, science and literature are often compared. Common goals: knowledge of the truth, science and literature achieve goals in

different ways and means. So, if science on the way to know the truth affects the mind through various speculative statements, then literature affects the heart, finds a way to human feelings through visual and expressive means: artistic paths. This means that the subjects of the school humanitarian cycle are in no way inferior in importance to other subjects.

In the school curriculum of a comprehensive school, unfortunately, an insufficient number of hours are allocated for the study of foreign literature, so it is very important to use the allocated hours as

efficiently as possible to form the relevant competencies of students.

Conditions and methods of research.

In the process of studying the problem of the formation of the reading culture of children of primary school age through the study of foreign children's fairy tales, general, as well as special methods were used: comparative, literary text analysis, descriptive method, inductive and deductive.

Research results. In the course of studying the problem of the formation of the learning culture of children of primary school age through the study of foreign children's fairy tales, the following results were achieved.

Fairy tales form high moral qualities in children. The main aesthetic principle of fairy tales is the victory of good over evil. In fairy tales, the weak usually beat the strong. In addition, moral qualities are formed through interesting fairy-tale plots. Children listen and read fairy tales with special attention, gradually begin to think about the main moral categories, learn to love, empathize, take care of the weak. Therefore, the role of fairy tales in the formation of moral qualities is very high.

Among the works of foreign children's literature, fairy-tale genres occupy a special place. It should be noted that fairy tales are a favorite genre of children of primary school age. What causes children's love for fairy tales? First, primary school students begin to recognize the world around them, and often they are distinguished by an optimistic perception of the surrounding reality. And the fairy-tale aesthetics, as a rule, presupposes the victory of good over evil, in animal fairy tales a physically weak but resourceful animal wins, for example, a small rabbit can leave in fools animals that are physically much stronger than him.

In fairy tales, there are few descriptions, various lyrical digressions and

philosophical judgments. Actions occupy a large place in this genre. Dynamism is the main feature of a fairy tale. Children of primary school age are characterized by a naive-realistic perception of the surrounding reality. They cannot always draw the line between fairy-tale reality and the real world. Therefore, they sincerely sympathize with fairy-tale characters, thanks to which the emotional sphere of children is intensively formed when reading fairy-tale works. Children go through various adventures that accompany fairy-tale characters, while they are sure that in the struggle between good and evil, friendship and enmity, love and hate, justice will win, and the hero of the fairy tale will gain happiness.

In manuals and textbooks on the discipline "literary reading" there are always foreign literary fairy tales. In addition, since these fairy tales are intended for children of primary school age, these fairy tales are accompanied by illustrative material. Since it is important for a primary school student not only what he reads, but also what he sees, bright interesting pictures of the main characters of fairy tales, their habitats, household items play a very important role in the formation of students as cultural readers who begin to be interested in reading.

Discussion of scientific results. As an example, we will analyze the fairy tale «The King's new dress» by Hans Christian Andersen. The plot of the fairy tale seems very simple. The king is very fond of clothes and spends a lot of money on new clothes. His weakness was exploited by two rogue weavers. Having received a significant amount of money, they created the appearance that they would use the expensive material for the dress. In fact, they did not sew any dresses. For fear of appearing ignorant, the king and his men pretended to see the dress, praised the

sewing and the quality of the fabric. The only person who could tell the truth turned out to be a small child, who said aloud: "and the king is naked!"- said. The main point of the fairy tale is pride, vanity, which prevents people from seeing a real picture. But, most importantly, people with low self-esteem are afraid of the opinions of others, it is easy for such people to subjugate their opinions. Currently, many works on the problems of emotional intelligence have appeared in psychology. People with low emotional intelligence easily get into any thoughts. Thus, through a simple plot, the tale of a well-known storyteller allows young children to think about complex problems and try to solve such problems.

The famous psychologist and teacher L.S.Vygotsky, who studied in detail the influence of fairy tales on the cognitive development of a child. In his opinion, fairy tales are the main means of developing a child's imagination, thinking, and cognitive abilities. As Vygotsky noted, «the fairy tale enriches the inner world of the child and expands his worldview, introducing him to various cultures». This view proves that foreign fairy tales teach children to understand other cultures, to be closer to them [1].

Bruno Bettelheim, a well-known psychoanalyst, in his work «Fairy Tale education» emphasizes the importance of fairy tales in psychological and emotional development. He believes: «Fairy tales allow children to overcome their fears and get acquainted with different facets of life». According to Bettelheim, fairy tales from different countries help children learn moral values and build self-confidence [2].

Jean Piaget, a scientist who studied child psychology, notes that foreign fairy tales have a special influence on the development of a child's thinking. He found that through fairy tales, children's logical thinking, language Reserve and attitude to

the environment are formed. Piaget argued: «With the help of fairy tales, the child gradually begins to understand, in addition to his own culture, the values of other people» [3].

Opinions and studies of scientists show that foreign fairy tales have a huge impact on the development of a child. With the help of foreign fairy tales, children are brought up with intercultural understanding, moral qualities, responsibility, and their learning culture is formed deeper. These opinions prove the need for foreign fairy tales to take a place in the curriculum for Primary School students.

Fairy tales of all peoples of the world, regardless of nationality, place of residence, have common features, fairy tales teach children to do good, take care of the weak, teach the idea that justice should always prevail. Thus, foreign children's fairy tales gradually introduce children to Universal and national values, help them see themselves as representatives of their nation [5]. Reading foreign children's fairy tales in beautifully illustrated books contributes to the development of cognitive processes of Primary School students through logical and figurative thinking, through the transformation of imagination, the flight of creative imagination, gradual meaningful memory, as well as the formation of the emotional and spiritual and moral sphere. Thus, we can say that acquaintance with foreign children's fairy tales plays an important role in the upbringing and literary education of children of primary school age.

For Primary School students, the school curriculum presents works of foreign literature of high artistic value. As we have already written, literature seeks to know the surrounding reality through the senses, as a result of which the formation and development of moral and aesthetic feelings when faced with beauty is one of the most important conditions for the literary

development of children of primary school age[6].

Work on a foreign children's literary fairy tale can be divided into several stages. Of course, the genre of fairy tales in general has been known to children since preschool age. Fairy tales are told and read to young children by parents at home, and then in kindergarten. During the holidays, various scenes of fairy-tale plots are organized. Therefore, before proceeding to the analysis of the fairy tale, it is necessary to carry out preparatory work to influence the emotional and moral sphere of the child. To do this, we need to direct primary school students to the initial perception and interest them, in which case the further perception of the fairy tale will be more effective [7].

Of course, an important place in a fairy tale is occupied by a system of images. Children should be taught to understand the fairy-tale functions of the characters, to show what place they occupy in the plot of the story.

Usually the plots of fairy tales are interesting, fantastic, so children need to learn to see behind these interesting plot twists the essence and aesthetics of the fairy tale, to appreciate the artistic qualities of the author's and folk word.

Next, it is necessary to continue working on the perception of the fairy tale in the direction of understanding, understanding the theme and idea of the work of art, learn to understand what this fairy tale calls, what its true meaning is. It is necessary to clearly indicate what structural parts the fairy tale consists of, give an idea of the characters of the fairy tale, events and, of course, the figurative and expressive means used in the author's fairy tale[8]. Such consistent work contributes to the development of imagination and creativity in children of primary school age, and ultimately to the formation of a learning culture [9].

Conclusion. The effective use of creative works for the purpose of a full-fledged perception of the fairy-tale genre, their use allows you to increase the level of perception of the fairy tale.

Thus, the fairy tale contributes to the formation of the emotional and moral sphere of children of primary school age, teaches the ability to distinguish between good and evil, forms a culture of the reader, while it does not require a rich education and rich life experience from the child.

References

1. Vygotsky L. S. Thinking and speech. 5th edition, ISR. - Publishing House "Labyrinth", M., 1999.
2. Bettelheim B. The Uses of Enchantment: The Meaning and Importance of Fairy Tales. Paperback – 2010. – 352 p.
3. Piaget J. The Language and Thought of the Child. London Kean Paul, Trench, Trubner & Co. LTD New York: Harcourt, Brace & Company, INC. 1926. – 241 p.
4. Svetlovskaya, N. N. O literaturnom proizvedenii i problemakh, svyazannykh s yego osmysleniyem pri obuchenii mladshikh shkol'nikov chteniyu [About a literary work and problems associated with its comprehension when teaching reading to primary schoolchildren] // Elementary school. – 2005. - No. 5. – P. 39 – 47.
5. Chumakova, T. I. Osobennosti izucheniya khudozhestvennogo proizvedeniya na urokakh literaturnogo chteniya [Features of studying a work of art in literary reading lessons] // Elementary school. – 2005. - No. 6. – p. 41 – 43.
6. What types of fairy tales are there? Types and genres of fairy tales] [electronic resource] Mode access: <http://fb.ru>

7. Literaturno- pedagogicheskiy blog Tat'yany Sakson. Kakiye byvayut skazki [Literary and pedagogical blog of Tatiana Saxon. What kinds of fairy tales are there] (classification of fairy tales) [electronic resource] Mode access: <http://lit-dety.ru>
8. Zakirova, A.R. Sravneniye syuzheta russkikh i zarubezhnykh volshebnykh skazok [Comparison of the plot of Russian and foreign fairy tales] / A.R. Zakirova, G.F. Zakirova. – Young scientist.- 2017.-№.2.1 (11.1). - p. 3-4. – M ode access: <https://moluch.ru/young/archive/11/695/> (access date: 01/07/2024).

Г.Т.Еспенбетова - М.Х. Дулати атындағы университет, Тараз қ., Қазақстан

ШЕТЕЛДІК БАЛАЛАР ЕРТЕГІЛЕРІН ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақала шетелдік балалар ертегілерін зерттеу мәселелеріне арналған. Автор бастауыш мектеп жасындағы балалардың шетелдік әдеби ертегілерді қабылдау ерекшеліктерін қарастырады. Оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында мақала авторы шетелдік әдеби ертегіні қабылдау бойынша жұмыс кезеңдерін ұсынды, бастауыш мектеп жасындағы балалардың эмоционалды және адамгершілік саласын дамытуға бағытталған шығармашылық жұмыстың алуан түрлерін көрсетті. Мақала авторы ертегінің оқырман мәдениетін қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге жоғары адамгершілік қасиеттердегі ерекше рөлін атап көрсетеді. Балалардың шетелдік ертегілерін оқу процесінде оқу мәдениетін қалыптастыруды зерттеу негізінде автор келесі қызықты тұжырымдарға келеді: ертегі жанрын толыққанды қабылдау мақсатында шығармашылық жұмыстарды тиімді пайдалану, оларды қолдану ертегіні қабылдау деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Ертегі бастауыш мектеп жасындағы балалардың эмоционалды және адамгершілік саласын қалыптастыруға ықпал етеді, жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйретеді, оқырман мәдениетін қалыптастырады, ал ол баладан мол білім мен бай өмірлік тәжірибені талап етпейді.

Тірек сөздер: әдеби ертегі, эмоционалды және моральдық сала, ертегі кейіпкері, сюжеті, фантастикасы, шетелдік ертегі, бастауыш мектеп жасындағы балалар, оқырман мәдениеті.

Г.Т.Еспенбетова - Таразский университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ ЧТЕНИЯ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ЧЕРЕЗ ИЗУЧЕНИЕ ЗАРУБЕЖНЫХ ДЕТСКИХ СКАЗОК

Аннотация. Статья посвящена вопросам изучения зарубежных детских сказок. Автор рассматривает особенности восприятия зарубежных литературных сказок детьми младшего школьного возраста. В целях формирования читательской культуры, учащихся автор статьи представил этапы работы над восприятием зарубежной литературной сказки, продемонстрировал различные виды творческой работы, направленные на развитие эмоциональной и нравственной сферы детей младшего школьного возраста. Автор статьи подчеркивает особую роль сказки не только в формировании читательской культуры, но и высоких нравственных качеств. На основе изучения формирования читательской культуры в процессе чтения детских зарубежных сказок автор приходит к следующим интересным выводам: эффективное использование творческих работ с целью полноценного восприятия сказочного жанра, их использование позволяет повысить

уровень восприятия сказки. Сказка способствует формированию эмоциональной и нравственной сферы детей младшего школьного возраста, учит различать добро и зло, формирует культуру читателя, при этом не требует от ребенка больших знаний и богатого жизненного опыта.

Ключевые слова: литературная сказка, эмоциональная и нравственная сфера, сказочный персонаж, сюжет, фантастика, зарубежная сказка, дети младшего школьного возраста, читательская культура.

Received 17.01.24

Received in revised form 15.11.24

Accepted for publication 03.12.24

Cite the article:

Espenbetova, G.T. Formation of the reading culture of children of Primary school age through the study of foreign children's fairy tales // Bulletin of Dulary University. – 2024. – No.4. – p.23-28
<https://doi.org/10.55956/EHED3568>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

С.Федакар 

PhD, профессор

Еге университеті

Измир қ., Түркия

selamif@hotmail.com

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ДАСТАНШЫЛЫҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада түркі халықтарының мәдени мұрасының ажырамас бөлігі саналатын дастаншылық мектептерінің қалыптасу ерекшеліктері, олардың атаулары мен жіктелу тәсілдері қарастырылған. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылып, өзбек, қарақалпақ, ұйғыр, қазақ, қырғыз, әзірбайжан және түркиялық дәстүрлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданған. Әрбір мектептің аймақтық, тарихи және мәдени ерекшеліктері, соның ішінде Қазақстанның аймақтық мектептеріндегі орындау мәнерлерінің өзгешелігі, Қырғызстандағы «Манасшылық мектебінің» ұлттық бірегейліктегі рөлі және Түрікменстандағы «бақишы жолы» дәстүрінің ру-тайпа негізіндегі сипаты баяндалған. Ұстаз-шәкірт жүйесінің дәстүрлі және заманауи форматтары, дастан дәстүрлерінің трансформациясы мен олардың заманауи қоғамға ықпалына ерекше назар аударылған. Зерттеу нәтижелері бұл дәстүрлердің халықтың рухани және мәдени бірлігін нығайтудағы маңыздылығын көрсетеді.

Тірек сөздер: дастаншылық дәстүр, түркі халықтары, мектептер жіктелуі, ұстаз-шәкірт жүйесі, фольклор және дәстүрлі өнер.

Кіріспе. Түркі халықтарының бай мәдениетінің маңызды бөлігін құрайтын дастандар уақыт өте келе өзіндік дәстүрлер аясында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жеткен. Бұл зерттеудің өзектілігі дастан дәстүрлерінің түркі халықтарының мәдени және тарихи мұрасындағы маңызды рөлін айқындауда жатыр. Дастан айту дәстүрі тек әдеби мұра ретінде ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани және мәдени бірлігінің көрінісі ретінде де маңызға ие. Практикалық тұрғыдан алғанда, бұл дәстүрлерді зерттеу олардың сақталуы мен заманауи мәдениетке ықпал ету жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл дастандарды бүгінге жеткізген басты

фактор – оларды белгілі бір дәстүр аясында құру және орындау. Түркі халықтарындағы дастан айту дәстүрлері әр халықтың мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігі ретінде ерекше орын алады. Зерттеудің басты мақсаты – түркі халықтарындағы дастаншылық мектептердің қалыптасу ерекшеліктерін, олардың атаулары мен жіктелуін талдау.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды. Бұл әдіс зерттеудің мақсатына сай келді, өйткені ол түркі халықтарының дастан айту дәстүрлерін тарихи даму контекстінде салыстыруға мүмкіндік берді. Деректерді жинау үшін негізгі және қосымша дереккөздер, атап айтқанда,

тарихи құжаттар, фольклорлық жинақтар мен ғылыми еңбектер пайдаланылды. Бұл көздер дәстүрлердің ерекшеліктерін айқындауға және олардың трансформациясын бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу өзбек, қарақалпақ, ұйғыр, қазақ, қырғыз, әзірбайжан және түркиялық дастан айту дәстүрлерін қамтыды. Зерттеу ауқымы шектеулі болғандықтан, Алтай, Иран түріктері, Тыва, Хакасия, Шор және Саха халықтарының дәстүрлері зерттеу шеңберінен тыс қалды.

Зерттеу нәтижелері. Түркі халықтарының дастаншылық мектептері негізінен үш түрлі атауға ие: географиялық аймақ, жеке тұлға немесе ру (ұрук) атаулары. Бұл мектептердің атаулары олардың аймақтық ерекшеліктерін ғана емес, мәдени-тарихи ұқсастықтары мен айырмашылықтарын да көрсетеді. Мысалы, Қазақстанда батыс және шығыс аймақтарының мектептері арасында музыкалық аспаптарды қолдану стилі бойынша айырмашылықтар байқалса, Өзбекстандағы «Қорған» және «Шахрисабз» мектептері орындау мәнері бойынша ерекшеленеді. Әзірбайжанда «Гөйче» мектебі батырлық дастандарға бейім болса, «Қарабах» мектебі лирикалық жанрларға жақын. Осылайша, әртүрлі аймақтардағы мектептер ортақ дәстүрлерді сақтай отырып, өздерінің ерекше қырларын көрсетеді. Мысалы, Түркияда «ақын қолы» деп аталған дәстүр, көбінесе жеке тұлғалармен байланысты болса, Өзбекстанда «мектеп» термині белгілі бір аймақтық орталықтарға қатысты жиі қолданылады. Өзбекстандағы «мектеп» термині фольклорлық дәстүрдің аймақтық ерекшеліктерін сақтау және оны жүйелі түрде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу тәсілі ретінде ерекше маңызға ие [1]. Әрбір мектептің өзіндік орындау мәнері мен әдістері қалыптасқан,

мысалы, «Шахрисабз» және «Қорған» мектептері орындау шеберлігімен және музыкалық сүйемелдеуімен ерекшеленеді. Бұл дәстүрлердің ұйымдасқан түрде жалғасуы олардың сақталуына және жаңа ұрпақ арасында кең таралуына ықпал етеді. Қырғызстанда «Манасшылық мектебі» тек бір дастанға арналса, бұл дәстүрдің ерекше бағыты оның тарихи маңыздылығымен түсіндіріледі. «Манас» эпосының тек бір дастанды орындауға маманданған манасшылар арқылы сақталуы қырғыз халқының ұлттық бірегейлігінің символы ретінде қабылданады. Ал Түрікменстанда рутайпа негізінде қалыптасқан «бақшы жолы» дәстүрі музыкалық сүйемелдеудің күрделілігімен және әр руға тән ерекшеліктерді көрсетумен ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтар екі елдегі тарихи және әлеуметтік даму ерекшеліктерімен байланысты: Қырғызстанда біртұтас эпостық дәстүр ұлттық тұтастықты қолдаса, Түрікменстанда әртүрлі тайпалардың мәдени мұрасы жалпы халықтық дәстүрге айналған. Әзірбайжанда «мұхит» пен «мектеп» терминдерінің қолданылуы олардың географиялық және әлеуметтік әртүрлілігін көрсетеді [5], [6]. Осылайша, әртүрлі аймақтардағы мектептер ортақ дәстүрлерді сақтай отырып, өздерінің ерекше ерекшеліктерін қалыптастырған. Мысалы:

- Түркияда – «ақын қолы»;
- Әзірбайжанда – «ақын мұхиты»;
- Түрікменстанда – «бақшы жолы»;
- Қырғызстанда – «манасшылық мектебі»;
- Өзбекстан, Қазақстан және Ұйғыр дәстүрлерінде – «мектеп» термині жиі қолданылады [8].

Дастаншылық мектептердің атауы көбінесе белгілі бір аймақпен

байланысты. Мысалы, Қазақстанда мектептер елдің батысы, шығысы, оңтүстігі бойынша топтастырылған. Өзірбайжандағы «Гөйче мектебі» немесе Өзбекстандағы «Қорған мектебі» осыған мысал бола алады.

Түркі халықтарындағы дастан айту дәстүрінің басты ерекшелігі – ұстаз-шәкірт жүйесі. Бұл жүйе арқылы дастан мәтіндері, музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі және орындау әдістері келесі ұрпаққа беріліп отырды. Мысалы, Қорған мектебінің белгілі бақшысы Ергаш Жұманбұлбұлұлы ұстаз-шәкірт тәрбиесінің маңыздылығын өлең жолдарында ерекше атап өткен. Қазіргі уақытта бұл жүйе көптеген түркі халықтарында трансформацияланып, жаңа форматта қолданылуда. Бүгінгі заманда ұстаз-шәкірт қатынасы тек дәстүрлі әдістермен шектелмей, онлайн платформалар мен мәдени іс-шаралар арқылы жалғасуда. Мұндай жаңашылдықтар бұл дәстүрдің заманауи қоғамға бейімделіп, сақталып қалуына септігін тигізуде. Бұл жүйе арқылы дастан мәтіндері, музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі және орындау әдістері келесі ұрпаққа беріліп отырды.

Қырғызстанда тек «Манас» дастанына арналған ерекше мектептің болуы осы дәстүрдің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Бұл мектепте тек арнайы дайындықтан өткен манасшылар «Манас» эпосы мен оның бөлімдерін («Семетей», «Сейтек») орындаған.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әртүрлі түркі халықтарының дастан дәстүрлері олардың географиялық орналасуына, тарихи дамуына және мәдени ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан. Түркі халықтарының дастан айту дәстүрі тарихи тұрғыдан бірнеше маңызды кезеңнен өтті. Алғашқы кезең көне дәуірдегі ауызша дәстүрлерге негізделген, бұл кезеңде

дастандар халықтың өмір салтын, дүниетанымын және тарихи оқиғаларды бейнелейтін негізгі құрал болды. Екінші кезең орта ғасырларда дастандардың жазбаша нұсқаларының пайда болуымен сипатталады, мұнда қалалар мәдениетінің өркендеуі орындау шеберлігінің жаңа деңгейіне жетуіне ықпал етті. Мысалы, Өзбекстанда «Шахрисабз» мектебі ортағасырлық қалалардың мәдени орталықтары негізінде қалыптасып, өз дәстүрін сақтап қалды. Үшінші кезең жаңа дәуірде кәсіби орындаушылық мектептердің ұйымдасуымен ерекшеленді. Бұл уақытта дастан айту дәстүрі кәсіби деңгейге көтеріліп, ұстаз-шәкірт жүйесі арқылы дамыды. Қазақстанда домбыра сүйемелдеуімен айтылатын эпикалық дастандар ерте заманнан бастау алып, бүгінгі күні батыс және шығыс аймақтардағы стильдік айырмашылықтарымен танымал болды [2]. Қырғызстандағы «Манасшылық мектебі» көшпенділердің рухани мұрасын сақтап, ұлттық бірегейлікті нығайтуда ерекше орын алды [3], [10]. Түрікменстанда «бақшы жолы» дәстүрі тайпалық мәдениетті сақтаудың маңызды тетігіне айналып, әр тайпаның өзіндік музыкалық және поэтикалық ерекшеліктерін бейнеледі [7].

Бұл тарихи кезеңдер дастан айту дәстүрлерінің қалыптасуы мен дамуына ерекше ықпал етіп, олардың бүгінгі күнге дейін сақталуын қамтамасыз етті. Әр кезең дәстүрдің мазмұнына, орындау әдістеріне және оның қоғамдағы рөліне айрықша әсер етті, бұл мәдени мұраның құндылығын арттыра түсті. Түркі халықтарының дастан дәстүрлері тарихи кезеңдер бойынша дамыған: көне дәуірлерде эпостардың пайда болуы, орта ғасырларда олардың жазбаша нұсқаларының қалыптасуы, жаңа дәуірде кәсіби орындаушылық мектептердің ұйымдасуы айқын көрінеді. Мысалы,

Қазақстанның ерте дәуірінде домбырамен сүйемелдеу дәстүрі ежелгі қыпшақ тайпаларынан бастау алып, заманауи орындаушылар арқылы жаңа белеске жетті. Өзбекстанда «Шахрисабз» мектебі ортағасырлық қалалардың мәдени орталықтары негізінде қалыптасып, өз дәстүрін сақтап қалды. Қырғызстандағы "Манасшылық мектебі" эпостық мұралардың сақталуында маңызды рөл атқарып, көшпенді өмір салтының рухани мұрасын бүгінге жеткізді. Сонымен қатар, Түрікменстандағы «бақшы жолы» дәстүрінің ру-тайпа ерекшеліктері сақталған және олар әртүрлі тарихи кезеңдерде ұлттық мәдениеттің тірегі болды. Бұл дәстүрлердің ортақ тұстары мен ерекшеліктері халықтардың рухани құндылықтарын айқындайды. Мысалы, Қазақстандағы аймақтық мектептердегі орындау стилінің әртүрлілігі музыкалық аспаптарды қолдану дәстүрімен тығыз байланысты. Батыс Қазақстанда домбыраның пернесіз түрі ерекше болса, шығыс аймақта қобыз сүйемелдеу дәстүрі кең тараған. Қырғызстанда «Манасшылық мектебі» эпосты орындаудың бірегей үлгісі ретінде қалыптасқан, мұнда манасшылардың орындаушылық шеберлігі ерекше рөл

атқарады. Түрікменстанда ру-тайпаға негізделген «бақшы жолы» дәстүрі әрбір тайпаның өзіндік әуендік ерекшеліктерін айқындайды, бұл олардың тарихы мен мәдени байланыстарын көрсетеді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде түркі халықтарының дастан дәстүрлерінің тереңдігі мен байлығы анықталды. Бұл дәстүрлердің практикалық нәтижелері, әсіресе мәдениетаралық ықпалдастықты арттыруда маңызды рөл атқарады. Түркі халықтары арасындағы ортақ мәдени байланыстарды нығайту, осы дәстүрлерді заманауи қоғамға бейімдеу арқылы олардың жаңа буындарға жеткізілуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл зерттеулер әртүрлі мәдени мұралардың бірегейлігін сақтай отырып, олардың интеграциясын қамтамасыз етуде маңызды негіз бола алады. Бұл дәстүрлерді зерттеу әрі қарай жалғасып, барлық халықтардың мәдениеті арасындағы байланысты айқындауға үлес қосады. Әрбір халықтың мәдени ерекшеліктері зерттеліп, барлық түркі халықтарына ортақ дастаншылық дәстүрді жүйелі түрде зерттеу маңызды. Бұл бағыттағы зерттеулер түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтау мен насихаттауға өз үлесін қосады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мирзаев, Т. Өзбек халық бақшыларының эпикалық репертуары [Мәтін] / Т.Мирзаев. Ташкент: Фан, 1979.
2. Қасымұлы, М. Қазақ ауыз әдебиеті тарихы [Мәтін] / Алматы: Ғылым, 1993.
3. Черибаш, М. Қырғыз манасшыларының дәстүрі [Мәтін] / Бішкек: Көкбөрі баспасы, 2005.
4. Мехмет, А. Ұйғыр дастандары: дәстүр және заманауилық [Мәтін] /. Қашғар: Жазушы, 2010.
5. Кая, Д. Әзірбайжан ақындық дәстүрі [Мәтін] / Баку: Ұғұр, 2008.
6. Пирсұлтанлы, С.П. Түркі халықтарының ақындық өнері [Мәтін] / Баку: Елм, 1993.
7. Шахин, Х.И. Түрікмен бақшылық жолы: дәстүр мен тарих [Мәтін] / Ашғабат: Көк Мәрмәр, 2012.
8. Бердібай, Р. Қазақ эпосы: халық мұрасы [Мәтін] / Алматы: Рауан, 2002.
9. Кендирбаева, Г. Қазақстандағы фольклор және фольклоризм [Мәтін] / Токио: Asian Folklore Studies, 1994.
10. Ауезов, М. Манас эпосының дәстүрлері [Мәтін] / Алматы: ҚазМУ баспасы, 1950.

С.Федакар – Егейский университет, Измир, Турция

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ШКОЛ ДАСТАН У ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Аннотация. В статье рассмотрены особенности формирования школ саги, их названия и способы классификации, являющиеся неотъемлемой частью культурного наследия тюркских народов. В ходе исследования был использован сравнительно-исторический метод, проанализированы сходства и различия узбекских, каракалпакских, уйгурских, казахских, кыргызских, азербайджанских и турецких традиций. Изложены региональные, исторические и культурные особенности каждой школы, в том числе различия в стилях исполнения в региональных школах Казахстана, роль "школы Манассия" в Кыргызстане в национальной идентичности и племенной характер традиции "бакшы жолы" в Туркменистане. Особое внимание уделено традиционным и современным форматам системы учитель-ученик, трансформации традиций саги и их влиянию на современное общество. Результаты исследования показывают важность этих традиций в укреплении духовного и культурного единства народа.

Ключевые слова: традиции саги, тюркские народы, классификация школ, система учитель-ученик, фольклор и традиционное искусство.

S.Fedakar – Ege University, Izmir, Turkey

FEATURES OF THE FORMATION OF EPIC SCHOOLS IN THE TURKIC PEOPLES

Abstract. The article discusses the features of the formation of epic schools, which are an integral part of the cultural heritage of the Turkic peoples, their names and ways of classification. In the course of the study, a comparative historical method was used, the similarities and differences between Uzbek, Karakalpak, Uyghur, Kazakh, Kyrgyz, Azerbaijani and Turkish traditions were analyzed. The regional, historical and cultural features of each school, including the differences in performance styles in regional schools of Kazakhstan, the role of the "Manasshylyk school" in the national identity of Kyrgyzstan and the tribal nature of the "Bakshi Zholy" tradition in Turkmenistan, are described. Special attention is paid to the traditional and modern formats of the teacher-apprentice system, the transformation of the traditions of the saga and their impact on modern society. The results of the study show the importance of these traditions in strengthening the spiritual and cultural unity of the people.

Key words: epic traditions, Turkic peoples, classification of Schools, teacher-apprentice system, folklore and traditional art.

References

1. Mirzaev, T. Epic repertoire of Uzbek folk Gardens [text] / T. Mirzaev. Tashkent: Fan, 1979.
2. Kasymuly, M. History of Kazakh oral literature [text] / Almaty: Science, 1993.

3. Cheribash, M. Traditions of the Kyrgyz manasists [text] / Bishkek: Kokbigi publishing house, 2005.
4. Mehmet, A. Uyghur sagas: tradition and modernity [text] /. Kashgar: Writer, 2010.
5. Kaya, D. Azerbaijani poetic tradition [text] / Baku: Nnur, 2008.
6. Pirsultanli, S. P. Poetic art of the Turkic peoples [text] / Baku: Elm, 1993.
7. Shahin, H.I. The Path of Turkmen witchcraft: tradition and history [text] / Ashgabat: Blue Marble, 2012.
8. Berdibay, R. Kazakh epic :Folk Heritage [text] / Almaty: Rauan, 2002.
9. Kendirbaeva, G. Folklore and folklorism in Kazakhstan [text] / Tokyo: Asian Folklore Studies, 1994.
10. Auevov, M. Traditions of the epic of Manas [text] / Almaty: KazSU P.H., 1950.

25.04.24 ж. баспаға түсті.

11.12.24. ж. түзетулермен түсті.

30.12.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Федакар, С. Түркі халықтарындағы дастаншылық мектептерінің қалыптасу ерекшеліктері [Мәтін] / С. Федакар // Dulaty University Хабаршысы. – 2024. – Б.29-34 <https://doi.org/10.55956/ZKHW5821>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

Ғылыми мақала

FTAMP 14.01.85

<https://doi.org/10.55956/PGBE6628>

Т.Н.Отарова* 

педагогика ғылымдарының магистрі
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қ., Қазақстан
togzhan_otarova@inbox.ru

С.К.Тулбаева 

педагогика және психология ғылымдарының магистрі
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қ., Қазақстан
sand.8484@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

***Андатпа.** Мақалада жоғары білім беру үдерісіндегі студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру миссиясы мен формалары берілген. Өзіндік жұмысты орындаудағы цифрлық технологиялардың маңыздылығы мен тиімділігі жайлы баяндалған.*

***Тірек сөздер:** өзіндік жұмыс, цифрлық технологиялар, цифрлық сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, визуалды жад, ХХІ ғасыр дағдылары.*

Кіріспе. Кәсіби қызмет саласының өзгерістерге ұшырауы және еңбек нарығындағы бәсекелестіктің жоғары болуына сай мамандардың кәсіби білімі мен даярлығына деген талаптар да күшеюде. Қазіргі білім берудің негізгі бағыттарының бірі – студенттерді дайын білім мен ғылымды ғана игертіп қоймай, сонымен қатар, олардың өз мүмкіндіктері мен білімдерін шыңдап, кәсіби өсу мақсатында білім мен ғылымды қолдану мен өндіруді меңгерулері болып табылады. Аталған бағыт бойынша студенттер қажетті ақпаратты өз бетінше тауып, оны талдай білуі қажет, яғни, бұл тұста, ақпараттық сауаттылықтың көрініс тауып отырғаны

байқалады, сонымен қатар, проблемаларды анықтай отырып, оларды ұтымды шеше білу жолдарын қарастыру, яғни, осы тұста, сын тұрғысынан ойлаудың іске қосылары анық. Білім беру үдерісінің сапасын жоғарылатуға арналған студенттің өзіндік жұмыстары - қазіргі заман талабына сай ХХІ ғасыр дағдыларымен қаруланған маман қалыптастыруға қосар үлесінің зор екендігі айқындалып тұрғандай.

«Өзіндік жұмыс» ұғымына бірқатар зерттеушілер (А.А.Вербицкий, Е.Н. Гусарова, Е.М. Гутник, Н.В. Дроздова, И.А. Зимняя, И.Г. Кириллова, А.П. Лобанов, А.А. Миролубов, Н.А.

Ролубовь, Н.А. Ролубовь, С.В. Вдина, т.б.) түрлі анықтамалар ұсынған

А.А.Миролюбовтың пайымдауы бойынша [1], «өзіндік жұмыс – бұл тікелей оқытушының қатысуынсыз, алайда, оның нұсқауы бойынша сабақтан және мектептен тыс үй жұмыстарында және үйде оқушылардың жеке немесе ұжымдық іс-әрекетінің алуан түрі». Ал, А.П. Лобанов [2] бұл пікірге мүлде қарама-қайшы, «өзіндік жұмыс - олар оқытушының басқарылуымен жүзеге асатын жұмыс түрі», - деп нақтылайды. Осы жұмысымызға арқау болып отырған бұл ұғымды - дербестікті қалыптастыратын оқу әрекетінің нақты түрі ретінде қарастырған зерттеушілердің бірі К.К.Платонов [3], келесідей тұжырымға тоқталған, «жетекшінің тікелей басшылығынсыз және көмегінсіз студенттің өз қызметін жүйелеу, жоспарлау және реттеу қабілеті»

Жоғарыда ұсынылған ғалымдардың анықтамаларына сүйене отырып, біз мынадай тұжырымға тоқтадық, бұл студенттің жеке өзін-өзі тәрбиелей алатын іс-әрекетінің түрі және алған білімдері мен жаңа дағдыларды меңгере отырып, берілген тапсырманы шығармашылық бағытта орындау, білімі мен ой-өрісін кеңейтіп, толықтыру әрекеті.

Студенттердің өзіндік жұмысы дербестік, дидактикалық және шығармашылық бағыттылық, мақсатқа бағытталған жоспарлау, тұлғаға бағытталған және белсенділік ұстанымдарына негізделген.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың маңызы өте зор. Сонымен қатар, цифрлық білім беру ресурстары білім беру мазмұнын анықтайтын, электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, цифрлық

технологиялар оқу үдерісінде де, өмірдің барлық саласына да белсенді енуде. Цифрлық және инновациялық технологиялардың қолданылуы студенттердің бойына тұлғалық қасиеттерді, жұмсақ және қатты дағдыларды (soft and hard skills) дамытуды көздейді.

Заманауи цифрлық технологиялар бүкіл әлем бойынша университеттер мен басқа да оқу орындарын дамытудың жаңа құралдарын ұсынады. Цифрландыру жинақталған тәжірибе мен біліммен алмасу мүмкіндігін береді, бұл адамдарға күнделікті өмірде көбірек білуге және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.



Сурет-1. Білім беру үдерісінде цифрлы платформалардың қолданылуы

Өзіндік жұмыстарды орындау барысында цифрлық және мультимедиялық технологияларды пайдалану жұмыстың өнімділігін, тартымдылығын арттырып қана қоймай, қазіргі таңда өзекті болып келетін цифрлық сауаттылықты, медиасауаттылықты және ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктің де дамуына өз септігін тигізеді анық.

Цифрлық технологиялар – анимациялық компьютерлік графикамен, дыбыспен, бейне кадрлармен, статикалық мәтіндермен және кескіндермен бір уақытта жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Студентке бір уақытта әртүрлі ақпараттық арналар әсер етеді, ал, бұл өз кезегінде, өзіндік жұмыстың сәтті орындалуына жол ашады.

Өзіндік жұмыстарды орындау барысында, цифрлық технологияларды қолдану студенттерге шексіз мүмкіндіктер туғызады. Виртуалды модельдермен жұмыс, бейне, анимация, дыбыс, графика тақырыпқа назар аударады. Бұл құрылғылардың көмегімен, тәжірибеде іске асырылмайтын элементтерді қолдануға болады: gif-суреттер желідегі жұмысты әрлеу, айқындау құралы ретінде, ақпаратты түрлендіру мақсатында бейнеклиптер, голографиялық кескін объектілерін пайдалануға да болады.

Кинестетикалық еске сақтау визуалды жадқа қарағанда ұзағырақ еске сақталатынын ескерсек, цифрлық технологияларды өзіндік жұмысты орындауда қолдану өте тиімді болары анық. Сондықтан білім беру үрдісінің бір бөлігі ретінде қолданылып жүрген өзіндік жұмысты орындау барысында студенттер жеке графикамен, бейне және дыбыспен жұмыс істеуге мүмкіндік берілуі қажет. Сонымен қатар, өзіндік жұмыстар студент өзі автор болғандықтан, оның шығармашылық және сыни ойлауы дамиды, яғни, өзіндік жұмысты орындауда цифрлық платформалар мен технологияларды қолдану ойлау процесін құрылымдауға өз үлесін қосады.

Студенттердің өзіндік жұмысы қарқынды ойлауды, әртүрлі танымдық тапсырмаларды шешуді, іс қағаздарын жүргізуді, оқу және басқа да ақпаратты түсінуді де есте сақтауды қажет етеді. Мұндай жұмыстың маңызы зор: бұл студенттерді алдағы іс-әрекетке теориялық және практикалық дайындауда қажетті білім, білік, дағды, моральдық-психологиялық қасиеттерді қалыптастырудың маңызды факторы болып келеді. Кең мағынада өзіндік жұмыс деп студенттердің аудиториядан тыс және аудиториялық оқу кезіндегі

барлық дербес әрекеттерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Ал сабақтан тыс өзіндік жұмыстың маңызы зор, өйткені ол оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен ынталылығының көрсеткіші болып табылады.

Студенттер өз бетімен жұмыс істеуге қажетті білім, білік, дағдыларды ғана емес, сонымен бірге қызығушылық танытуды, өз бетінше танымдық іс-әрекетке қажеттілікті қалыптастыруы да маңызды болып табылады. Студенттің өзіндік жұмысының нәтижесі оның білім деңгейін және кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеруіне көмектесетіні айқын.

Технологияны қолдануды білу – өмірлік дағды және сауаттылықтың маңызды түрі. Қазіргі уақытта білім беру саласына ақпараттық технологияларды енгізу процесі жүріп жатқандығы жөнінде жоғарыда айтылған болатын. Бұл көп уақыт пен күш-жігерді қажет етеді, бірақ соңында «технология – жаңа білім мен жаңа тәжірибеге апаратын жол». Уақыт өте келе технологияны қолдану оқытушы мен студенттерге де үйреншікті және оңай болады.

Студенттер өзіндік жұмыстарды орындау барысында - бейне өңдеу және дыбысты өңдеу бағдарламаларын да қолдана алады. Мысалы, мультимедиялық контентті жасау үшін келесідей бағдарламалар мен технологиялар VideoPad, Video Editor бағдарламасы арқылы бейнеклиптерді өңдеуге болады [5].

Скринкаст – компьютер экранында көрсетілетін ақпараттың сандық бейне-жазбасы, басқаша айтқанда, көбінесе дауыстық пікірлермен бірге жүретін «бейне экранды түсіру». Бұл технология экранда не болып жатқанын дауыспен түсіндіре отырып, реттілігімен жұмысты жазуға мүмкіндік береді. Скринкаст жасауға арналған көптеген бағдарламалар бар. Солардың бірі - OBS Studio деп


аталатын бағдарлама, студенттер алдын ала дайындалған суреттерді, бейнелерді, презентация-ларды қолдана отырып, материалдардан тапсырмаларды орындай алады [6].

Тағы да қызықты технологиялардың бірі - бейне жазу (бұл анимация және арнайы эффектілермен толықтырылған сурет пен қызықты оқиғаның үйлесімінен тұратын динамикалық қолмен салынған бейне). Бұл құбылыстың танымал болуы бірнеше себептерге байланысты. Ең алдымен, бейнежазушылар назар аударады және оны ұзақ уақыт бойы ұстай алады. Өз стилінде олар бейнебаяндардан өте ерекшеленеді. Танымалдықтың тағы бір себебі, бейне скрипт көрерменді болып жатқан оқиғаға тарта отырып, қатысу әсерін жасайды. Сюжет шынайы түрде, көрерменнің көз алдында өрбіп жатқандай болады.

Бұл жоғарыда аталған цифрлы технологиялық ресурстардың барлығы оқытушыны алмастыра алмайды, бірақ оқытушыға қосымша материалдарды ұсынады, студенттің өз бетімен өздік жұмыстарды орындауына, студент назарын аса маңызды мәселеге аударуға, пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Студенттер арасында «Студенттің өзіндік жұмысын орындау барысында цифрлық ресурстарды қолданудың маңыздылығы» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 65 студент қамтылды.

Зерттеу нәтижелері. Бірінші студенттердің өзіндік жұмысы терминін қалай түсінесіз? сұрағы бойынша студенттер төмендегідей жауап берді: ең жоғары пайыз көрсеткіші келесі сұрақ бойынша болды белгілі бір тақырып бойынша презентация құрастыру – 41.5% және үй тапсырмасын орындау – 40% пайызды көрсетті. Келесі жауаптар дәрістер конспектісін өз бетінше пысықтау – 38.5%; баяндама (шағын баяндама) дайындау – 21,5%; оқытушының тапсырмасы бойынша эссе бойынша жұмыс – 16,9%; нақты тақырып бойынша тесттер құрастыру – 15,4%; тірек конспектісін жасау – 7.7%; басқа – 1,5% (сурет 2). Сауалнама нәтижесі көрсеткендей студенттердің өзіндік жұмысы көбінесе презентация даярлау және де қосымша ақпараттарды ізденуден тұрады.



Сурет- 2. Студенттердің өзіндік жұмысы туралы түсініктер

Сауалнамада келесі сұрақ студенттердің СӨЖ орындау барысында цифрлық ресурстарды қаншалықты

қолданатыны және оның маңыздылығы туралы болды. Алынған жауаптар келесідей нәтиже берді: маңызды –

Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы цифрлық платформалардың маңыздылығы

64,6%; маңызды емес – 24,6%; жауап бере алмаймын – 9,2% (сурет-3). Студенттердің СӨЖ орындау барысында цифрлық ресурстарды жиі қолданатыны және ақпараттық-коммуникациялық

технологияларды маңыздылығы айқындалды. Алайда бұл ресурстарды қолданбайтын студенттер де бар екені анық болды.




Сурет-3. СӨЖ орындауда қолбанылатын цифрлық ресурстар

Келесі сұрақ студенттердің *өзіндік жұмысқа дайындық кезінде оқу ақпаратының негізгі көзі* интернет деп көрсеткен респонденттер саны – 58,5% - ды құрады, бұл өте жоғары көрсеткіш басқа ақпарат көздерімен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылық бар. Келесі ақпарат көздері ретінде кітаптар - 21,5%;

әдістемелік материалдар – 12,3%; дәріс конспектісі -7,7% көрсетті (4-сурет). Сауалнама нәтижесінен байқағанымыз студенттер өзіндік жұмысты орындау барысында аудиториядағы дәріс конспектісіне көп көңіл бөлмейтіні анықталды.

3. Өзіндік жұмысқа дайындық кезінде Оқу ақпаратының негізгі көзі?

65 ответов



Сурет – 4. Ақпарат көздері

Сауалнамада студенттердің *өзіндік жұмысының қандай интерактивті формаларын ұнататыны* туралы жауап алынды. Жауап негізінде мульти-

медиялық презентациялар – 52,3%; ойындар – 29,2%; кейстерді талдау – 4,6%; жобалар мен конкурстар -3,1%; олимпиадалар мен конференциялар –

1,5% көрсетті (сурет. Студенттер өзіндік жұмыстың мультимедиялық презентация

жасау форматын ұнататынын және жиі қолданыста екендігі анықталды.

4. Өзіндік жұмыстың қандай интерактивті формалары ұнайды?




65 ответов



Сурет-5.СӨЖ-дің интерактивті формалары

Сауалнамада студенттердің СӨЖ орындау барысында қандай цифрлы сервис, платформаларды пайдаланатыны туралы сұрақ қойылды. Студенттер арасында бірнеше танымал платформа,

сервис бар екені анықталды. Олардың арасында (сурет -6) Google, Canva, Video Pad, Chrome, Microsoft word, Power Point, ZOOM және т.б. бар.



Сурет-6. Цифрлық платформалардың қолданылу жағдайы

Ғылыми нәтижелерді талқылау.
Жалпы сауалнама нәтижесі бойынша

СӨЖ оқу процесінің ажырамас бір бөлігі екенін байқауға болады. Оқу процесінде

студенттер дәріс, практикалық сабақтармен қатар өзіндік жұмысты да қатар орындайтыны айқын. ЖОО-ы студенттері өзіндік жұмысты орындау барысында цифрлық ресурстарды жиі қолданатыны және студенттер арасында бірнеше танымал цифрлы сервис, платформалар бар екенін байқауға болады. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы цифрлық платформалардың маңыздылығы анықталды.

Қорытынды. Жоғарыда аталып өткен қызметтерді пайдалану гиперсілтемелі презентациялар, подкасттар мен бейнематериалдарды пайдалану, өзіндік жұмыстың мазмұнына үлкен әсер ететін тиімді құрал екендігі анық, сондай-ақ, студенттердің

қызығушылықтарын арттыру тәсілдерінің бірі. Цифрлық технологияларды қолдану оқытушы үшін де, студент үшін де жаңа мүмкіндіктердің бастауы. Презентациялар, подкасттар, әртүрлі графикалық формаларда мүмкіндігінше көп ақпаратты қамтуға көмектесетін алуан түрлі құралдар түрлі кәсіби тақырыптар бойынша әр сабақты түрлендіріп, жарқын және есте қаларлық етеді.

Оқытушылар мен студенттердің цифрлық құралдар мен материалдарды практикабарысында қолдануы қазіргі білім беруде оларды сәтті қолданудың ақиқаты да, болашағы да болып табылады. Цифрлық оқыту технологияларының оқу әлеуеті зор болатынына кәміл сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Зимняя, И.А. Компетентность и проблемы ее формирования в системе непрерывного образования. [Текст] / И.А. Зимняя // Материалы XVI научно-методической конференции «Актуальные проблемы качества образования и пути их решения». — М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2006. — 130 с.
2. Платонов, К.К., Голубев Г.Г. Психология [Текст] / Платонов К.К., Голубев Г.Г./ – М.: Высшая школа, 1977 – 288с.
3. Резникова, Ю.Г. Формирование у студентов младших курсов пединститута готовности к самостоятельной работе: [Текст]: Автореф. дис... канд. пед. наук. – Новосибирск, 1995. – 19 с.
4. Оразбакова, Г.О. Активация самостоятельной деятельности студентов через срс и срсп. [Текст] / Г.О. Оразбакова // ВЕСТНИК КАЗНМУ №3-2015.-. с.432-433
5. Применение информационно-коммуникационных технологий в образовании [Электронный ресурс]: электронное учебно-методическое пособие / А. В. Сарафанов, А. Г. Суковатый, И. Е. Суковатая и др. Красноярск: ИПЦ КГТУ. 2006. Режим доступа: <http://window.edu.ru/resource/923/60923/files/book2.pdf>. Использование цифровых технологий в образовательном процессе высшей школы Карабельская И. В. (дата обращения: 12.01.2023).
6. Шефер, Е. А. Использование цифровых технологий в образовательном процессе [Электронный ресурс]: непосредственный // Молодой ученый/ Е. А. Шефер/ 2021. - № 16 (358). - С. 22-25.Режим доступа: <https://moluch.ru/archive/358/79973/> (дата обращения: 12.01.2023).

Т.Н.Отарова*, С.К.Тулебаева - Таразский университет им.М.Х.Дулати, г.Тараз, Казахстан.

ВАЖНОСТЬ ЦИФРОВЫХ ПЛАТФОРМ В ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ

Аннотация В статье представлены миссия и формы организации самостоятельной работы студентов в процессе высшего образования. Освещена важность и эффективность цифровых технологий в выполнении самостоятельной работы.

Ключевые слова: самостоятельная работа, цифровые технологии, цифровая грамотность, информационная грамотность, зрительная память, навыки XXI века.

T.N.Otarova*, S.K.Tulebaeva - M.Kh.Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan.

THE IMPORTANCE OF DIGITAL PLATFORMS IN THE ORGANIZATION OF INDEPENDENT WORK OF STUDENTS

Abstract. The article presents the mission and forms of organization of independent work of students in the process of higher education. The importance and effectiveness of digital technologies in performing independent work is highlighted.

Keywords: independent work, digital technologies, digital literacy, information literacy, visual memory, skills of the XXI century.

References

1. Zimnaya, I.A. Kompetentnost' i problemy ee formirovaniya v sisteme nepreryvnogo obrazovaniya. [Competence and the problems of its formation in the system of continuing education] / I.A. Zimnaya // Materials of the scientific and methodological conference "Actual problems of the quality of education and ways to solve them". — M.: Research Center for quality problems of training specialists, 2006. – 130 p.
2. Platonov, K.K. Psihologiya [Psychology] / Platonov K.K., Golubev G.G./ – M.: Higher School, 1977 – 288 p.
3. Reznikova, Yu.G. Formirovanie u studentov mladshih kursov pedinstituta gotovnosti k samostoyatel'noj rabote [Formation of readiness for independent work among undergraduate students of the Pedagogical Institute]: Abstract. dis... Candidate of Pedagogical Sciences. Novosibirsk, 1995. – 19 p.
4. Orazbakova, G.O. Aktivaciya samostoyatel'noj deyatel'nosti studentov cherez srs i srsp [Activation of students' independent activity through srs and srsp] / G.O. Orazbakova // BULLETIN OF KAZNMU No.3-2015.-. pp.432-433
5. Primenenie informacionno-kommunikacionnyh tekhnologij v obrazovanii [Application of information and communication technologies in education] [Electronic resource]: electronic educational and methodological manual / A.V. Sarafanov, A. G. Sukovaty, I. E. Sukovataya, etc. Krasnoyarsk: CPI of KSTU. 2006. Access mode: [http://window.edu.ru/resource/923/60923/files/book2 . pdf](http://window.edu.ru/resource/923/60923/files/book2.pdf). The use of digital technologies in the educational process of higher education I. V. Karabel'skaya (date of application: 12.01.2023).

6. Schaefer, E. A. Ispol'zovanie cifrovyyh tekhnologij v obrazovatel'nom processe [The use of digital technologies in the educational process] [Electronic resource]: // Young scientist/ E.A.Schaefer / 2021. — No. 16 (358). — Pp. 22-25. Access mode: <https://moluch.ru/archive/358/79973/> (date of access: 12.01.2023).

29.11.23 ж. баспаға түсті.

18.07.24. ж. түзетулермен түсті.

03.12.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Отарова, Т.Н. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы цифрлық платформалардың маңыздылығы [Мәтін] / Т.Н. Отарова, С.К. Тулебаева // Dulaty University Хабаршысы. — 2024. - №4. — Б.35-43
<https://doi.org/10.55956/PGBE6628>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ БІР БАҒЫТЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Дене тәрбиесі және спорт үйлесімді жан-жақты адам тәрбиелеуге бағытталған. Бұл міндетті шешуге ұлттық, халықаралық, интернационалдық тәрбиенің күллі әдістері мен құралдары бағытталған. Біздің пікірімізше, ұлттық әсіресе шығыс халықтарында дене тәрбиесін, спортты және дене шынықтыруды көп дәрежеде қамтиды. Осы мағынада алғанда дене тәрбиесі мен спорт өнермен ұқсас. Нақты зерттеулер жүргізу кезінде алынған қоғамдық пікір, міне, осыны дәлелдейді. Қазіргі қоғам дамуы жағдайында, спорт пен дене тәрбиесінің ұлттық формалары мен құралдарында ұлттық элемент бұрынғысынша, оларды дамытудың өзгеше (спецификалық) бағытын құрайды, өйткені, онымен қозғалтқыш қызметінің сипаты ғана емес, тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру әдістері мен өзіндік ережелері байланысты. Қазақ халқының дене шынықтыруы осы заманғы дене тәрбиесінде кеңінен пайдаланылуы тиіс. Ол қазіргі дене шынықтыру мен спорттың негізгі талаптарын қанағаттандырып, білім, тәрбие беру, сауықтыру қызметін орындайды.

Тірек сөздер: дене тәрбиесі, дене шынықтыру, спорт, ұлттық тәрбие, интернационалдық тәрбие.

Кіріспе. Ұлттың рухани бейнесі - күрделі құбылыс. Оның құралып қалыптасуына әр түрлі сипатты халықтық құбылыстар қатысады. Бір қатар құбылыстар кешені ұлттық рухани бейнесімен байланысты. Олардың қатарына ұлттық мүдде, сана-сезім, сезім, мәдениетін, тілін, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін жатқызуға болады. Сондай-ақ, дене тәрбиесі мен спорт ұлттың рухани бейнесімен тығыз байланысты. Өйткені, олар ұлттық тұрмыстың элементтерінің бірі болып табылады. Осы замандағы ұлттық мәселелер бойынша, Отандық ғалымдар және ТМД елдерінің ғалымдары бірқатар еңбектер жариялады.

Осыған қарамастан, ұлттық табиғатты әлеуметтік-философиялық және педагогикалық зерттеудің шеңберін кеңейту қажеттілігі сезіледі.

Бұл аталған құбылысты түсінушілікте алақұлылықтың болуынан туып отыр. Күрделі қоғамдық феномендер ретінде дене тәрбиесі мен спорт өз ішінде қоғамда жасалған жүріс-тұрыс нормаларын, ал бұлар «адамдардың өмір тіршілігінде белгіленіп, олардың дағдыларына, олардың тұрмыс салтының, ұлттық өмірдің құрамдас бөлігіне айналады. Ұлттың өмірі дене тәрбиесі мен спорт саласындағы ұлттық тәрбиені анықтай береді». Демек, ұлттық тәрбиені және ол қоғамдық өмірдің басқа құбылыстарымен қатынасын әрдайым даму жағдайында, нақты жағдайлармен, күллі қоғамның, жеке ұлттың, кемелдену деңгейімен, олардың өмірлері мен өзара қарым-қатынастарының басқа жақтарымен тығыз байланыста болуы керек.

Ұлттық тәрбиенің табиғаты әрі күрделі, әрі қарама-қайшылыққа толы. Адамдардың «туыстық сезімге» барынша жақын екендігі қашаннан белгілі. Мұның өзі ұлттыққа байыппен келуді, оны әрбір халықтың, әрбір ұлттың нақты жағдайларына сәйкес қарастыруды талап етеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Неміс ғалымы В.Зигер былай деп жазды: «Дене тәрбиесін қоғамдық құбылыс, мәдениет пен тұрмыс салтының құрамдас бөлігі, адамдардың нақты тарихи әлеуметтік топтарының тәрбиесі ретінде айтқанда, біз тәнді (денені) жетілдірудің әлеуметтік-мәдени жағдайларының, сонымен қатар белгілі бір жеке адамның тарихи тұрғыдан әлеуметтік қалыптасуының жиынтығын айтамыз. Жалпы адамзаттық және әлеуметтік дамудың нақты тарихи формасы болған ұлт сонымен бірге халықтың ұлттық ерекше спецификалық белгілерін алып жүруші де болған, ол жеке адамның тарихи құралуының (қалыптасуының) негізі болып та қызмет етеді. Жеке адамның тәрбиесін қалыптастыруға бағытталған дене тәрбиесі мен спорт өз ішіне көптеген құбылыстарды алып, ұлт өмірінің құрамдас бөлігі болып кіреді. Ұлттық өмірі дене тәрбиесі мен спорттың айырмашылық белгілерін, олардың имандылық негіздерін, педагогикалық үрдістің ерекшеліктерін белгілеп береді. Дене тәрбиесі мен спорттағы ұлттық тәрбие өзара байланысы үрдістердің тұтас бір жүйесін ұсынады, оның басты компоненттері (сыңарлары) жалпы адамдық, әлеуметтік, ұлттық өзгелік болып табылады. Күллі адам атаулының дүниені бейнелеу заңдары ұқсас, әрбір жекелеген жағдайда ұлттық тәрбие жалпы адамзаттық қана емес, ұлттық өзгеше (спецификалық) тәрбиені, іске асырушы ретінде көрініс береді.

Ұлттық тәрбиеде жалпы адамдық белгілердің болуы ұлттық тәрбие ұғымын мазмұны жағынан кең әрі терең ете түседі.

Ұлттық тәрбиенің құрамындағы жалпы адамзаттық қоғам қызметінің нақты саласындағы өзара әрекеттесудің, өзара кірігудің нәтижесі болып табылады. Сондықтан, дене тәрбиесі мен спорттағы ұлттықты қоғамдық қатынастардың күллі жиынтығынан оқшау алып қарастыруға болмайды.

Ұлттық өзгешелікті құрайтын элементтер алуан түрлі. Кейбір ғалымдар атап көрсеткеніндей, өзгеше белгілері болмайтын үлкенді-кішілі ұлттар болмайды. Сондай-ақ, бір-бірінен ерекшеленбейтін жүйесі жоқ дене тәрбиесі де болмайды.

Сондай-ақ оның шығу тектері де, даму бағыттары да әр қилы. Қарастырылып отырған мәселеге келетін болсақ, алуан түрлі аса ірі халықаралық ғылыми конгрестер мен симпозиумдерде антик дәуірінен бері дене тәрбиесінде жалпы адамзаттық белгілер бар деген қағида әлденеше рет атап өтілді. Дене тәрбиесі мен спорттағы ұлттықтың өз даму заңдылықтары бар, ол ұлттық өмірдің көптеген жақтарын орынды қозғайды. Бұл жайында кей-кейде таяу және алыс шет ел ғалымдары да жазып жүр. Солардың бірі, мәселен, ұлттық тәрбиеге мынадай түсінік береді: «Дене мәдениетінің ұлттық ерекшеліктері ұлттық нақты өмір жағдайларында тарихи қалыптасқан дене шынықтыру жаттығуларының, ойындарының, спорттың өзіндік бір формаларын, өзіндік бір ережелері мен дене қызметін ұйымдастыру тәсілдерін, оған деген дәстүрлі қатынастарын (бұл қатынастарда ұлттық тұрмыс салты мен психикалық құрылым ерекшеліктері көрініс береді) білдіреді. Мұндағы интернационалдық белгілер ұлттық

мәдениеттердің өзара әрекетінің, өзара кірігуінің нәтижесі болып табылады.

Бұл айтылған пікірден шығатын қорытынды, дене тәрбиесімен спорттағы ұлттық тәрбиені мүлде оқшау құбылыс ретінде қарастыруға болмайды, өйткені ол өз ішіне мынадай құбылыстар тобын «олар белгілі бір ұлттың барлық адамдарына тән» құбылыстарды алады. Осы заманғы дене тәрбиесі мен спортта ұлттық тәрбие интернационалдық тәрбиесіз толық мағынасында өмір сүруі мүмкін емес, өзара бір-бірін байыту, өзара ықпал ету олардың даму бағыты мен сипатын анықтайды. Алайда нақты өмірде ұлттық форма мен мазмұнның көрінуі субъективтік факторлармен араласып кетеді. Мұның өзі бұл үрдістің дамуына мақсатты түрде ықпал ету мүмкіндіктерін туғызады. Бұл айтылғанның жарқын мысалы ретінде дене тәрбиесінде сабақ жүргізудің кейбір осы заманғы тенденцияларын айтуға болады. Мұндай сабақ оқыту кезінде ұлттық және халықаралық спорт түрлерін қоса алғанда ойындардың ұлттық элементтері толық пайдаланылады. Сонымен дене тәрбиесі мен спортта ұлттық, тәрбие ұлттың тіршілік ерекшеліктерінен туады, онда ежелгі дүниенің қазыналары да болады. Тарихи көзқарас тұрғысынан алғанда, онда «таза» ұлттық нәрселер қанша, басқа халықтардан ауысқаны қанша, бұл жайтты түсіндіру көп қиындық келтіреді. Өйткені, басқалардан алынған дүниелердің өзі тұрмысымызға өзіміздікіндей болып сіңісіп кеткен. Мәселен, көкпар, қыз қуу, аударыспақ, күміс алу, тоғыз құмалақ, жорға жарыс сияқты ұлттық ойындарға қазақтың немесе Орта Азия халықтарының, бізге іргелес шығыс елдерінің қосқаны қанша, әлбетте, анықтау қиын. Қиын болатын себебі, ежелден бұл халықтар ауылы аралас, қойы қоралас өмір сүріп келеді, олардың арасында ежелгі замандардан

бері келе жатқан этномәдени байланыстар бар. Алайда, қазіргі ұрпаққа тарихи тамырлардан гөрі, оларда осы заманғы дене тәрбиесінің мазмұнын байытатын қаншалықты озық құндылықтар бар. Міне, оларды осы мәселе қызықтырады.

Зерттеу нәтижелері. Мақсаты: жеке адамды қалыптастыруда, ұлттық, рухани дамыту, өз мүддесі мен қоғам мүддесін үштастыра білетін, зиялы адамгершілігі мол, денсаулығы мықты бүгінгі және келешектің талаптары мен жүгін ілгері апара білетін жастарды тәрбиелеу.

Дене тәрбиесі және спорт үйлесімді жан-жақты адам тәрбиелеуге бағытталған. Бұл міндетті шешуге ұлттық, халықаралық, интернационалдық тәрбиенің күллі әдістері мен құралдары бағытталған. Нақ осында, дене тәрбиесі мен спорт саласында жүзеге асырылған терең үрдістің мән-мағынасы жатыр.

Әдістер: Теориялық талдау жасау әдістері; ғылыми әдебиеттердегі жинақталған зерттеу материалдарын жүйелеу мен жалпылау; білім беру мекемелеріндегі ғылыми-әдістемелік тәжірибе деректері.

Ұлттық тәрбиедегі күллі құндылықтар мен озық атаулының бәрі өзінің рухы бойынша басқа халықтарға сөзсіз жақын. Бұл озық атаулының бәрін тек ұлттық деп қана емес, интернационалдық деп те түсінуіміз керек. Бұл жерде мына бір маңызды тарихты ескеру қажет. Әдетте интернационалдық атаулы ұлттық арқылы көрініс береді.

Осы заманғы ұлттық форманың дамуында көптеген интернационалдық болғанына бұл атау сол қалпында қала береді. Мұны дене шынықтыру мәдениеті мен спорттың ұлттық формасына қатысты деп айтуға болады. Егер, оларда ұлттық өзгеше, ұлттық айрықша белгілер болмаған болса, онда

олар спорттың классикалық түрлері деңгейінде дене шынықтыру мен дене тәрбиесінің интернационалдық көлемінде таратылған болар еді.

Дене тәрбиесінің ұлттық жүйесінде, спорт пен дене шынықтыру мәдениетінің ұлттық формаларында жалпы маңыздылыққа ие нәрселер бар. Сондықтан да, көптеген халықтарға олар әрі түсінікті, әрі қолайлы. Осының нәтижесінде олармен интернационалдық нәрселер оп-оңай кіріге алады.

Алайда, ұлттық және интернационалдық нәрселердің өзара әрекеттерінің қарқыны ең алдымен қоғам өмірінің тарихи жағдайларына байланысты.

Бір қатар ғалымдар бұл құбылыстардың салыстырмалы түрде екенін ескере отырып, тарихтың әрбір жаңа кезеңінде ұлттық және интернационалдық нәрселер жаңа бірлік ұсына алады деген тұжырымға жүгінеді.

Қазақстандағы спорт пен дене тәрбиесі мысалдары арқылы ұлттық дамудың бұл сияқты үрдістерін айқын әрі түсінікті түрде көрсетуге болады. XIX ғасырдың аяқ шені мен XX ғасырдың бас кезінде ұлттық тәрбие өз мазмұнына ең алдымен ұлттық өзгеше, ал интернационалдықтан - негізінен халықаралық жарыстар ережелерінің жекелеген элементтерін соның өзінде, тек ат спорты түрлерін алады.

XIX ғасырдың 90-жылдары ұлттық, тәрбие спорт пен дене тәрбиесінің туыстас ұлттық формаларынан ғана емес, көптеген интернационалдық, халықаралық құралдар мен дене тәрбиесінің формаларынан, олимпиялық ойындарды қоса алғанда ойындар мен спорт түрлерінен осы құнды, озық көптеген нәрселерді алды.

Қазіргі демократиялық қоғам жағдайында ұлттық, итернационалдық құрамына кіреді, керісінше де болуы

мүмкін. Кайтадан табылған интернационалдық жекелеген ұлттардың жеетістігіне айналып, бірте-бірте интернационалдыққа өтеді. Соның өзінде ұлттық нәрсенің интернационалдыққа өту үрдісі олардың бірлігіне нұқсан келтірмейді. Бұған ұлттық спорт түрлерінен бір мысал келтірелік. Қазақтың жалпы ату, қырғыздың күресінде, өбектің Бұқара ережелері бойынша күресінде қаншама өзара өту үрдістері болды десеңізші. Бұл табиғи нәрсе. Қазіргі күндердегі анағұрлым жетілдірілген спорт түрлері мен спорт ойындары нақ осындай жолдан өткен.

Қазіргі қоғамның дамуы жағдайында ұлттың және интернационалдық диалектикасындағы жаңалықтың мәнісі мынада, біріншісі (ұлттықты айтып отырмыз.) барған сайын жақындап, екіншісі араласып кетіп отыр.

Екеуі өзара байланысты, себепші болып отырған үрдіс көз алдымызда өтіп жатыр; бір мезгілде ұлттық атаулының формалары көбейіп, мазмұны сөзсіз байып, ұлттықпен қарым-қатынаста әрқашанда анықтаушы болып табылатын, интернационалдықтың ролі тоқтаусыз арта түсіп келеді. Бұл жақындасудың мәнісі сол, ұлттық, интернационалдық ендігі жерде тұтас алғанда, интернационалдық негізінде дамып отыр, бұл даму ұлттық атаулыда интернационалдықтың үлесін ұлғайту жолымен жүргізіліп отыр. Ұлттықты интернационалдық деңгейге көтерудің жалпы маңыздылығы зор мәселе.

Дзю-до қазіргі кезде тек жапонның ұлттық күрес ойыны ғана емес, олимпиядалық ойындар бағдарламасына енетін кең тараған халықаралық спорт түрі болып табылады. Спорттың СУМО күресі туралы да осыны айтуға болады. 1996 жылы СУМО жөнінде дүние жүзілік спорт федерациясы құрылып, ойдағыдай жұмыс істейді. Кеңес Одағында 30-шы жылдардың бас

кезінде күрестің ұлттық түрлерінен, қарусыз өзін-өзі қорғау тәсілдерінен келіп шыққан Дзю-доны еске түсіретін жаңа спорттық күрес - самбо күресі пайда болды. Осы ойында қазақша күрес әдістері кең қолданылады. Бүгінде самбо бойынша дүние жүзілік чемпионат өткізіледі. Бүгінгі таңда Самбо күресі ұлттық және ұлтаралық спорт түрлерін интернационалды, халықаралық спорт түрлері дәрежесіне көтерудің классикалық мысалы болып табылады.

Осы заманғы спорт және дене тәрбиесі жүйесінің ұлттық мәнін тереңдету ерекше маңызды мәселеге айналып отыр. Сондықтан да, бұл мәселеге ғылыми диалектикалық тұрғыдан келу керек. Сонымен қатар, спорт пен дене тәрбиесі саласындағы кейбір мамандар тарапынан бұл мәселе дұрыс түсіндіріліп жүрген жоқ.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Зерттеу үстінде біз қазақ халқы дене шынықтыруының этнопедагогикасын зерттеудің міндетті шарты, жалпы адамзат мәдениеті теориясы және қимыл қызметі теориясы (еңбек, дене шынықтыру) тұрғысынан оның пайда болуы мен дамуына талдау жасау екенін ұқтық. Соның өзінде халықтың дене шынықтыру теориясының мәдениет тану негіздерін жасауда басқа елдердің, әсіресе Орта Азия елдерінің тәжірибесін кеңінен пайдалану қажет. Мұның бәрі мәдениет теориясын байытуға жәрдемдесетін болады. Мәселеге бұлайша келудің қажеттілігі жалпы алғанда мәдениеттің жеке алғанда, дене шынықтырудың адамды объективтік бағдарға алу бірлігімен анық-талады. Сондай-ақ ол субъективтік фактормен де анықталады, тегінде мәдениеттің бір түрі - дене шынықтыруды адам жасайды, ол оның қасиетін, қабілетін сипаттайды.

Қазақ халқы өзінің көп ғасырға созылған тарихында дене шынықтыру жүйесін көздейтін халық педагогикасын

жасау керек. Ол тән қасиетгерін, мінез-құлықтың имандылық мөлшерін тәрбиелеуге жәрдемдеседі.

Қимыл ойындары, жарыстар, спорт түрлері және су мен ауаны пайдалану құралдары қимыл-қаракет қасиеттері (күшті, әбжілдікті, тездікті, ептілікті) жетілдіруге бағытталған. Сондай-ақ халықтар ат пен түйеге мініп жасайтын қимылдардан үйлестіруге жәрдемдесетін ойындарды кеңінен пайдалану керек. Қазақ халқының күллі ойындары отбасылық және еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты. Бұл халықтардың спорт түрлері мен ойындары арасында генетикалық байланыс бар.

Бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі сабақтары көбіне халықтық қимыл ойындары 70-ке 30 %, орта сыныптарда 50-ге 50%, ал жоғары сыныптарда 20-ға 80% сәйкес келетін жағдайларда өткізілуге тиіс. Орта және жоғары оқу орындарында оқытылатын сабақ кестелеріне халық ойындары мен дене шынықтыру жаттығуларын енгізу керек.

Қазақ халқының дене шынықтыру құралдары сабақтан тыс өткізілетін дәрістер үшін кеңінен қолдануы қажет. Мектепке дейінгі мекемелерде және бастауыш сыныптарда, оқытылатын сабақтарда, қимыл ойындары оқыту мен тәрбиенің пәні болуға тиіс. Қалған сыныптарда оларды осы заманғы спорт түрлерінен, дене шынықтыру элементтерімен бірге пайдалану керек.

Қазақ халқының арасына халықтық дене шынықтыру кеңінен тарату мақсатында Республикада, облыстарда, қалаларда, аудандарда, мектептерде спорт түрлері мен халықтық қимыл ойындары бойынша кешенді спартакиадалар өткізілуі қажет. Сондай-ақ аумақтық бүкіл халықтары үшін жарыстар жүйесін жасау керек.

Қазақ халқының мерекелеріне (мемлекеттік, діни, дәстүрлі-білім

беретін шараларына) қатысу жеке адамның дене шынықтыруын қалыптастыруға ғана емес, жалпы әлеуметтік мәселелерді, атап айтқанда, халықтар (этностар) арасындағы байланыс-тарды нығайтуға жәрдемдеседі.

Қазақ халқының ұлттық мерекелерінің сән-салтанатына, мазмұнына оған қатысушылар мен көрермендер дән риза, соның негізінде сұралған байырғы емес ұлттар өкілдерінің үштен екісі мерекелерді өз көзімен көріп, қатысқанын айтып, оларға оң бағасын берген.

Бүгінде, тұтас алғанда, Қазақ халқының дене шынықтыруын қайта туғызу үшін қолайлы жағдай қалыптасып отыр. Ұлттың өзін-өзі тануы, ұлттық мәдениетті қайта туғызу, байырғы емес халықтың дене шынықтыру-сауықтыру шараларына (мерекелерге, жарыс-тарға, ойындарға т.б.) қатысуы халық мәде-ниетін жақыннан тануға, қазақ халқының дене шынықтыру саласындағы жетістіктерін баға-лауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында «Дене шынықтыру мен спорт туралы заңыны»

қабылдануы, «Күрес» ұлттық күресін одан әрі дамыту туралы» қабылданған қаулы, педагогикалық үрдісте дәстүрлі тәрбие әдістерін, оның ішінде, қазақтардың қимыл ойындарын пайдалану, балалардың дене, имандылық, ой және эстетикалық тәрбиесінің арсеналын елеулі түрде кеңейтуге мүмкіндік туғызады, жастардың ұлт ретінде өздерін-өздері тануын дамытады, қарым-қатынас жасау шеңберін кеңейтеді, сайып келгенде, қазақ халқының мәдени мұрасымен танысуға жағдай жасайды.

Қорытынды. Аталған зерттеу мәліметтері мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді, қазақ халқының дене шынықтыруының этнопедагогикасын одан әрі дамыту мүдделері үшін аймақта тұратын халықтардың дәстүр-леріне, әдет-ғұрыптарына, мінез-құлықтарына және олардың қажеттіліктеріне сәйкес дене тәрбиесі бойынша сабақтардың құрылымын, мазмұны мен формасын жетілдіру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Құралбекұлы, А., Әкімбайұлы С. Оқушылар дене шынықтыруының этнопедагогикалық негіздері. Монография [Мәтін] / Алматы: Қазақтың Мемлекеттік спорт және туризм академиясы. – 2000. - 295 б.
2. Элашвили, В.И., Мильштейн, О.К. Общие черты и тенденции развития физической культуры. Очерки по теории физической культуры [Текст] / В.И. Элашвили, О.К. Мильштейн. – М., ФиС, 1984. – 83-91,210 б.
3. Национальные отношение в развитом социалистическом обществе [Текст] // Сб. науч. статей. – М.: Мысль, 1978. - 318, 159 б.
4. Оңалбеков, Ж.М. Национальные спортивные интересы в системе межнациональных отношений [Текст] / Ж.М. Оңалбеков. – Алматы. - 1993, 2-16 б.
5. Оңалбеков, Ж.М. Физическая культура в сфере межличностных отношений [Мәтін] / Ж.М. Оңалбеков– Алматы, 1993, 22-23 б.

С.А. Абилдабеков

Южно-Казахстанский Педагогический Университет им.У.Жанибекова, г. Шымкент, Казахстан

ОДНИМ ИЗ НАПРАВЛЕНИЙ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ И СПОРТУ

Аннотация. Физкультура и спорт направлены на объединение гармоничного многомерного воспитания человека. Все методы и инструменты национального, международного, интернационального образования направлены на решение этой задачи. По нашему мнению, национальная, особенно в восточных нациях, предполагает много занятий физкультурой, спортом и физической подготовкой. В этом смысле физическое воспитание и спорт похоже на общую культуру. Общественное мнение, полученное в ходе исследования, подтверждает это. В современном обществе национальный элемент спорта и физической подготовленности до сих пор является отличительной чертой их развития, так как это не только характер двигателя, но и методы и принципы организации учебного процесса.

Физическая культура казахского народа должна найти широкое применение в современном физическом воспитании. Он выполняет основные требования современного процесса физического воспитания и спорта, а также осуществляет образование, воспитание и оздоровление общества.

Ключевые слова: физическое воспитание, физическая культура, спорт, национальное воспитание, интернациональное воспитание.

S.A Abildabekov

South Kazakhstan Pedagogical University named after U.Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan

ONE OF THE DIRECTIONS OF NATIONAL EDUCATION IS THE ACTIVITY OF PHYSICAL CULTURE AND SPORTS

Abstract. Physical education and sport are aimed at combining harmonious multi-dimensional education of a person. All methods and tools of national, international, international education are aimed at solving this problem. In our opinion, national, especially in the eastern nations, involves a lot of physical education, sports and physical training. In this sense, physical education and sports are similar to a common culture. The public opinion obtained during the study confirms this. In modern society, the national element of sport and physical fitness is still a distinctive feature of their development, since this is not only the nature of the engine, but also the methods and principles of organizing the educational process. The physical culture of the Kazakh people should find wide application in modern physical education. He fulfills the basic requirements of the modern process of physical education and sports, and also carries out education, training and rehabilitation of society.

Key words: physical education, physical culture, sport, national education, international education.

References

1. Kuralbekuly, A., Akimbayuly S. Оқушылар дәне шынұқтыруынұң etnopedagogikalық negizderi [Ethnopedagogical foundations of Physical Culture of schoolchildren] Monograph [text] / Almaty: Kazakh state Academy of sports and tourism.-2000. - 295 p.

2. Elashvili, V. I., Milshtein, O. K. Obshchie cherty i tendencii razvitiya fizicheskoy kul'tury. Ocherki po teorii fizicheskoy kul'tury [General characteristics and trends in the development of Physical Culture. Essays on the theory of Physical Culture] [text] / V. I. Elashvili, O. K. Milstein. – Moscow, FIS, 1984. - 83-91, pp. 210.
3. Nacional'nye otnoshenie v razvitom socialisticheskom obshchestve [National attitude to the development of the socialist society] [text] // Collection of scientific articles. – Moscow: Mysl, 1978. - 318, 159 p.
4. Onalbekov, Zh.M. Nacional'nye sportivnye interesy v sisteme mezhnacional'nyh otnoshenij [National sports interests in the system of international relations] [text] / Zh.M.Onalbekov. - Almaty. - 1993, pp. 2-16.
5. Onalbekov, Zh.M. Fizicheskaya kul'tura v sfere mezhlichnostnyh otnoshenij [Physical Culture in the sphere of inter- ethnic relations] [text] / Zh.M.Onalbekov-Almaty, 1993, pp. 22-23.

10.01.24 ж. баспаға түсті.

5.11.24 ж. түзетулермен түсті.

03.12.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Абилдабеков, С.А. Ұлттық тәлім-тәрбиенің бір бағыты – дене шынықтыру және спорт қызметі [Мәтін] / С.А. Абилдабеков // *Dulaty University Хабаршысы*. – 2024. - №4. Б. 44-51
<https://doi.org/10.55956/XOXU2838>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

A.Taiyrkyzy 

2nd year master's student
Korkyt Ata Kyzylorda University
Kyzylorda, Kazakhstan
ttolintairkizi@gmail.com

INNOVATIVE METHODS OF TEACHING WRITING IN ENGLISH USING GAME ELEMENTS

Abstract. *This scientific article examines the effectiveness of innovative methods of teaching writing in English using game elements. The article explores how games on word writing, story building, grammar exercises, modern programs and other game activities increase students' writing skills and motivation to learn English.*

The results show that the introduction of game elements in teaching writing in English not only makes the learning process more interesting, but also leads to a deeper understanding and memorization of the material. Overall, this study shows the potential for using game elements in teaching English writing as a way to improve student performance and attendance.

In addition, the effectiveness of innovative methods of teaching writing in English using game elements is studied.

Keywords: *writing in English, innovative methods, game elements, education, language learning, motivation, skills development.*

Introduction. Currently, the issue of modernization of Kazakhstan's education is relevant. From such concepts of assessing the results of education as "readiness", "competence", there is a reorientation of students. At the same time, one of the goals of teaching a foreign language is the development of students' communicative competence in a foreign language, the ability and readiness to carry out interpersonal and intercultural communication with native speakers. Communicative competence implies the ability to use all types of speech activity, i.e. Reading, Listening, Speaking (monologue, dialogue), writing [1,252p].

As in many other countries, Kazakhstan is interested in innovative methods of teaching writing in English. Educational institutions in the country are

actively introducing new approaches and technologies to improve learning efficiency and motivate students.

Methods and materials. Theoretical and empirical approaches were used to study innovative methods of teaching writing in English using game elements. At the first stage, an analysis of scientific literature on gamification, pedagogical technologies and the development of written speech was conducted. The main focus was on the study of international and domestic practices, as well as educational platforms such as Storybird, Padlet and Kahoot. In addition, a survey was conducted among 60 students (A2-B1 level) and 20 English teachers to assess the perception of game methods and their impact on motivation and engagement.

At the second stage, a pedagogical experiment was carried out, in which the control group was taught using traditional methods, and the experimental group was taught using game elements. Written assignments, as well as midterm and final testing, were used to assess the effectiveness. The data were analyzed using statistical and qualitative methods, including a comparative analysis of academic performance, observation of student engagement and assessment of the quality of written work. The results of the experiment confirmed that game methods contribute to improving grammatical accuracy, expanding vocabulary and increasing interest in the learning process.

Results and discussion. In general, innovative methods of teaching writing in English in Kazakhstan are designed to make the learning process more effective, interesting and accessible to students, which should ultimately lead to an improvement in their language skills and learning outcomes.

In today's modern world, teaching foreign languages is becoming more and more interactive and interesting due to the use of innovative methods that include game elements. This is especially true in teaching English to write, because here games can be an effective tool for developing writing, literacy and creative thinking skills [2,69p.].

When planning classes, the teacher needs not only to ensure that students remember new words, this or that structure, but also to try to create all the opportunities for the development of the personality of each child. In order to maintain students' interest in their subject, it is important to try to understand what methods of work captivate children.

We, foreign language teachers, are constantly looking for ways to improve the quality and effectiveness of teaching a foreign language. Our main task is to ensure

that interest in learning a foreign language does not disappear.

In turn, game technologies are an effective teaching tool that activates the mental activity of students, makes the learning process attractive and interesting, and distracts and distracts students. This is a powerful incentive to increase the motivation for mastering a foreign language [5].

One of the main advantages of using game elements in teaching English to write is to increase the motivation of students. The games create an atmosphere of fun and competition that encourages students to actively work to improve their writing skills. In addition, Games contribute to the formation of stable skills and memorization of new information, since the educational material is presented in a more accessible and interesting way.

As L. S. Vygotsky said [3]: "the game is driving development." The developmental significance of the game lies in its nature, because the game is always emotions, and where there is emotion, there is activity, there is attention and imagination, and there is thinking. For some reason, the game is very attractive for participants of any age. Schoolchildren devote a lot of effort, time, creative ingenuity to participating in the game, so the game, being a tool of pedagogy, can use all these opportunities for educational purposes. That is, if we put the content of education in a game Shell, we can solve one of the main problems of pedagogy – the problem of stimulating educational activity. Hence the conclusion: the game teaches. That is why talking about the game as a teaching method is considered very effective.

According to the results of the study, the game as a teaching method is based on the concept of situational learning (L.S. Vygotsky) and the theory of constructivism (D. Dewey). Students learn the material


better if the learning takes place in a natural and exciting environment. Elements of the game contribute to:

- Reducing anxiety.
- Increasing motivation.
- Improving long-term memory.

One example of innovative ways to teach writing in English using game elements is the game "word bridge". In this game, students must create a sequence of words in which each new word begins with the last letter of the previous one. In addition to training writing skills, this game develops vocabulary and develops logical thinking [4].

Another example could be an association game in which students are asked to write a short text or story using the given words or phrases. This game helps to develop creative thinking, associative

Picture 1.



As for the individual emphasis on each approach shown in Picture 1, first of all, technologies such as the use of technology, mobile applications, online learning platforms and video lessons allow students to learn the language in an interactive and convenient way. This also includes the use of online games, chatbots and virtual reality[10].

Secondly, the use of game elements in teaching according to the identification method helps to increase the student's motivation and makes the learning process more interesting. Games, crosswords,

thinking and improve spelling and punctuation skills.

The use of game elements in teaching writing in English makes the learning process interesting, effective and effective. Taking into account current trends in education, it is important to continue to study and develop new game methods that will help children develop their writing skills in English with pleasure and efficiency [7].

Innovative methods of teaching a foreign language play a crucial role in modern education, ensuring the most effective and attractive teaching of the language.

At the same time, we can highlight some innovative methods of teaching English.

quizzes, and other game activities help develop language skills.

Multimedia approach the use of audio and video materials in the learning process helps children better understand and memorize language material. This can be watching movies, listening to audiobooks and songs in the target language. Platforms like Padlet, Storybird, and Kahoot provide interactive tools for teaching writing. For example, in Storybird, students create illustrated stories by working on the structure of the text and its content [6,7,11].

In the communicative approach, attention to the development of oral and

written communication in specific situations contributes to the rapid acquisition of the language. Various activities, such as role-playing games, discussions, and projects, help students put their language skills into practice.

And the use of interactive whiteboards, network collaboration tools and other tools in interactive lessons will stimulate students' participation and create an intensive learning environment. Crosswords, anagrams, and other word games develop spelling and basic writing skills. For example, in the game "Hangman", students learn to spell words correctly, which is useful for the beginner level [15].

These innovative methods of teaching English Help to make the learning process more effective, interesting and accessible for students of different ages and skill levels. Combining different methods and techniques allows you to create a rich and productive learning environment that contributes to the successful acquisition of a foreign language.

To confirm the relevance of using game methods in teaching writing in English, a survey was conducted among English teachers and students of educational institutions. The purpose of the survey was to identify attitudes toward game methods and their impact on motivation and learning effectiveness.

The survey consisted of two questionnaires[12]:

1) For teachers — included questions about the frequency of using game methods, their effectiveness and difficulties of implementation.

2) For students — contained questions about their perception of game methods, level of involvement and subjective assessment of improvement in writing skills.

A total of 20 English teachers from schools took part in the survey.

60 students studying English (A1-B2 level).

Survey Results

1. Teachers' Evaluation

80% of teachers noted that the use of game methods increases students' motivation, 65% indicated that game elements help improve writing skills, especially at the initial stages of learning. However, 40% of teachers noted that the introduction of game methods requires significant time and material costs. Only 25% use game elements regularly, the rest use them occasionally or do not use them at all.

2. Students' Opinions

75% of students stated that the game form of assignments makes the learning process more interesting, 68% noted that they better remember vocabulary and grammar constructions through game exercises, 50% reported that thanks to game methods, they became more confident in their writing skills and 20% of students prefer traditional teaching methods, explaining this by their serious approach to learning.

If we consider general observations, teachers and students are unanimous in the fact that game methods create a favorable atmosphere for learning.

The greatest effect was seen when using digital tools such as Kahoot or Storybird.

The survey results confirm that game methods contribute to:

- Increasing student motivation.
- Strengthening writing skills.
- Creating a comfortable learning environment.

At the same time, the results show that for the widespread introduction of game elements, a number of practical issues need to be addressed, including providing teachers with the necessary resources and training them to use these methods effectively.

Conclusion. In conclusion, the use of innovative methods of teaching writing in English using game elements demonstrates high efficiency in the modern educational process. Game approaches can significantly increase students' motivation, reduce anxiety and create a favorable environment for the development of written speech. The inclusion of interactive exercises, digital platforms and creative tasks contributes to a deeper assimilation of the material, improvement of spelling and grammar skills, as well as the development of creative potential.

Analysis of practical results shows that game elements are especially useful for students with different levels of preparation. They help to overcome the language barrier, develop confidence and increase interest in learning. Moreover, gamification encourages students to actively use English not only in the educational environment,

but also in everyday life. However, the implementation of game methods requires careful preparation and resources, such as access to digital tools, teacher training and adaptation of methods to a specific audience.

In addition, it is important to maintain a balance between the game and the academic component to ensure the comprehensive development of writing skills. Thus, the use of innovative methods with game elements is a promising direction in teaching English. It opens up new opportunities for adapting the educational process to the needs of modern society and creating conditions for successful language acquisition. The future of such approaches lies in the integration of new technologies, the development of adaptive methods and taking into account the individual characteristics of students.

References

- 1 Bal M. Use of digital games in writing education: An action research on gamification // Contemporary Educational Technology. – 2019. – T. 10. – №. 3. – C. 246-271.
- 2 Zakaria N.Y.K., Hashim H. Game-based assessment in academic writing course for pre-service teachers // TESOL International Journal. – 2020. – T. 15. – №. 1. – C. 65-73.
- 3 Vygotsky, L.S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. — Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978.
- 4 Syafiqah Yacob N., Md Yunus M. Language games in teaching and learning English grammar: A literature review // Arab World English Journal (AWEJ) Volume. – 2019. – T. 10.
- 5 Susanto D.A. et al. Teachers' perceptions towards teaching writing using word games; the case study of junior high schools in Semarang, central Java, Indonesia. – 2017.
- 6 Storybird [Electronic resource]: Interactive platform for creating stories. Access: <https://storybird.com>.
- 7 Kahoot [Electronic resource]: Game platform for learning. Access: <https://kahoot.com>.
- 8 Deterding S., Dixon D., Khaled R., Nacke L. From Game Design Elements to Gamefulness: Defining "Gamification". - Proceedings of the 15th International Academic MindTrek Conference, 2011.
- 9 Clark R.E. Learning through play: myth or reality? // Science and education. - 2019. - №2.
- 10 Morozova T.N. Using digital technologies in teaching foreign languages. - Bulletin of pedagogy, 2020. — №3.
- 11 Dzhandarova G.N. Modern pedagogical technologies of teaching in English lessons // Modern educational technologies in the global educational space. - 2016. – No. 3. – pp. 79-83.
- 12 Afshar H.S., Rahimi M. (2016). Reflective thinking, emotional intelligence, and speaking ability of EFL learners: Is there a relation? Thinking Skills and Creativity, 19, 97-111. <http://dx.doi.org/10.1016/j.tsc.2015.10.005>
- 13 Brown H.D. (2007). Principles of language learning and teaching. Pearson.

- 14 Buysse L. (2020). It was a bit stressy as well actually. The pragmatic markers actually and in fact in spoken learner English. *Journal of Pragmatics*, 156, 28-40.
Қазақ даласындағы билер соты – халқымыздың құқықтық мәдениеті мен рухани құндылықтарының ажырамас бөлігі, әділеттілік пен даналықтың символы. Билер сотының тарихи және философиялық негіздерін зерттеу бүгінгі

күні ерекше маңызды, себебі ол қазақ қоғамының дәстүрлі құқықтық жүйесін, моральдық және әлеуметтік құндылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманда құқықтық жүйені жетілдіру, әділеттілікті сақтау, адамгершілік пен парасаттылықты нығайту қоғам үшін өзекті мәселелерге айналған. Билер соты осы құндылықтарды нақты іс жүзінде қолданудың үлгісі болып табылады. Билердің шешім қабылдау үдерісі, олардың әділеттілік пен моральдық қағидаттарға сүйенуі, халықтың бірлігі мен тұтастығын сақтау мақсатында жұмыс істеуі – бүгінгі қоғамның құндылықтарына да сәйкес келетін тәжірибе.

Сонымен қатар, билер сотының философиялық аспектілерін зерттеу қазақ халқының дүниетанымының, адамгершілік ұстанымдарының және қоғамдық қатынастарға деген көзқарасының ерекшеліктерін ашуға көмектеседі. Бұл қазақ мәдениеті мен дәстүрін түсінуге, сондай-ақ осы мұраны қазіргі құқықтық және философиялық тұрғыда бағалауға негіз болады.

Осылайша, қазақ даласындағы билер сотының тарихи және философиялық негіздерін зерттеу – ұлттық құқықтық жүйенің даму жолдарын, әлеуметтік-мәдени бірегейлікті, халық даналығын сақтаудың, жетілдірудің және оны болашаққа жеткізудің өзекті тәсілі ретінде үлкен маңызға ие.

Зерттеу шарттары мен әдістері.

Қазақ даласындағы билер соты туралы зерттеулер қазақ халқының құқықтық және философиялық мұрасын түсінуге маңызды үлес қосады. Бұл тақырыптың зерттелуі бірнеше кезеңнен өтті және әр кезеңде түрлі ғалымдар билер сотының мәнін тереңірек ашуға тырысты. Ең алғашқы зерттеулерді ХІХ ғасырда орыс зерттеушілері мен саяхатшылары

бастаған болса, ХХ ғасырда қазақ ғалымдары, әсіресе Шоқан Уәлиханов, Әлихан Бөкейхан, Салық Зиманов және басқа да ғалымдар қазақ билерінің рөлі мен сот жүйесінің ерекшеліктерін жан-жақты зерттеді.

Шоқан Уәлихановтың зерттеулерінде билер институтының қалыптасуы мен оның құқықтық және әлеуметтік рөлі сипатталған [1].

Әлихан Бөкейхан қазақ қоғамындағы билердің рөлі мен сот жүйесінің ерекшеліктеріне талдау жасайды. [2]

С.З. Зиманов *Қазақтың билер соты – дала демократиясының үлгісі* атты еңбегінде қазақтың билер сотының демократиялық негіздерін, әділдік пен адамгершілік қағидаттарын ашып көрсетеді. [3]

Бүгінгі таңда билер сотының құқықтық, әлеуметтік және философиялық аспектілері жан-жақты зерттелуде. Билердің құқықтық рөлі мен сот үдерісінің ерекшеліктерін талдау қазіргі құқықтық жүйе мен ұлттық құндылықтарды түсінуге ықпал етеді. Сонымен қатар, билердің қазақ қоғамындағы рухани және моральдық жетекшілік рөлін анықтауға бағытталған философиялық зерттеулер де қарқынды дамуда.

Дегенмен, билер соты тақырыбының зерттелу деңгейінде әлі де толықтыруды қажет ететін тұстар бар. Атап айтқанда, билердің шешендік өнері мен даналық ұстанымдары, олардың заманауи құқықтық және мәдени құндылықтарға ықпалы әлі де кеңейтілген зерттеулерді қажет етеді. Билер сотының зерттелуі ұлттық құқықтық жүйенің тамырларын тереңірек түсінуге және қазақ қоғамының бірегей құқықтық тәжірибесін қазіргі заманға сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Билер сотын зерттеуде қолданылатын тиімді әдістер оның

рухани, тарихи және әлеуметтік қырларын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Зерттеудің маңызды тәсілдерінің бірі – философиялық талдау әдісі. Бұл әдіс билер сотының рухани және моральдық аспектілерін зерделеуге бағытталған. Билердің шешімдеріндегі әділеттілік, даналық және моральдық жауапкершілік сияқты этикалық қағидаттарды талдау арқылы олардың адамгершілік негіздері мен қоғамдағы әлеуметтік үйлесімділікті қамтамасыз етудегі ролін анықтауға болады.

Этнографиялық әдіс те билер сотының мәдени және әлеуметтік маңызын ашуға тиімді құрал болып табылады. Бұл тәсіл арқылы қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары тұрғысынан билердің қызметін қарастыруға, олардың этникалық сәйкестікті сақтаудағы және қоғамдық өмірдегі орнын түсінуге болады. Билер сотының ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтудағы ролі осы әдіс арқылы ерекше айқындалады.

Сонымен қатар, контент талдау әдісі тарихи дереккөздерді жүйелі түрде зерттеуді көздейді. Қазақ билерінің шешімдері, өсиеттері, сөздері және олар туралы жазбаларды талдау билер сотының құқықтық, әлеуметтік және мәдени ролін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы билер сотының құқықтық қағидаттарын ашып, оның тарихи контекстегі маңызын анықтауға болады.

Зерттеудің тағы бір маңызды тәсілі – социологиялық әдістер. Социологиялық сауалнамалар мен сұхбаттар қазіргі қазақ қоғамында билер сотының беделі мен танымалдылығын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бұл әдіс билер сотының қазіргі құқықтық жүйе мен ұлттық санадағы ролін анықтап, оның тарихи тәжірибесінің заманауи

құқықтық институттармен байланысын зерделеуге көмектеседі.

Осы әдістердің барлығын кешенді түрде қолдану билер сотының рухани, тарихи және әлеуметтік қырларын жан-жақты зерттеуге, оның қазақ халқының мәдениеті мен құқықтық жүйесіне қосқан үлесін толыққанды ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Қазақ даласында ежелден бері сот билігі дәстүрлі қоғамның әртүрлі қызметтерін, соның ішінде құқықтық қызметтерді де атқарған. Билер – рудың ақсақалдары ретінде құқықтық мәселелерді шешуге, төрелік айтуға жауапты болған. Шыңғыс әулетінің беделі қаншалықты жоғары болса да, дала тұрғыны қарапайым халық өкілдері де би бола алатын. Ерте замандардан бері билер сот төрелігін жүзеге асырып, маңызды құқықтық шешімдер қабылдады. Билердің айтқандары мен шығарған үкімдері ескеріліп, халық жиналысында әлеуметтік маңызы бар шешімдер талқыланып, билердің «сараптауынан» өткен соң, заңды күшке ие болып, баршаға міндетті деп саналды.

Қазақ халқының құқықтық мәдениетінің дамуы, әсіресе, хандық дәуірде, соның ішінде Қазақ хандығы кезеңінде ерекше қарқын алды. XVII-XVIII ғасырларда билер сотының беделі артып, оның ролін хандар да мойындады; көптеген билер ханның сенімді кеңесшілеріне айналып, заң шығару ісіне де атсалысты. Қазақ билерінің соты сатылмау, әділдік, адамгершілікке бейімділік, сот шешімдерінің қолжетімділігі мен ашықтығы сияқты қағидаларға сүйеніп, орнықты жүйе құрды. Билер шешім қабылдау барысында шешендік өнерді де шеберлікпен қолданып, шешімдерін дәлелдеу және негіздеу құралы ретінде пайдаланды.

Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесінің қалыптасуы елдің мемлекеттілік тарихына тән айрықша тарихи процестермен тығыз байланысты болды. Қазақ хандығының дербес мемлекет ретінде құрылуы дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының дамуына серпін беріп, соның негізінде беделді билер – халықтың «төрешілері» сот төрелігін жүзеге асырды. Билердің қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саясатына үлкен ықпал еткені белгілі, тіпті кей жағдайларда олардың билігі ханның билігінен де жоғары болды.

Қазақ билерінің сот жүйесінің ерекше қасиеттерінің бірі оның айқын руханилығында жатыр: билер дауларды шешуде рухани қағидаттарға үлкен мән берген. Би, ең алдымен, қазақ қоғамында қалыптасқан адамгершілік құндылықтарын ұстануға тырысқан. Осы арқылы би соты халқымызға аса құнды рухани мұра қалдырып, моральдық тұрғыдан жоғары сот ретінде өзінің маңыздылығын ешқашан жоғалтпады.

«Осылайша, биліктің барлық деңгейінде шешуші күш билер мен старшиналар кеңестері мен съездер түріндегі биліктің өкілді органдары арқылы мемлекеттік басқаруда үстем тап рөлін атқарған би-бабалар болды. Билер өзінің көшпелі қауымын құраған көптеген туыстарына сүйене отырып, мемлекеттің сыртқы ғана емес, ішкі саяси өмірінің барлық мәселелерін шешуге атсалысты, бұл хан сайлауында да көрініс тапты. Бұл кейбір зерттеушілердің пікіріне қайшы бос формальдылық емес, ханның іс-әрекетін бақылау мүмкіндігі болды. Ханның ықпалы мен билігі олардың қазақ қоғамындағы беделінен айтарлықтай төмен болды. Билер тобының әрекеттерін (әскер, мәжбүрлеу аппараты, жазалау санкциялары, т.б.) бақылауға қажетті ресурстары болмағандықтан, хан өз саясатында соңғысының қалауы мен

еркіне сүйенді» -деп тұжырымдайды Ж. С. Мажитова [4.21 б.].

«Қазақ сахарасындағы сол кезеңдерді «алтын ғасыр» деп атап жүр. Ол дұрысында да солай. Өйткені қоғамдық қатынастар адамдар арасындағы әділеттілікке негізделген болатын. Олар өздерінің іс-әрекеттерімен шынайы жоғары адамгершіліктік пен тазалықты орнықтырды»[5.178 б.]. Билер қарапайым көшпелілер үшін әділдік пен даналықтың кепілі болды, ал олардың сот тәжірибесі көшпелі қауымның тұтастығын сақтауға ықпал етті

Ш.Уалиханов «биді ресми түрде ешкім сайламайды да, ресми түрде ешкім бекітпейді де. Европадағы ақындар, ғалымдар, адвокаттар сияқты билердің маңызы жеке беделге негізделген»- деп көрсетеді [6.61 б.]. Би тағайындалмады және таңдалмады, сот дауын шешу кезінде іс жүзінде қарапайым құқық нормаларын, шешендік өнерді, мінсіз жеке қасиеттерді көрсете отырып, халық мойындағаннан кейін ғана би бола алды. Дауларды қарау кезінде би болу, шешендігін көрсете білу, әділ шешім қабылдау адамға қоғамда лайықты құрмет пен даңқ беретін ең асыл әрекеттер болып саналды. Н.А.Козлов 1822 жылы жарық көрген «Обычное право киргизов» деген мақаласында былай деп жазады: «...Халық санасында би атағы мінсіз адалдығымен, табиғи ақыл-ойымен ерекшеленген, халықтың байырғы әдет-ғұрпындағы терең білімді игерген санаулы адамдарға жатады.. Билер – халықтың тірі шежіресі, оның қорғаушысы немесе заңгері» [7.18 б.].

Ал, академик С.Зиманов «Билер төрелік қылған қазақ әділ соты ортағасырлық көшпелі қазақ қоғамының мұратындағы ең киелі де, қастерлі қасиеттерін дарыта білген. Бұл сотқа хандардың бұйрығы мен сыртқы

күштердің еш қатысы жоқ, тіпті көшпелі қоғам тірегінің қосымшасы да емес. Ол осы қоғамнан тамыр алып, тұрмысы мен даму ерекшеліктерін айқындайды» деп тұжырымдады [8.25 б.]. Сонымен қатар, «Толыққанды би атану үшін жеке қасеттері мен Дала заңының ережелерін білгеннен басқа жетілгендік белгісі деп аталатын екі жоғарғы сыннан өту қажет болды. Біріншіден, ол атақты билер мен ойшылдардың философиялық сұрақтарына жауап беріп, өзінің ақыл-парасатымен таным логикасының жеткілікті дәрежеде дамығандығын дәлелдеуі қажет болды. Екіншіден, абыз ақсақалдардың батасын алу керек» - деп С.Зиманов би-бабаларымыздың даналық биігін игеру үшін дәстүрлі қазақ философиясынан нәр алғандарын баса көрсетеді [8.208 б.].

Қазақ даласындағы би сотының қағидаттарын тереңірек түсіну үшін көшпелі халықтың мәдениетіне сүйеніп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерге, діни наным-сенімдерге, әдет-ғұрыптарға негізделген қазақ философиясының ерекшеліктері мен қалыптасқан дәстүрлеріне шолу жасау қажет. Дәстүрлі қазақ философиясы – қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымының ғасырлар бойы қалыптасып, үздіксіз дамуының жемісі. Философияның ғылыммен де байланысты екенін атап көрсете отыра Т.Рысқалиев «...философияның халық туындысы екенін де, адамдардың сана-сезімімен, көңіл-күйімен, әдет-ғұрпымен, салт-жораларымен, дінімен байланысты болып келетінін естен шығармауымыз керек»-деп ескертеді [9.368 б.].

Қазақ философиясының ежелгі және бай тарихы бар, ол қазақ халқының мәдени дәстүрлерінің байлығын көрсетеді. Билер соты ұстанымдарының өзегі болып табылған қазақ

философиясының кейбір дәстүрлерін атап өтелік.

Философия «даналыққа деген сүйіспеншілік» екені белгілі. «Даналық ұғымы философия ұғымынан кең және даналық философиядан бұрын дүниеге келген. Даналық мифте де, дінде де, әдебиетте де, күнделікті өмірдегі адамдардың қарым-қатынасында да, әрекетінде де кездеседі. Бірақ даналықты ашқан, түсінген, бағалай білген философия болды», - дейді Т. Рысқалиев [9.8 б.]. Бірақ соңғы екі-үш ғасырда батыс философиясының даналықпен ең аз айналысқаны белгілі. Ал, Қазақ философиясы өзінің тумасынан даналыққа бейімділігімен, оны қарастыруымен айқындалды және осы ұстанымына ұзақ тарихи даму барысында бекім болды.

Ия, сонымен философия ежелден «даналыққа деген сүйіспеншілік» деп танылып, оның негізгі мақсаты – шындықты тану мен өмірдің мәнін іздеу болды. Даналық, өз кезегінде, адамның жеке тәжірибесінен, өмірлік құндылықтарынан және оның қоршаған ортаны түсінуінен бастау алады. Ол тек білімге негізделген емес, сонымен қатар өмірдің терең сырларын түсіну қабілеті мен оны ұғыну арқылы әрекет етуге деген ұмтылысты да қамтиды.

Даналық – бұл адамның өз мүддесін ғана емес, басқалардың мүддесін де ескере отырып, өмірдің жоғарғы құндылықтарына негізделген шешімдер қабылдау қабілеті. Даналық әрқашан моральдық және рухани өлшемдермен өлшенеді. Шынайы даналық адамды жеке эгоизмнен алыстатып, оны қоғам мен қоршаған ортаға қызмет етуге, өзінен жоғары мақсаттарға ұмтылуға бағыттайды.

Философияның даналыққа ұмтылысы оның қоғамға әсер етуінен, адамгершілік пен әділеттілікті насихаттауынан байқалады. Даналық

адамды өз өмірінің мәнін түсінуге, әлемді тұтастай қабылдауға, өзінің іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға жетелейді.

Даналық тек ойлаудың абстрактілігіне ғана емес, оны өмірде жүзеге асыра білуде жатыр. Даналыққа ие адам басқаларға өзі қаламайтын нәрсені жасамайды, сондай-ақ өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін адамдардың ортақ игілігі үшін пайдаланады. Даналықпен әрекет ету адамның басқа адамдарға құрмет көрсетуіне, олардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескеріп, жалпыға пайдалы шешімдер қабылдауына ықпал етеді.

Қазақ халқының дәстүрлі философиясында даналық маңызды орынға ие болып, өмірдің барлық қырларына, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа және қоғамның тұтастығын сақтауға негізделді.

Қазақ билері міне осындай данылыққа құштарлығымен анықталады. Билер соты ұстанымдарының басты идеялық өзегі болып, қазақ философиясының «даналық» дәстүрі болғандығы анық. Осы тұрғыда мысал ретінде Рысқалиевтің келесі тұжырымына жүгінейік: «Даналық ретінде философияның қызметі – дүниенің, - өмірдің, дүниеде болып жатқан процестердің мән-жайын түсіну, түсіндіру, адамды адамдармен, крошаған ортамен – табиғатпен, қоғаммен –өзімен үйлесімді өмір сүруге үйрету» [9.23 б.].

Билер соты – қазақ даласында жанжалдарды шешудің дәстүрлі, кең таралған әмбебап әрі ерекше әдісі болды. Бұл құқықтық рәсім қоғамның өмір салты мен этникалық ерекшеліктеріне сай келіп, әлеуметтік сәйкестікті сақтауға тиімді әрі мазмұны бойынша демократиялық сипатқа ие еді.

Билер соты қақтығыстарды реттеуге, тараптарды татуластырып, келісімге

келтіруге бағытталды. Мұнда адамдардың ортақ өмірінің құндылығы басымдыққа ие болды. Осы жүйенің тағы бір ерекшелігі – өмірдің тұтастығын және құқықтың барлық өмір салаларымен байланысын сезіну. Құқықтық институттар мен процестер жалпы үйлесімділіктің ажырамас бөлігі ретінде танылып, құқық тек кінәні анықтау немесе үкім шығару құралы емес, адамдарды біріктіру, татуластыру және бейбіт өмір сүруді қамтамасыз ететін механизм ретінде қызмет етті.

Орта ғасырларда көшпелі қазақ қоғамында жанжалдардың күрделілігі мен тараптар арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне қарамастан, билер сотының негізгі мақсаты – бітімге келтіру, татуластыру және келісімге шақыру болды. Бұл жөнінде «Даудың түбі – біту» деген нұсқау болған» - деп тұжырымдайды С.Зиманов [8.259 б.].

Адамның адамдармен және қоғаммен үйлесімді өмір сүру идеясы, яғни жалпы «үйлесімділік» концепциясы қазақ қоғамының бірлігін және тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталғаны айқын. Билер қабылдаған шешімдер үш жүздің ынтымақтастығын нығайтып, олардың арасындағы даудамай мен келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешудің тиімді үлгісін көрсетті.

Қазақ философиясының тағы бір маңызды қыры – әр адамның қайталанбас даралығын, бостандыққа, теңдікке және әділеттілікке деген құқықтарын құрметтеу ұстанымы. Қазақ халқы әрбір адамды қадірлеп, әркімнің құқықтары мен мүмкіндіктері жағынан тең болуы тиіс деп санайды. Жеке тұлғаға құрмет көрсету – оның бостандығын бағалау. Қазақ философиясы әр адамның өз ойын еркін білдіруге құқығы бар деп есептейді, алайда бұл еркіндік қоғам мен табиғат алдындағы жауапкершілікпен үйлесім табуы қажет. Бұл қағидат бүгінгі

қоғамның дамуы мен адам құқықтарын қорғау саласында өзекті болып отыр.

Қазақтардың этикалық ой-пікірінде «не жақсы, не жаман» тақырыбы ежелден пікірталас тудырып келген, және әр ойшыл өз көзқарасын, мәселені түсіну тұрғысынан еркін қорғауға құқылы болған. Алайда, мұндай пікір қайшылығында нақты қайшылық жоқ, себебі бір тарап өз пікірін айтуға құқығы болса, екінші тарап оны сынауға құқылы. Мұнда тараптар өз пікірлерін білдіру барысында бір-бірін құрметтеуге және қарсыласын кемсітпеуге негізделген толерантты көзқарас айрықша маңызды болды.

Билердің іс-әрекетінде де назар аударатын жайт – ең күрделі және шиеленісті жағдайларда екі жақтың да дәлелдерін тыңдап, ресми құқықтық нормаларға емес, әділеттілік пен парасаттылыққа негізделген шешімдер қабылдауы. Олар өздерінің жауапты әрі дана шешімдері арқылы адамдардың адамдық қадір-қасиетін сақтауға және қиын жағдайларда да адамгершілік қағидаттарын ұстануға көмектесіп отырған.

Ия, билер ұстанымдарының негізгі идеялары - әділеттілік пен адалдық. Билерге тән адами қасиеттер жайлы академик С.Зиманов былай деп түйіндейді: «Биді байлық та, барлық та қызықтыра алмаған. Би таразы басын тең ұстап, қара қылды қақ жарушы... Билік шешімге екі жақ та разы болуы керек. Жеңілген де, жеңген де әділеттілікті мойындауы тиіс. Әйтпесе ол әділ билікке жатпайды. Билік шешім тек бір жақты болса онда іс әділетсіз шешілді деп саналып, бидің беделі көпшілік алдында күрт кемиді» [10.4-5 б.б.]. Билер сотының тағы бір ерекшелігі – олардың әрекет барысында және шешуші сәттерде адамгершілік, ізгілік, әділеттілік қағидаттарын нақты іс жүзінде жүзеге асыруы.

Халық есінде билер соты қазақ халқының философиялық дәстүрлерінен қуат алып, әділдіктің символы ретінде сақталды, әрі мәдени құндылық пен үлгіге айналды. Ол көшпелі қазақ қоғамының барлық даму кезеңдерінде тек тарихи аңызға ғана айналып қоймай, халықтың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі болды. Ғасырлар бойы сот жүйесі қандай қоғамда болмасын, оның маңызды бөлігі және әділеттілік пен демократияны сақтаудың басты тетігі болды әрі солай бола бермек. Көшпелі қазақ қоғамының негізіне айналған билер соты тарих қойнауында қалғанымен, оның беделі әлі күнге дейін ұмытылмады. Бұл өткенге құрмет қана емес, әділдікке негізделген билер сотының мәнін мойындау.

Қорытынды. Қазақ даласындағы билер соты – әділдікке, адамгершілікке және даналыққа негізделген ерекше құқықтық институт болды. Билер тек сот төрелігін жүзеге асырушы емес, сонымен қатар қоғамның рухани ұстаздары, адамгершілік құндылықтардың сақтаушылары ретінде танылды. Олардың қызметі қазақ қоғамының құқықтық мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге рухани дүниетанымының маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Билердің шешім қабылдау кезінде жоғары моральдық қағидаттарды ұстануы, әділеттілікке ұмтылуы және өз қоғамына қызмет етуі олардың беделін арттырды, бұл билер сотын қазақ қоғамында әділеттілік пен бірліктің символы етті. Қазақ хандығы дәуірінде билер соты өзінің ең жоғарғы деңгейіне жетіп, қоғамның бірлігі мен татулығын сақтауда маңызды рөл атқарды.

Билер сотының тарихы – қазақ халқының даналыққа, үйлесімділікке және әділеттілікке деген терең ұмтылысын көрсететін маңызды мұра. Ол бүгінгі күнге дейін қазақ құқықтық мәдениетінің негізінде жатыр және

ұлттық сананың рухани тіректерінің бірі ретінде өзекті болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Уәлиханов, Ш. Қазақтардағы сот билігі туралы [Мәтін] / Ш.Уәлиханов. - Алматы: Ғылым, 1985 - 264 б.
2. Бөкейхан, Ә. Қазақ даласындағы құқықтық және саяси жүйе мәселелері [Мәтін] / Ә.Бөкейхан. Алматы: Санат, 1997. - 126 б.
3. Зиманов, С.З. Қазақтың билер соты – дала демократиясының үлгісі [Мәтін] / С.З.Зиманов. - Алматы: Қазақ университеті, 1994 - 64 б.
4. Мажитова, Ж.С. Совет биев и народное собрание в казахском обществе XVIII–XIX веков в оценках современников [Текст] / Ж.С. Мажитова // Вестник Челябинского государственного университета. 2014. № 12 (341) История. Вып. 60. 14–21 б.б.
5. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) [Мәтін] - Алматы: ФСДИ ҚР БҒМ, 2014. - 400 б.
6. Уалиханов, Ш. Сот реформасы жайында жазба [Мәтін] / Ш.Уәлиханов. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. - 116 б.
7. Зиманов, С.З. Материалы по обычному праву казахов [Текст] / С.З. Зиманова. – Алма-Ата, 1948. – 220 б.
8. Зиманов, С.З. Казахский суд биев - общекультурологическая ценность [Текст] / С.З.Зиманов. – Алматы: Арыс, 2009. – 408 б.
9. Рысқалиев, Т.Х. Философия тарихы [Мәтін] / Т.Х. Рысқалиев. - Алматы: Экономика, 2015. - 508 б.
10. Зиманов, С.З. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері [Мәтін] / С.З.Зиманов, Н.Өсеров. – Алматы: Жеті жарғы. 1998.- 126 б.

М.Ж. Спанов - Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ИСТОРИЧЕСКИЕ И ФИЛОСОФСКИЕ ОСНОВЫ СУДА БИЕВ НА КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛЕ

Аннотация. Данная статья рассматривает исторические и философские основы суда биев на казахской земле. Суд биев занимал особое место в правовой культуре казахского народа, его деятельность не ограничивалась только вынесением правовых решений, но и была направлена на защиту социальных и духовных ценностей. Рассматриваются принципы справедливости, человечности, мудрости и коллективной ответственности, раскрывается роль и авторитет биев в период Казахского ханства. Также отмечается влияние биев на внутреннюю и внешнюю политику казахского общества, их высокие моральные принципы и справедливость. Авторы подчеркивают, что суд биев черпал вдохновение из традиционной философии казахского народа, особенно из понятий мудрости и гармонии, и анализируют, как эта судебная система способствовала сохранению единства народа. В статье также исследуется, как духовное содержание суда биев влияет на современную национальную правовую систему и культурные ценности.

Ключевые слова: Суд биев, Справедливость, Философские основы, Мудрость, Казахское ханство, Традиционная правовая система, Принципы человечности, Национальное наследие.

M.Zh. Spanov - *M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan*

HISTORICAL AND PHILOSOPHICAL FOUNDATIONS OF THE BIYS' COURT IN THE KAZAKH STEPPE

Abstract. This article examines the historical and philosophical foundations of the Biys' Court in the Kazakh steppe. The Biys' Court occupied a unique place in the legal culture of the Kazakh people. Its activities were not limited to making legal decisions but were also aimed at protecting social and spiritual values. The principles of justice, humanity, wisdom, and collective responsibility are analyzed, highlighting the role and authority of biys during the Kazakh Khanate. The influence of biys on the internal and external policies of Kazakh society, their high moral standards, and impartiality are emphasized. The authors underscore that the Biys' Court drew inspiration from the traditional philosophy of the Kazakh people, particularly from the concepts of wisdom and harmony, and analyze how this judicial system contributed to maintaining the unity of the people. The article also explores how the spiritual essence of the Biys' Court influences the modern national legal system and cultural values.

Keywords: Biys' Court, Justice, Philosophical Foundations, Wisdom, Kazakh Khanate, Traditional Legal System, Principles of Humanity, National Heritage.

Reference

1. Valikhanov, Sh. Қазақтардағы сот билігі туралы [On the judicial power in the Kazakhs] [text] / Sh.Valikhanov. - Almaty: Gylym, 1985-264 p.
2. Bokeikhan, A. Қазақ даласындағы құқықтық және саяси зһыже мәселелері [Problems of the legal and political system in the Kazakh steppe] [text] / A. Bokeikhan. Almaty: Sanat, 1997. - 126 p.
3. Zimanov, S.Z. Қазақтүңбилер соты – дала демократиясынүң үлгісі [The Court of Kazakhs – an example of Steppe democracy] [text] / S. Z. Zimanov. - Almaty: Kazakh University, 1994 - 64 p.
4. Mazhitova, Zh.S. [Sovet biev i narodnoe sobranie v kazahskom obshchestve XVIII–XIX vekov v ocenkah sovremennikov] [Kazakh Biy court - general cultural value][text] / Zh. S. Mazhitova // Bulletin of the Chelyabinsk State University. 2014.History No. 12 (341). VIP. 60.pp. 14-21
5. Қазақ философиясы тарихы (ezhelgi дәуірден қазиргі заманға дейін) [History of Kazakh philosophy (from ancient times to modern times)] [text] - Almaty: FSDI MES RK, 2014. - 400 p.
6. Ualikhanov, Sh. Сот реформасы зһайында зһазба [Note on Judicial Reform] [text] / Sh.Ualikhanov. - Almaty: Zheti zhargy, 2003. - 116 p.
7. Zimanov, S. Z. Materialy po obychnomu pravu kazahov [Material on the general truth of Kazakhs] [text] / S.Z. Zimanova. - Alma-Ata, 1948 – 220 p.
8. Zimanov, S.Z. Kazahskij sud biev - obshchekul'turologicheskaya cennost' [Kazakh Sud biev-public culturological value] [text] / S.Z. Zimanov. - Almaty: Arys, 2009. - 408 p.
9. Ryskaliev, T.H. Filosofiya tarikh [History of philosophy] [text] / T.H. Ryskaliev. - Almaty: Economics, 2015. - 508 p.

10. Zimanov, S.Z. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына shariattың әсері [The influence of Shariat on Kazakh customary law] [text] / S.Z. Zimanov, N.Userov. - Almaty: Zheti zhargy.1998. - 126 p.

6.12.24 ж. баспаға түсті.

18.12.24 ж. түзетулермен түсті.

24.12.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Спанов, Ж. Қазақ даласындағы билер сотының тарихи және философиялық негіздері [Мәтін] / Ж. Спанов // *Dulaty University Хабаршысы*. – 2024. - №4, Б.74-83
<https://doi.org/10.55956/BSMG4141>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

А.А. Акмамбетов* 

*Магистр религиоведения, преподаватель
Южно-Казахстанский технологический университет
им. М.Ауэзова
Шымкент, Казахстан
ashat_1977@list.ru*

З.Т. Алтынбекова 

*Магистр религиоведения, старший преподаватель
Южно-Казахстанский технологический университет
им. М.Ауэзова
Шымкент, Казахстан
zagipa@list.ru*

МОЛОДЁЖНЫЕ СУБКУЛЬТУРЫ 21 ВЕКА: ОСОБЕННОСТИ И ВЛИЯНИЕ НА ЛИЧНОСТЬ ПОДРОСТКОВ

***Аннотация:** Данная статья посвящена анализу молодёжных субкультур XXI века, их особенностям и влиянию на формирование личности подростков. Цель исследования – определить положительные стороны и привлекательность субкультур для молодежи, а также вей общественности. В условиях глобализации и стремительного развития цифровых технологий молодёжные субкультуры становятся более разнообразными, динамичными и многообразными. В данной работе рассматриваются основные характеристики современных субкультур, такие как их связь с интернетом и социальными медиа, гибридность стилей и форм, а также их роль в социальной активности молодежи. Исследование нацелено на то, чтобы понять, как эти субкультуры формируют идентичность подростков, их взгляды на мир, ценности и межличностные отношения. В процессе работы используются как качественные, так и количественные методы, что позволяет получить более полное представление о данных явлениях.*

***Ключевые слова:** Молодежная субкультура, глобализация, личность, подросток, общество.*

Введение. В современном мире молодёжные субкультуры играют значительную роль в формировании идентичности и культурных предпочтений молодого поколения. XXI век стал временем, когда культурные взаимодействия между различными группами молодежи становятся более сложными и многообразными. Субкультуры, так или иначе, влияют на становление личности подростков, их социальные навыки и модели поведения. В данной статье мы рассмотрим основные особенности современных

молодёжных субкультур и их влияние на личность подростков.

Молодёжная субкультура – это совокупность норм, ценностей и стиля жизни, присущих определённой группе молодежи. Эти субкультуры часто формируются в противовес mainstream-культуре и имеют свои уникальные символы, язык, эстетические и поведенческие нормы.

В Казахстане начала XXI столетия произошли социальные трансформации, которые привели к изменению форм и методов формирования, развития и

функционирования разных видов молодежных организаций. Поэтому в данной связи возникает проблема исследования молодежной субкультуры и движения. В настоящее время субкультуры являются важным элементом для трансформации социальной среды. Инновационные разработки могут применяться для создания механизмов культуры, которые позволяют обществу развиваться более свободно и динамично. [1, 54-58]

Педагогическая работа с представителями молодежной субкультуры должна проводиться таким образом, чтобы в результате сформировать у молодых людей общекультурные ценности, привить им нравственные ориентиры, повлиять на развитие адекватной самооценки и мировоззрения, отвечающего требованиям культурной среды современного общества. [2, 509-511]

Основные особенности молодёжных субкультур 21 века:

Технологическая интеграция: Современные молодёжные субкультуры тесно связаны с интернетом и социальными сетями. Они используют платформы как для общения, так и для распространения своей культурной продукции. Это соотношение создает новые формы самовыражения среди подростков, такие как влоги, блоги, мемы и т.д.

Гибридность: В XXI веке наблюдается смешение элементов различных субкультур в едином пространстве. Это ведет к образованию смешанных стилей и направлений, таких как киберпанк, поп-панк, феминистский хип-хоп и другие, что предлагает молодежи выбор из более широкого спектра идентичностей.

Социальная активность: Молодёжные субкультуры всё чаще становятся ареной для социальной

активности и протестов. Они могут выступать против социальной несправедливости, расовой дискриминации или экологических проблем. Подростки объединяются, чтобы продвигать свои идеи и изменения, используя как традиционные, так и новые формы коммуникации.

Поиск идентичности: Подростковый возраст – это период активного поиска своего «я». Субкультуры предлагают разнообразные способы самовыражения, позволяя молодым людям экспериментировать со своим стилем, увлечениями и взглядами на жизнь.

Глобализация: Молодёжные субкультуры 21 века становятся менее привязанными к географическим экспортным границам благодаря интернету. Молодёжь из разных уголков мира может взаимодействовать друг с другом, обмениваться идеями и стилями, что приводит к формированию глобальных субкультур, таких как геймерская культура или культура К-поп.

Влияние субкультур на личность подростков:

1. **Формирование идентичности:** Участие в субкультуре помогает подросткам определить, кто они и чего хотят от жизни. Это играет важную роль в процессе формирования взрослой личности, способствуя развитию уверенности и самооценки.

2. **Социальные связи:** Субкультуры часто обеспечивают подростков системой поддержки и дружбы, что может помочь в трудные времена. Создавая общность, они уменьшают чувство одиночества и обеспечивают возможность для социальных взаимодействий.

3. **Критическое мышление:** Многие молодежные субкультуры побуждают подростков задавать вопросы о мире и

его устройстве. Это может развивать критическое восприятие окружающей реальности, помогать формировать активную гражданскую позицию и поощрять независимое мышление.

4. *Рискованные поведения:* К сожалению, некоторые молодёжные субкультуры могут способствовать негативным последствиям, таким как алкоголизм, употребление наркотиков или асоциальное поведение. Важно, чтобы подростки были информированы и подготовлены к возможным последствиям своих выборов, связанных с участием в такой субкультуре. [3, 21-23]

Методы исследования. Данное исследование посвящено анализу молодёжных субкультур XXI века, их особенностям и влиянию на формирование личности подростков. В условиях глобализации и стремительного развития цифровых технологий молодёжные субкультуры становятся более разнообразными, динамичными и многообразными. В данной работе рассматриваются основные характеристики современных субкультур, такие как их связь с интернетом и социальными медиа, гибридность стилей и форм, а также их роль в социальной активности молодежи. Методы исследования нацелены на то, чтобы понять, как эти субкультуры формируют идентичность подростков, их взгляды на мир, ценности и межличностные отношения. В процессе работы используются как качественные, так и количественные методы, что позволяет получить более полное представление о данных явлениях.

Для достижения поставленных целей и задач в исследовании применяются следующие методы:

1. *Качественный анализ:*

– *Интервью:*

Полуструктурированные интервью с представителями различных молодёжных субкультур позволяют глубже понять их мотивации, ценности и восприятие своих идентичностей.

– *Фокус-группы:*

Проведение фокус-групп среди подростков, представляющих разные субкультуры, для выявления общих тем, уникальных элементов и взаимодействий между группами.

2. *Количественный анализ:*

– *Анкетирование:*

Создание и распространение анкет среди подростков различного возраста для сбора данных о их принадлежности к субкультурам, ценностях, интересах и влиянии этих субкультур на их жизнь.

3. *Сравнительный анализ:*

– Сравнение различных субкультур по критериям, таким как стиль жизни, ценности, социальное восприятие и влияние на подростков.

В XXI веке молодёжные субкультуры становятся всё более разнообразными, что связано с глобализацией, развитием технологий и социальных сетей, а также с изменением социальной и культурной среды.

Результаты исследования: Как написано в методах исследования положительный результат в работе с представителями молодёжных субкультур может быть достигнут при условии изменения, управлением воздействия образовательного пространства на путь развития и функционирования субкультурного сообщества. Это обуславливается необходимостью проведения структурных трансформации педагогического пространства, что в свою очередь, повлечет за собой изменение используемых методов и форм работы в процессе работы. Роль развивающей среды в образовательной

сфере может быть подлинной и многоаспектной. Это будет отражаться на развитии представителей молодежных субкультур и изменении их выбора профессионального или жизненного пути. Однако, в сегодняшних реалиях необходимо как теоретическое рассмотрение проблемы молодежных субкультур, но и переход к практической работе и сотрудничеству с молодежным сообществом [4,216-219]. Решение проблемы противоречия между пониманием важности решения данной практической задачи и недостаточным вниманием к трудностям молодежи способствует активизации поиска таких форм педагогического взаимодействия, которые максимально задействуют творческий потенциал, стремление к самостоятельности, самоутверждению, активности в поиске идеалов и своего места в современном мире.

Исследование молодежных субкультур XXI века выявило множество интересных фактов и закономерностей, касающихся их воздействия на формирование личностей подростков. Ниже представлены основные результаты, которые были получены в процессе анализа.

В XXI веке наблюдается значительное разнообразие молодежных субкультур. Ключевые элементы, которые выделяют современные субкультуры, включают:

Гибридность: Современные субкультуры часто сочетают различные музыкальные, стилистические и культурные элементы. При этом подростки могут идентифицировать себя с несколькими субкультурами одновременно, что отражает широкий спектр их интересов и предпочтений.

Цифровое взаимодействие: Влияние интернета и социальных медиа стало определяющим для молодых людей. Они используют платформы, такие как

Instagram, TikTok и YouTube, для самовыражения, создания контента и формирования сообществ, что делает молодежные субкультуры более достижимыми и динамичными.

Молодёжные субкультуры оказывают заметное влияние на формирование личных и социальных аспектов подростков:

Идентичность: Участие в субкультурах помогает подросткам формировать и укреплять свою идентичность. Это особенно актуально в периоды поиска себя, что характерно для подросткового возраста. Субкультуры предоставляют возможность отстаивать свои интересы, ценности и взгляды на жизнь.

Социальные навыки: Взаимодействие с единомышленниками способствует развитию социальных навыков, таких как коммуникация, работа в команде и эмоциональный интеллект. Подростки учатся общаться, сотрудничать и преодолевать конфликты в рамках групповой динамики.

Самовыражение: Молодёжные субкультуры предлагают платформы для креативного самовыражения. Через музыку, моду, искусство и другие формы творчества подростки могут выражать свои мысли и чувства, что положительно сказывается на их самооценке и эмоциональном благополучии.

Заключение. Результаты исследования показывают, что молодежные субкультуры XXI века играют важную роль в формировании личности подростков. Чтобы максимально использовать положительное влияние этих субкультур, важно создать поддерживающую образовательную и социальную среду, в которой подростки могут свободно исследовать свои

интересы и создавать идентичность, избегая негативных последствий.

Эти результаты подчеркивают необходимость дальнейшего изучения молодёжных субкультур и их воздействия как в академической, так и в практической плоскости, чтобы лучше понять динамику изменения и взаимодействия между подростками и их сообществами.

Молодёжные субкультуры XXI века отражают стремления и вызовы современного общества. Они предоставляют пространство для самовыражения, социальных взаимодействий и формирования идей

подростков. Тем не менее, важно помнить о возможных негативных аспектах, связанных с некоторыми субкультурными группами. Общество, родители и образовательные учреждения должны содействовать таким субкультурам, которые пропагандируют положительные ценности, способствуя тем самым здоровому и гармоничному развитию молодого поколения. Молодёжь, в свою очередь, должна осознавать свою ответственность за собственные выборы и влияния, которые оказывают на их жизнь различные субкультуры.

Список литературы

1. Панич, Н.А. Репрезентация жизненного мира молодежи в социальных сетях [Текст] / Н.А. Панич, Н.А. Мороз // Общество: социология, психология, педагогика. – 2020 № 4(72) стр 54-58
2. Бечаев, А.А., Неформальные молодежные объединения как социальные явление [Текст] / А.А. Бечаев // 2015 № 1 (81) - 509-511 с.
3. Сурхаев, А.Д. Молодежные субкультуры в овременной России: к постановке проблемы/ VII Педагогические чтения, посвященные памяти профессора С.И. Злобина: Пермь 2021 г. Стр. 8284 . «Направленность саморегуляции и самооценка подростков. Педагогический журнал. – 2005. – 21–23 стр.
4. Жарыкбаев, К., «Психологический энциклопедический словарь» [Текст] / К.Жарыкбаев, О. Сангильбаев. - Алматы, 2011 г. – 624 с.

А.А. Ақмамбетов*, З.Т. Алтынбекова

Оңтүстік Қазақстан технологиялық университеті. М. Әуезова, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі қоғам жағдайында жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі өскелең ұрпақтың азаматтық бірегейлігі мен ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал ететін негізгі фактор ретінде ерекше маңызға ие болады. Бұл құбылыстың өзектілігі жастардың алдында тұрған көптеген қиындықтарға, соның ішінде жастардың азаматтық өмірге белсенді және саналы қатысуын талап ететін жаһандық әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістерге байланысты. Ұсынылған жұмыста әскери-патриоттық тәрбие білім беру мекемелері, отбасылық құрылымдар және қоғамдық ұйымдар сияқты әртүрлі әлеуметтік институттардың өзара әрекеттесуіне назар аударып отырып, кешенді білім беру технологиясының объективі арқылы талданады. Қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, сондай-ақ жастар аудиториясы арасында патриоттық құндылықтарды насихаттаудың тиімді құралы ретінде қарастырылатын әлеуметтік желілерді енгізуге ерекше мән беріледі.

Тірек сөздер: тәрбие, патриотизм, әскери-патриоттық тәрбие, білім беру технологиялары.

A.A. Akmambetov*, Z.T. Altynbekova

South Kazakhstan Technological University named after M.Auezov, Shymkent, Kazakhstan

Abstract. This article is devoted to the analysis of youth subcultures of the XXI century, their features and influence on the formation of the personality of adolescents. The purpose of the study is to identify the positive aspects and attractiveness of subcultures for young people, as well as for the general public. In the context of globalization and the rapid development of digital technologies, youth subcultures are becoming more diverse, dynamic and diverse. This paper examines the main characteristics of modern subcultures, such as their connection with the Internet and social media, the hybridity of styles and forms, as well as their role in the social activity of young people. The research aims to understand how these subcultures shape the identity of adolescents, their worldviews, values and interpersonal relationships. In the process of work, both qualitative and quantitative methods are used, which allows you to get a more complete picture of these phenomena.

Keywords: Youth subculture, globalization, personality, teenager, society.

Поступило в редакцию 25.11.24

Поступило с исправлениями 18.12.24

Принято в печать 24.12.24

Ссылка на статью:

Акмамбетов, А.А. Молодежные субкультуры 21 века: особенности и влияние на личность подростков [Текст] / А.А. Акмамбетов, З.Т.Алтынбекова // Вестник Dulary University. – 2024. - №4. – С. 84-89 <https://doi.org/10.55956/CILP1406>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

ЙАСАУИДІҢ ЭКЗИСТЕНЦИАНАЛДЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

***Аннотация.** Қожа Ахмет Йасауидің философиясының экзистенциалдық аспектілері зерттеледі. Философиялық талдау, мәтіндік талдау (герменевтика), құндылықтық-бағалаушытық және семантикалық талдау әдістері қолданылды. Йасауидің "Диуани Хикмет" шығармасындағы фәни мен бақилық, нәпсімен күрес, рухани жетілу және жүрек тазалығы туралы идеялары талданып, олардың адамның болмысын түсінудегі орны ашылды.*

Йасауидің рухани ізденіске, өзін-өзі тануға және Жаратушымен байланыс орнатуға шақыратын ілімі қазіргі қоғамдағы рухани дағдарыстарды еңсеруге арналған құнды бағыт ретінде қарастырылады. Оның идеялары ұлттық рухани жаңғыруға ықпал етіп, экзистенциалдық философиямен сабақтастығы көрсетілді. Зерттеу нәтижелері Йасауи ілімінің қазақ философиясындағы және жалпыадамзаттық мәдениеттегі маңызын айқындап, оның қазіргі заман үшін өзектілігін дәлелдейді.

***Тірек сөздер:** Қожа Ахмет Йасауи, Диуани Хикмет, Экзистенциализм, Адам болмысы, Өмірдің мәні, Фәни және бақилық, Сопылық философия, Рухани жетілу, Жүрек тазалығы.*

Кіріспе. Қазақ даласының ұлы ойшылы, сопылық ағымның негізін қалаушы Қожа Ахмет Йасауидің философиясы және оның экзистенциалдық аспектілерін зерттеу қазіргі уақытта ерекше өзекті болып отыр. Бұл өзектілік бірнеше маңызды факторларға негізделген. Біріншіден, қазіргі жаһандану үдерістері мен материалдық құндылықтардың басым болуы рухани құндылықтардың әлсіреуіне әкелуде. Бұл жағдай адамдар арасында жалғыздық, өмірдің мағынасыздығы, рухани дағдарыстар сияқты мәселелерді тудырады. Йасауидің философиясы, әсіресе оның экзистенциалдық идеялары, осындай проблемаларды шешуде ерекше маңызды. Ол өмірдің өткіншілігі мен оның мәңгілік мәнін түсінуге, рухани

жетілуге, нәпсімен күресуге және ішкі тыныштыққа жетуге жол көрсетеді.

Екіншіден, Қазақстанда жүріп жатқан рухани даму үдерістері аясында ұлттық болмысты сақтау және ұлттық рухани құндылықтарды жаңғырту мәселелері өзекті болуда. Осы тұрғыда Йасауидің ілімі ерекше маңызға ие. Оның сопылық философиясы қазақ халқының рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, қазіргі заманда экзистенциализм мәселелеріне деген қызығушылық артуда. Йасауидің философиясы адамның өмірдегі орны, оның мақсаты және болмыстың шынайы мәнін түсіну мәселелерімен үндес келеді. Йасауидің идеялары экзистенциализмнің кейбір ұғымдарына жақын

болғандықтан, бұл тақырыпты зерттеу исламдық және экзистенциалдық философияның өзара байланысын көрсетуге мүмкіндік береді.

Ақырында, Йасауидің шығармалары мен философиясы тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл түркі және ислам әлемі үшін де маңызды. Оның іліміндегі рухани-адамгершілік құндылықтар жалпыадамзаттық философияға елеулі үлес қосады. Сондықтан оның идеяларын кеңінен зерттеу әлемдік философиялық мұраға жаңа көзқарас беріп, оның жаһандық деңгейдегі маңыздылығын аша түседі. Йасауи философиясының экзистенциалдық аспектілері қазіргі заманның рухани мәселелеріне жауап табу үшін баға жетпес құндылық болып табылады.

Йасауи философиясының экзистенциалдық аспектілерін зерттеудің жаңашылдығы бірнеше маңызды қырларымен ерекшеленеді. Ең алдымен, Йасауидің философиясын экзистенциалдық мәселелер тұрғысынан қарастыру ислам дүниетанымының экзистенциализмге қосатын үлесін көрсетеді. Классикалық экзистенциализм көбінесе батыс философтарының идеяларына негізделгенімен, Йасауидің ілімі бұл бағытты исламдық тұрғыдан толықтырады. Ол адамның өмірдегі орны, болмыстың мәні және ішкі рухани ізденіс туралы мәселелерді жаңа қырынан аша отырып, исламдық рухани ілімдер мен экзистенциалдық философияны біріктірудің бірегей мысалын береді.

Сондай-ақ, Йасауидің сопылық философиясын заманауи контексте қарастыру осы зерттеудің жаңашыл аспектілерінің бірі болып табылады. Йасауидің сопылық ілімі көбінесе тарихи және теологиялық тұрғыдан зерттелсе, оны қазіргі заманның философиялық мәселелерімен байланыстыра талдау сирек кездеседі.

Бұл тәсіл Йасауидің ілімін қазіргі қоғамдағы рухани дағдарыстарды шешу құралы ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Йасауидің адам өмірінің өткіншілігі, жалғыздықты қабылдау және нәпсімен күрес туралы идеялары бүгінгі адамның экзистенциалдық мәселелеріне жауап бере алады.

Сонымен қатар, Йасауи ілімінің қазақ философиясындағы орны ерекше назар аударуды қажет етеді. Қазақ философиясы шеңберінде Йасауи идеяларының маңыздылығы мен ықпалы әлі де толық ашылмаған. Оның рухани жетілу, жалғыздықты қабылдау және мәңгілікке ұмтылу идеяларын қазақ халқының рухани жаңғыру үдерістерімен байланыстыра қарастыру зерттеудің жаңашылдығын айқындайды. Бұл бағыт Йасауидің философиясын қазіргі қазақ қоғамының рухани мұрасымен интеграциялап, оны ұлттық және жаһандық деңгейде жаңа тұрғыдан ұғынуға жол ашады. Осылайша, Йасауидің ілімі тек өткеннің мұрасы ретінде ғана емес, қазіргі заманның рухани мәселелерін шешуде де өзекті құндылық болып табылады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Йасауи философиясының экзистенциалдық аспектілері Қазақстанда және халықаралық деңгейде бірнеше зерттеулердің нысанына айналған. Қазақстандық ғалымдар Йасауидің іліміне философиялық, теологиялық және мәдени қырынан талдау жасап, оның шығармаларындағы рухани және моральдық құндылықтарды зерттеп келеді. Әсіресе, М.Бурабаев [1], Ә.Нұрманов [2], М.Балтабаев [3] және т.б. ғалымдар Йасауи философиясын қазақ дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен мұра ретінде қарастырып, оның адам өмірінің мәні мен рухани жетілуге қатысты көзқарастарын талдады. Халықаралық деңгейде Йасауи іліміне Түркия, Иран, Орталық Азия

елдерінің ғалымдары қызығушылық танытып, оның сопылық философиядағы орны мен рухани құндылықтарын зерттеп келеді.

Ирандық философ Сеййед Хосейн Насрдың «*Islamic Philosophy from Its Origin to the Present: Philosophy in the Land of Prophecy*» («Ислам философиясы: бастауларынан қазіргі уақытқа дейін. Пайғамбарлық жеріндегі философия») еңбегі ислам философиясының тарихи дамуы мен оның қазіргі әлемдегі орнын жан-жақты қарастырады. Бұл еңбекте ислам философиясының ерекшеліктері, оның негізгі ағымдары мен идеялары талданып, исламдық ойлаудың жалпыадамзаттық философияға қосқан үлесі талқыланады.

Наср ислам философиясындағы сопылықтың (суфизм) бағытының орны мен оның ислам ойлау жүйесіндегі маңызын терең түсіндіреді. Сопылық – адам мен Құдайдың өзара қарым-қатынасын, рухани жетілу мен ішкі тазалықты зерттейтін философия. Наср сопылық философияның мұсылман мәдениетіндегі маңызды ролін атап, оның экзистенциалдық философиямен ұқсастығына назар аударады [4].

Йасауи мұрасы Батыс әлемінің философтарының назарынан да тыс қалмады. Мысалы, неміс философы және исламтанушысы Аннемари Шиммель «*Mystical Dimensions of Islam*» («Исламның мистикалық қырлары») кітабі сопылықтың ішкі мәнін, оның рухани және философиялық негіздерін жан-жақты ашатын құнды еңбек. Шиммель ислам мистицизмінің бай рухани мұрасын тек мұсылман мәдениетінің аясында ғана емес, жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарастырады. Кітап сопылық философияны қазіргі заманғы рухани ізденістермен байланыстыруға және оның жаһандық деңгейдегі

маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл еңбек ислам философиясы мен мәдениетіне қызығушылық танытатын кез келген оқырман үшін таптырмас дереккөз болып табылады [5].

Соған қарамастан, Йасауи философиясының экзистенциалдық аспектілері, оның ішінде жалғыздық, нәпсімен күрес, фәни мен баки мәселелері толық зерттелмей келеді және осы бағыттағы ғылыми талдаулардың әлі де жетіспейтінін байқауға болады.

Йасауи философиясының экзистенциалдық аспектілерін зерттеу үшін бірқатар әдістер қолдануға болады, бұл әдістер оның идеяларын терең түсінуге және қазіргі қоғамдағы өзектілігін ашуға мүмкіндік береді. Философиялық талдау әдісі арқылы Йасауидің өмір, өлім, болмыс, жалғыздық және рухани жетілу туралы идеялары жан-жақты қарастырылады. Экзистенциалдық ұғымдарға талдау жасау арқылы оның өмірлік құндылықтары, адамның ішкі жан дүниесін тану, уақытша және мәңгілік өмірдің өзара байланысы секілді тақырыптар зерттеледі. Бұл әдіс Йасауидің негізгі идеяларын жүйелі түрде түсіндіруге және олардың қазіргі заманмен байланысын көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мәтіндік талдау немесе герменевтикалық әдіс Йасауидің "Диуани Хикмет" шығармасын зерттеуде ерекше маңызды. Бұл әдіс арқылы шығармалардағы астарлы мағыналар, поэтикалық және рухани құрылымдар анықталады. Йасауидің жырларында қолданылған символдар мен метафоралар, адамның ішкі жан дүниесін түсіну жолындағы символикалық бейнелер герменевтикалық талдау арқылы ашылады. Бұл тәсіл оның философиясының құрылымын және экзистенциалдық

мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, медиасауаттылық тек қана технологияларды білу емес, сонымен қатар медиа ақпарат құралдарының жеке тұлғаның дамуына, психоэмоционалдық жағдайына және басқа адамдармен қарым-қатынасқа әсерін терең түсіну қабілеті болып табылады.

Медиасауаттылық ол тұлғалардың мәліметті қабылдай алуы, сараптау және дұрыс бағытта интерпретациялау қабілеттерін жетілдірді. Бұл когнитивтік процестердің маңызды элементі ретінде сыни ойлауды қалыптастырды. Ақпаратты бағалау және жалған мәліметтерді анықтау дағдылары адамның медиаконтентке деген саналы көзқарасын қалыптастырып, қарым-қатынас барысында дұрыс әрі дәйекті ақпарат алмасуға ықпал етеді. Сонымен қатар, медиасауаттылық есте сақтау және ақпаратты өңдеу қабілетін жақсартып, адамның кәсіби және әлеуметтік қарым-қатынастарын сапалы деңгейге көтереді.

Медиа кеңістіктің ең белсенді қолданушылары болғандықтан, олардың психологиялық дамуында медиа-сауаттылықтың рөлі ерекше. Бұл кезеңде жеке тұлға қалыптасып, өзін-өзі тану процестері белсенді жүреді. Студенттер медиаконтент арқылы өз қызығушылықтарын зерттеп, жеке көзқарастары дамып, медиа-сауаттылықтың арқасында қауіпсіз әрі саналы түрде жүзеге асады. Әлеуметтік желілердегі пікірталастар мен онлайн жобаларға қатысу олардың тіл табысу, топпен жұмыс істеу және жанжалдарды шешу қабілеттерін жақсартады. Медиасауаттылық интернет-тәуелділік

пен кибер-буллингтің алдын алуға мүмкіндік береді, бұл жасөспірімдердің психологиялық саулығын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Білім беру жүйесінде медиасауаттылық ерекше орын алады. Оның оқу процесіне енгізілуі студенттердің сыни ойлауын, ақпаратты талдау және жүйелеу қабілеттерін жетілдіреді. Сондай-ақ, медиа-сауаттылық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде этикалық нормаларды ұстануға үйретеді. Мұғалімдер медиаресурстарды пайдалана отырып, оқыту үдерісін интерактивті және қызықты етеді, бұл тек білім алушылардың оқу үлгеріміне ғана емес, олардың эмоционалдық тұрақтылығына да оң әсер етті [10,32].

Зерттеу нәтижелерін талқылау.

Нәтижелер мен талқылаулар бөлімінде медиа сауаттылық ұғымы мен оның маңызы кеңінен қарастырылады. А.В.Шариков медиа-білім беру тұжырымдамаларының маңызды элементі ретінде «медиа-сауаттылықты» атап өтіп, оның білім беру процесіндегі басты мақсатты көрсететінін айтады. Осы түсінік аясында «медиа сауаттылық» және «медиа-білім беру» терминдері синоним ретінде қолданылып, адамның медиа хабарламаларға дұрыс жауап беру және оларды тиімді пайдалану қабілеттерін дамытуға байланысты.

Медиа сауаттылықтың басты мақсаты – тұлғаның коммуникациялық және ақпараттық сауаттылығын арттыру, оның медиа мәтіндерді дұрыс түсініп, бағалауы мен құрастыру қабілетінің дамуы болып табылады. Бұл көзқарасқа В.А. Монастырский де қолдау көрсетеді, ол медиа сауаттылықтың мәнін «медиа білімнің нәтижесі ретінде дұрыс қабылдау, түсіндіру, бағалау, сондай-ақ

медиа мәтіндерді құрастыру қабілеті» деп анықтаған.


Студенттердің медиа сауаттылығын қалыптастыру барысында білім беру процесін жүйелі ұйымдастыру өте маңызды, себебі ол оқу тәрбие процесінің табысты болуының кепілі болып табылады. Қазіргі уақытта студенттерде түрлі ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндігі бар, алайда бұл мүмкіндік теріс пайдалану мен компьютерлік ойындарға тәуелділік сияқты мәселелерді де туындатады. Осыған байланысты студенттердің медиа білім алу деңгейін анықтап, олардың оқу барысында қандай медиа құралдарды қолданатыны туралы мәліметтер жинақталды.

Медиасауаттылық қазіргі қоғамда қарым-қатынас құрудың, ақпаратты дұрыс қабылдаудың және эмоцияларды басқарудың негізгі құралына айналууда. Психологиялық тұрғыдан алғанда,

медиа сауаттылық адамның когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік қабілеттерін дамытып, сапалы және саналы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Бұл дағды адамның жеке дамуына, кәсіби жетістігіне және әлеуметтік ортада сәтті бейімделуіне қажетті маңызды құрал болып табылады. Интернет-кеңістікке ену индексі – интернет-активтілігін бағалау үшін қолданылады.


Интернет-кеңістікке ену термині адамның цифрлық виртуалды ортадағы белсенділігін сипаттайды, бұл анықтама теріс немесе клиникалық мән-мағынасыз. Бұл тұрғыда мінез-құлықтық, когнитивтік және аффективті аспектілер ерекшеленеді.

Интернет-кеңістікке ену индексінің шкаласын 1-сурет арқылы берілді.



Сурет 1. Интернет-кеңістікке ену деңгейінің нәтижесі.

Интернет-кеңістікке ену индексі – шкаласының 2-сурет арқылы көрініс интернет-активтілігін бағалау тапты.



Сурет 2. 5 тұлғаның Интернет-кеңістікке ену деңгейінің нәтижесі.

Студенттердің медиа сауаттылығын дамыту арқылы қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық аспектілері

Зерттеу аясында жеке тұлғалардың интернетке ену индексінің белсенділігінің дәрежесін зерттеуге арналған сауалнама өткізілді. Бұл сауалнамада келесі сұрақтар қамтылды:

1. Қаншалықты жиі интернетті пайдаланасың? (бір жауапты таңдаңыз)

- a. Интернетті мүлде пайдаланбаймын
- b. Аптасына бір-екі рет
- c. Күніне бір рет
- d. Күніне екі-үш рет
- e. Мен интернетте «тұрамын»

2. Күн сайын интернетте қанша уақыт өткізесің? (бір жауапты таңдаңыз)

- a. Бір сағаттан аз
- b. 1-3 сағат
- c. 3-5 сағат
- d. 6-8 сағат
- e. Интернетке үнемі қосылып тұрамын

3. Интернетпен таныс болғаныңа неше жыл болды?

- a. 1 жылдан аз
- b. 1-3 жыл
- c. 4-6 жыл
- d. 7-8 жыл
- e. 9 жылдан артық

4. Интернетті пайдаланушы ретінде өзіңді қаншалықты сенімді сезінесің? (бір жауапты таңдаңыз)

- a. Мүлде сенімсіз
- b. Өте сенімсіз
- c. Орташа сенімді
- d. Сенімді
- e. Өте сенімді

5. Интернетте болған кезде қандай эмоциялар мен сезімдерді сезінесің? (әр жолда бір жауапты таңдаңыз)

Эмоция	Өте жиі	Жиі	Уақыт өте келе	Сирек	Ешқашан
1. Қуаныш					
2. Қорқыныш					
3. Таң қалу					
4. Ұялу					

5. Қызығушылық					
6. Жек көру					
7. Қанағаттандыру					
8. Реніш					
9. Таңдану					

Сізге интернетті пайдалану бойынша бірнеше сұрақтарға өз пікіріңізді білдіру ұсынылады. Егер сіз тұжырыммен келіссеңіз, «Иә» бағанасында «+» белгісін қойыңыз, егер келіспесеңіз, «Жоқ» бағанасында «+» белгісін қойыңыз.

Сұрақ	Иә	Жоқ
1. Сен интернетті проблемалардан қашу немесе жаман көңіл-күйден арылу үшін пайдаланасың.		
2. Әрқашан интернетте жоспарлағаннан көп уақыт өткізесің.		
3. Интернет туралы ойлайсың, желіде болмаған кезде де.		
4. Желіден тыс болғанда, сен өзін басылған немесе алаңдаушылық сезінесің.		
5. Интернеттің әсерінен адамдармен қарым-қатынасыңды жоғалтуыңа немесе мектепке баруды тоқтатуыңа болады.		

7. Интернетте саған не ұнайды? (әр жолда бір жауапты таңдаңыз):

Сұрақ	Өте ұнайды	Ұнайды	Нем-құрайлы	Ұна-майды	Мүлдем ұна-майды
1. Әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау					
2. Достармен чаттар мен мессенджерлерде сөйлесу					
3. Скайп арқылы сөйлесу					
4. Instagram жүргізу					

5. Виртуалды күнделік (блог) жазу					
6. Оқу мақсатында ақпарат іздеу немесе онлайн оқыту					
7. Мәдени және рухани даму үшін ақпарат жинау					
8. Бағдарламалар, музыка, суреттер, бейнемазмұн жүктеу					
9. Аудио жазбаларды тыңдау					
10. Бейнемазмұнды көру					
11. Елдегі және әлемдегі соңғы жаңалықтар мен оқиғаларды қадағалау					
12. Онлайн ойындар ойнау					
13. Интернет-акцияларға, дауыс беруге қатысу және т.б.					
14. Әр түрлі сайттарды қарау					
15. Тауарлар мен қызметтерді интернеттен іздеу және сатып алу					

Шкала 1. Цифрлық тұтыну – сұрақтар 1, 2, 6 бойынша жинақталған балдар саны.

Шкала 2. Цифрлық құзыреттілік – сұрақтар 3, 4 бойынша алынған балдар саны.

Шкала 3. Цифрлық ортаға эмоционалды қатынас – сұрақтар 5, 7 бойынша көрсетілген балдар сомасы.

Интернетке ену индексі – барлық шкалалардан алынған балдардың жиынтығы.

Кілттер шкал және «Интернет-кеңістікке ену индексі» сұрақнамасын өңдеу:

Сұрақ 1 - Жауаптың нөміріне сәйкес балдар саны есептеледі.

Сұрақ 2 - Балдар саны жауап нөміріне сәйкес келеді.

Сұрақ 3 - Балдар саны жауап нөміріне сәйкес келеді.

Сұрақ 4 - Балдар саны жауап нөміріне сәйкес келеді.

Сұрақ 5 - Тақ сандар бойынша балдар жиынтығынан жұп сандар бойынша балдар жиынтығы алынып, нәтижесі 9-ға бөлінеді. Мұнда:

«өте жиі» - 5 балл,

«жиі» - 4 балл,

«уақыт өте келе» - 3 балл,

«сирек» - 2 балл,

«мүлде болмайды» - 1 балл.

Сұрақ 6 - Әр «иә» жауабы үшін 1 балл қосылады.

Сұрақ 7 - Балдар саны 15-ке (жолдардың жалпы саны) бөлінеді. Барлық жолдар есепке алынады. Мұнда:

«өте ұнайды» - 5 балл,

«ұнайды» - 4 балл,

«бейтарап» - 3 балл,

«ұнамайды» - 2 балл,

«мүлде ұнамайды» - 1 балл.

Қорытынды. Медиа сауаттылық қазіргі қоғамда маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі ол адамдарға ақпаратты дұрыс өңдеуге, талдауға және пайдалану арқылы саналы шешімдер қабылдауға ұмтылыс береді.

Зерттеу барысында білім беруді ақпараттандыру студенттердің қарым-қатынас сауаттылығын дамытуға және медиа құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Медиа және құзыреттілік ұғымдарын меңгеруге байланысты мына төмендегідей мәні анықталды:

- алынған нәтижелер бойынша студенттердің медиа сауаттылығын дамытуға ынталандырды;

- медиа сауаттылық арқылы қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталып жасаған үлгілердің дұрыстығын дәлелдеді;

Зерттеу нәтижелері білім беру процесінде ЖОО студенттерінің медиа

сауаттылығын табысты қалыптастыруды қамтамасыз ететіндігін көрсетеді.

Ақпаратты жаңашылдық дәрежесі бойынша жан - жақты түсіндіріп,

саралап, құндылықтарға сүйене отырып, студенттердің медиа сауаттылығын қалыптастырдық.

Әдебиеттер тізімі

1. Медиа сауаттылық. Жоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралы. [Мәтін]: //IREX Europe ұйымы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан елдерінде жүзеге асырылған жобалар аясында әзірленген// IREX Europe, 2018.
2. Мемлекеттік бағдарлама «Ақпараттық Қазақстан-2020» [Мәтін]: [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі. – Кіру режимі: https://egov.kz/cms/kk/articles/gp_inf_kaz_2020 Қолжетімділік күні: 26.02.2016.
3. Игнатова, Н.Ю. Образование в цифровую эпоху: монография. [Текст] / Н.Ю. Игнатова. - Мин-во образования и науки РФ. –Нижний Тагил, 2017. – С. 25-36
4. Смагулов Е.Ж. Медиа білім берудің педагогикалық негіздері [Мәтін] / Е.Ж. Смагулов. - Молодой ученый. – 2016. – №5.2.
5. Қаңлыбаева, Д.Т. Оқушыларға коммуникативтік құзыреттілік білім берудің негіздері [Мәтін] / Д.Т. Қаңлыбаева // Білім әлемінде. – № 4(4). – 57–60-б.
6. Корастылева Л.А. Психология самореализации личности. [Текст] / Л.А. Корастылева. – М. 2015
7. Колмогорова, Л.А. Формирование коммуникативной компетентности личности [Текст] / Колмогорова // Барнаул – 2015
8. Шариков, А.В. Медиаобразование: Мировой и отечественный опыт. [Текст] / А.В. Шариков. – М.: Изд-во Академия, 2010. – 65с.
9. Медиаобразование сегодня: содержание и менеджмент / под ред. А.В.Федорова. [Текст]: – М.: Изд-во Гос. ун-та управления, 2002. – 755б.
10. Чёрный, Ю.Ю. Медийно-информационная грамотность в цифровом мире: как научить учителей [Текст] / Ю.Ю. Черный, Т.А.Мурована. – Москва: Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании, Программа ЮНЕСКО «Информация для всех», 2021. – С. 32.

П.М. Махашова*, А.М. Байдалиева, А.Н. Абдырахимова

Таразский университет им. М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ ЧЕРЕЗ РАЗВИТИЕ МЕДИАГРАМОТНОСТИ

Аннотация. Статья основана на формировании коммуникативной компетентности студентов через развитие медиаграмотности. В вузе ориентируется на подготовку компетентных специалистов, хорошо владеющих информационными технологиями, обладающих сильными творческими способностями, умеющих анализировать различную информацию. Обобщение и проверка информации в процессе использования современных медиа-материалов в учебном процессе и широкое применение современных инновационных технологических методов.

Обучает студентов развитию коммуникативной компетентности, медиаграмотности на основе использования информационно-коммуникационных технологий, умению использовать полученную информацию в практической, профессиональной деятельности, решении тех или иных проблем. Вместе с тем, студенты должны уметь

правильно воспринимать различную информацию, анализировать, дифференцировать ее и формировать понимание компетентности через общение.

Основывается на определении условий, обеспечивающих создание концепции и анализ научных исследований, исследований и практик посредством медиаграмотности студентов.

Мультимедийные средства-визуальная и аудиоэффектность, разработаны идеи для реализации способов подготовки электронных документов, реализуемых под управлением интерактивного программного оборудования с различными мультипрограммными возможностями.

Определяет пути развития медиаграмотности в ходе приобретенных знаний и навыков, формирует профессиональную компетентность студентов.

Ключевые слова: компетентность медиаграмотность, компетентность, мультимедийные инструменты, репрезентационные системы, интерактивные методы, информационный, коммуникационные технологии.

P.M.Mahashova*, A.M.Baidalieva, A.N. Abdyrahimova

M.Kh.Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF DEVELOPING COMMUNICATIVE COMPETENCE IN STUDENTS THROUGH MEDIA LITERACY

Abstract. The article is based on the formation of communication competence through the development of media literacy of students. The University directs the training of competent specialists with good knowledge of Information Technology, strong creative abilities, ability to analyze various information. In the process of using modern media materials in the educational process, it opens the way to the accumulation and verification of information and the ability to widely use modern innovative technological methods. In the field of developing students' communication competence, media literacy based on the use of information and communication technology, they are taught to use the information obtained in case practice, professional activities, and solving any problems. At the same time, it provides students with the ability to correctly perceive various information, analyze it, and form an understanding of competence through communication. It is based on determining the conditions that ensure the analysis and formulation of scientific research, research and practice through the media literacy of students. Ideas have been developed for the implementation of methods for preparing electronic documents, which are implemented by multimedia tools – video and audio effects, various multiprogramming capabilities under the control of Interactive Software equipment. In the course of the acquired knowledge and skills, it determines the ways of developing media literacy, forms the professional competence of students.

Keywords: media literacy, competence, multimedia tools, representation systems, interactive methods, information, communication technologies.

References

1. Mediasauattylyk. ZHоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралы [Media literacy. Manual on media and information literacy for

- universities] // prepared within the framework of IREX Europe projects in Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkmenistan and Uzbekistan/ / IREX Europe, 2018
2. Memleketтік bardarlama «Ақпараттық Қазақстан-2020» [The state program "Information Kazakhstan 2020"] [Electronic resource] // Electronic Government of the Republic of Kazakhstan. – URL: http://egov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/egovcontent/transports/communications/article/gp_inf_kaz_2020&lang=ru (accessed: 02/26/2016).
 3. Ignatova N.Y. Obrazovanie v cifrovuyu epohu: monografiya [Education in the digital age: a monograph] / Ministry of Education and Science of the Russian Federation. – Nizhny Tagil, 2017. – pp. 25-36
 4. Smagulov E. ZH. Media bilim berudің pedagogikalық negizderi [Pedagogical foundations of Media Education]: Molodoy ucheny. – 2016. – №5.2.
 5. Kanlybaeva D. T. Oқushylarға kommunikativtik қузыrettilik bilim berudің negizderi [Fundamentals of communicative competence education for students]: // in the world of Education. – № 4(4). - P. 57-60.
 6. Korastyleva L.A. Psihologiya samorealizacii lichnosti [Psychology of personal self-realization]: – M. 2015
 7. Kolmogorova L.A. Formirovanie kommunikativnoj kompetentnosti lichnosti [Formation of a person's communicative competence]: Barnaul – 2015
 8. Sharikov A.V. Mediaobrazovanie: Mirovoj i otechestvennyj opyt [Media education: World and domestic experience]: – M.: Publishing House of the Academy, 2010. – 65 p.
 9. Mediaobrazovanie segodnya: sodержanie i menedzhment [Media education today: content and management] / ed. by A.V.Fedorov. – M.: Publishing House of the State University of Management, 2002. – 755 p.
 10. Cherny Yu. Yu., Murovana T. A. Medijno-informacionnaya gramotnost' v cifrovom mire: kak nauchit' uchitelej [Media and information literacy in the digital world: how to teach teachers]: – Moscow: UNESCO Institute for Information Technologies in Education, UNESCO Information for All Program, 2021. – p. 32.

2.12.24 ж. баспаға түсті.

12.12.24 ж. түзетулермен түсті.

25.12.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Махашова, П.М. Студенттердің медиа сауаттылығын дамыту арқылы қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық аспектілері [Мәтін] / П.М. Махашова, А.М. Байдалиева, А.Н. Абдырахимова // Dulary University Хабаршысы. – 2024. - №4. – Б. 176-187 <https://doi.org/10.55956/NPDH1726>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

Г.Ф.Паримбай* 

Психология ғылымдарының магистрі
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент қ., Қазақстан
gulzhanat.parimbay@bk.ru

Р.К.Керимбаева 

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қ., Қазақстан
risti1971@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ БІТІСТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫНА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

***Аңдатпа.** Мақалада жастық кезеңдегі студенттердің тұлғалық мінез-құлқының қалыптасуына, оның әлеуметтік-моральдық санасына ұлттық педагогиканың негізгі құралдары, мақал-мәтелдер арқылы ықпал етудің ерекшеліктері мен жолдары талданады. Жастық шақ кезеңі – тұлғаның өзін-өзі анықтау, өзіндік «Мен» бейнесін қалыптастыру және кәсіби бағдарлану сыйды күрделі үрдістермен сәйкес келеді. Қазіргі жаһандану кезеңінде жан-жақты қысымға түскен жас ұрпақ үшін, маңызды болып табылатын «мінез» феноменіне қатысты, тұрақты мінез-құлқыты қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Себебі, мінез бітістері – адамның тұлғалық дамуына ерекше ықпал ететін сапалық көрсеткіш. Студенттердің мінез-құлқының қалыптасуына әсер етуші құралы ретінде мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні негізге алынды. Мыңдаған ғасырлар бойы мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні бала тұлғасының дамуына психологиялық-педагогикалық тұрғыда ерекше әсер ететіндігі талданғанымен, этнолингвистикалық зерттеулерде қазақ мақал-мәтелдерінің адам өмірінің барлық аспектілері қамтыла отырып, өмірде туындайтын барша мәселелерге қысқа әрі дәйекті жауап беретіндігі анықталған. Қазақ халқының теңдессіз тәрбиелік мұрасы, мақал-мәтелдердің мінез мінін тәрбиелеуде, тұлға бойында ұнамды мінез бітістерін қалыптастыру құрал ретінде қарастырылады.*

***Тірек сөздер:** жастық шақ кезеңі, студенттер, «Мен» концепциясы, мінез бітістері, әлеуметтік-моральдық сана, мақал-мәтелдер, ұлттық психология.*

Кіріспе. Бүгінгі таңда қарқынды өзгеріп, үздіксіз дамыған заман үрдістерінің түрлі ықпалы студент жастарды жан күйзелістеріне душар етіп, олардың мінез-құлқына тікелей әсер етуде. Студенттік шақта жастардың алға қойған талаптары өте жоғары, бірбеткей, қажеттіліктер ауқымды, аласапыран күйзелісі мол, ерік күшін көп қажет

ететін жауапты өмір кезеңі басталады. Тұлға дамуының осындай маңызды кезеңінде адам бойында тұрақты және жағымды мінез-құлқыты қалыптастыру мәселесінің маңызы зор. Осы тұрғыда қазақ фольклорының асыл қазынасына айналған мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні мен тұлғаның жан дүниесіне әсерін арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе.

Себебі, мақал-мәтелдер – толассыз толғау, образ арқылы сан ғасырлар бойы халық тәжірибесінен жинақталған, сананың терең талқысынан өткен теңдессіз тағылым. Бүгінгідей жаппай жаһандану мен бүкіләлемдік рухани даму үдерісінің асау иіріміне тартылған жас ұрпақ үшін, «Мен» коцепциясының маңызды құрылымы болып табылатын мінез бітістерін мәнді мақалдар мен мағыналы мәтелдер арқылы қалыптастыру мүмкіндіктері бар. Мәселенің өзектілігі көрсеткендей тұлғаның ұнамды мінез-құлқын қалыптастыратын мақал-мәтелдердің қолданылу аясы мол. Студенттердің мінез бітістері мен әлеуметтік-моральдық ұнамды мінез сапаларын дамытуға жағымды әсер еткен мақал-мәтелдердерге жүйелі теориялық талдау жасау, оны арнайы зерттеу өзекті мәселе.

Ғылыми жұмысты жүргізудегі негізгі мақсат – мақал - мәтелдер арқылы студенттердің бойында ұнамды мінез бітістерін дамыта отырып әлеуметтік-моральдық құндылықтарды қалыптастыру.

Студенттік жастық шақ – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуі мен кәсіби бағдарлана дамуының ерекше кезеңі. Студенттік жас кезеңіндегі тұлға дамуының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері Б.Г.Ананьевтің психологиялық мектебінен бастау алады.

Ресей ғалымдары жастық кезеңде тұлғаның ішкі ұстанымдарының қалыптасуы, яғни өзін-өзі тану мен өзін-өзі бағалаудың жаңа деңгейіне қол жеткізуі, белсенді қалыптасуы, әлем бейнесін құруы, қоғамнан өз орнын болжау, оның болашағын жоспарлау және өзін-өзі жүзеге асыру жолдарымен сипатталады. Алайда, эмоциялық реакциялар мен жасөспірімдердің мінез-құлқын тек гормоналдық тұрғыдан түсіндіру аздық етеді. Себебі, әлеуметтік

факторлар мен тәрбиелеу шарттарыда тұлға дамуына мүлтіксіз өз әсерін тигізеді [1, б.280].

Бүгінгі таңда психолог және педагог ғалымдардың басым көпшілігі 16-17 жас кезеңін ерте жастықтың төменгі шекарасы, тұлғаның алғашқы әлеуметтену үрдісінің пайда болатын кезеңі деп сараптайды. Ал әлеуметтенудің жоғарғы шегі 24-25 жаспен шектеледі. Жастық шақты құрайтын студенттік кезең балалық шақтан ересектікке аяқ басатын өтпелі кезең болып табылады. Аталмыш жас кезеңінде тұлғаның әлемге және өзіне деген барлық қатынастар жүйесі қайта құрылады. Осы жас кезеңі маңызды тұлғалық құрылымдардың дамуын анықтайтын күрделі жүйелердің пайда болуымен сипатталады.

Б.Г.Ананьев жастық шақ кезеңін сипаттай отырып, онда 2 фазаны анықтады, олардың бірі балалық шақпен шектессе, ал екіншісі кемелдік кезеңмен шекараласқан. *Бірінші кезең:* ерте жастық шақ, тұлғаның қоғамдағы жағдайының белгісіздігімен, толымсыздығымен сипатталады. Бұл жаста тұлға енді бала емес екенін түсінеді, бірақ сонымен бірге ересек адам емес екендігін де біледі. *Екінші кезең:* кеш жастық шақ – бұл кемелденудің бастапқы буыны. Б.Г.Ананьевтің пікірінше, жастық шақ – адамның негізгі әлеуметтік-гендік мүмкіндіктерінің дамуы үшін сенситивті кезең болып табылады [1, б.280].

С.Л.Рубинштейн еңбектерінде жастық шақ кезеңінде тұлғаның құндылық-мағыналық ұстанымдары, яғни «өзін-өзі анықтау», «өзінің өмір салтын бекіту» сынды негізгі рефлексиялардың пайда болып, қалыптасатындығы сипатталған. Бұл кезеңде өзін-өзі анықтау – ішкі детерминация, өзіне деген адалдық,

сыртқы әсерлерге біржақтылы бағынбау ретінде әрекет етеді [2, б.288].

Психодинамикалық бағыттың негізін қалаушы З.Фрейд жекелей жастық шақтың жүйелі тұжырымдамасын жасамады, десе де, ол жасөспірімдік және жастық шақтың жыныстық жетілу табиғаты туралы маңызды дәйектемелерді алға тартып, эмоционалды процестердің даму ерекшеліктерін және жас тұлғаның даму ерекшеліктерін нақты атап өтті [3, б.866].

Э.Эриксон тұлғаның психоэлеметтік даму теориясында жастық шақ – толық өмірлік циклінің бесінші кезеңі, адамның психоэлеметтік дамуындағы ең маңызды кезең болып саналады: «Жастық шақ – бұл «Мен»-нің идентификациясында басым позитивтілік орнығатын соңғы, шешуші кезең. Дәл осы кезеңде болашақ, көзге көрінетін шектерде, саналы өмір жоспарының бір бөлігіне айналады»[4, б.312]

Даму психологиясы туралы қазіргі заманғы іргелі басылымдарда Г. Крайг (Craig G., 1996, 2000) жоғарыда аталған тұжырымдарға жақын, бірақ онымен толық сәйкес келмейтін келесі бір теорияны ұсынады. Мұнда келесі жас кезеңдері ерекшеленеді: *жасөспірімдік (жастық шақ) кезеңі* – 12 - ден 19 жасқа дейін, ерте ересектік кезең – 20-дан 40 жасқа дейін [5, б.940].

Жастық шақ кезеңіндегі жеке дамудың психикалық ерекшеліктері қалай сипатталады? Біріншіден, бұл жас санаты қарқынды интеллектуалды даму кезеңі, оқу және кәсіптік іс-әрекеттің қалыптасуы, студенттің рөлін игеру, жаңа, «ересек» өмірге ену кезеңі ретінде қарастырылады.

Зерттеушілерде жалпы есею туралы ортақ консенсус жоқ, сондықтан, тұлғаның танымдық дамуының қабылданған ортақ теориясы

болмағандықтан, жеке даму перспективаларын бағалау болжанады. Сондай-ақ, зерттеулер көрсеткендей, жастық шақта тұлғаның ішкі әлемнің және өзін-өзі танудың ерекшеліктері өзгереді, психикалық процестер мен жеке қасиеттер қайта құрылады, өмірдің эмоционалды-еріктік жүйесі өзгереді.

Яғни, жоғарыда келтірілген теоретикалық анализді қорытындылай келе, біз жастық шақ (студенттік жас шамасы) тұлғаның дамуы мен қалыптасуында аса маңызды процестермен сипатталатын шешуші кезең деп тұжырымдай аламыз.

Ал енді, студенттік кезеңде тұлғалық қалыптасу мен дамуды маңызды факторлардың бірі болып табылатын «*мінез*» концепциясын қарастыралық.

Мінез бен оның қалыптасуы, оған ықпал ете отырып өзгерту жайлы сұрақтар адамзат пайда болғаннан-ақ тарихи сананың алғашқы баспалдақтарынан бастау алады.

«Мінез» феномені барлық гуманитарлық ғылымдарға ортақ, көп салалы термин. Ал психология ғылымында *мінез* – туа бітті темпераменпен шарттасқан; және тұлғаға ықпал еткен өмірлік жағдайлар мен тәрбие негізінде бекітілетін тұлғаның сыртқы ортаға деген қарым-қатынасы мен мінез-құлық стилі [6, б.424].

Ежелгі грек ойшылдары Аристотель мен Сократтың пікірінше, жақсы не жаман болу біздің қолымызда емес: «Шынында да, әрбір мінез бітісі мен оның сипаты бізге табиғаттан тумысымыздан беріледі, өйткені біз туылғаннан әділ, ақылды және батыл боламыз».

Мінезді дамытудың шарттары мен факторлары мәселесі орыс революциясына дейінгі психологияда жіті қарастырылған.

Мінезді құрайтын факторлардың арасында К.Д.Ушинский туа біткен қасиеттерді бөліп көрсетті. Ғалым оларға жүйке жүйесінің құрылымымен анықталатын және темпераментте көрінетін қасиеттерді жатқызады. Алайда, жүйке жүйесінің туа біткен ерекшеліктері өмір жағдаяттарының әсерінен өзгеруі және түрленуі мүмкін: адам мінезінің табиғи көріністері кешіктірілуі мүмкін, және тұлға өз мінез-құлық басқара отырып, қажетті мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыруы ықтимал [7, б.475].

Тұлғаның мінез бітістерін дамыту механизміндегі айқындаушы – оны қоршаған шындыққа қатынасын анықтайтын мінез-құлықтың ситуативті-шарттанған мотивтері. Олар іс-әрекеттерде, қызметте көрінеді және қайталана отырып мінезде беку арқылы тұрақты *мінез бітісіне* айналады.

Мінез бітістері – тұлғада туа бітті пайда болған және әлеуметтік ортамен сіндірілген индивидуалды ерекшеліктер жиынтығы, мінез сапалары. Демек, біріншіден, мінез – ол шартты түрде тұлғаның түрлі жас кезеңдерінде сұрыптала келе өзгеріске ұшырайды, ал екіншіден оның қай бағытта және қалай өзгеретіндігіне тұлғаның қоршаған ортасы тікелей ықпал етпек [8, б.186]

Біз, зерттеу жұмысымызда студенттердің мінез бітістеріне ықпал етуші құрал ретінде халық ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдерді қолдандық. Олар сөз дәлдігімен, ой тереңдігімен, ықшамдылығымен, өрнегімен ерекшеленеді. Адамның мінезіндегі жат қасиеттер де мақал-мәтелдерде жеңіл келемежденіп, жақсы ізгі қасиеттері образды түрде әсем бейнеленген.

Олардың шығу тегінің өте ерте замандардан келе жатқанына қарамастан, мақал-мәтелдер қазіргі

уақытта да өзектілігін жоғалтпады және қоғам мен жеке тұлғаның рухани құндылықтарын ұлттық менталитетті тұтастай бейнелеудің әмбебап құралы ретінде, сондай-ақ адам өмірінің жекелеген аспектілеріне деген көзқарасты анықтай алады.

Зерттеушілер мақал-мәтелдердің келесідей артықшылықтарын атап өтеді:

– мақал-мәтелдер ерекше эксперименттік материал болып табылады, өйткені олардың саны мен тақырыбы өте кең, сондықтан әртүрлі тақырыптар бойынша мәтіндерді таңдау мүмкіндігі іс жүзінде шектелмейді;

– мақал-мәтелдерді күрделілігі, құрылымы және басқа критерийлері бойынша саралауға болады – солардың ішіндегі «шағын мәтін» деп аталатын мақал-мәтелдер қысқа мерзімде ғана онымен жұмыс істеу арқылы көптеген мәліметтер алуға мүмкіндік береді;

– мақал-мәтел, уақыт өте келе, халық даналығы кейбір моральдық нұсқаулар бере алады, өмірге диалектикалық көзқарасты көрсете алады [9, б.53]

Мақал-мәтелдердің мол артықшылықтары әртүрлі қырымен қолданылады. Біріншіден, мақал-мәтелдерді түсіну ойлау дамуының көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Сонымен, мақал – мәтелдерді орыс ғалымы Б.В.Зейгарник ақыл-ой дамуының деңгейін анықтауға, ойлаудың патологиялық өзгерістерін диагностикалау үшін тесттерде қолданылады. Ал И.В.Дубровина оқушылардың ойлау ерекшеліктерін анықтау үшін мақал-мәтелдерді қолданды. Мақал-мәтелдер когнитивтік бағытта ақыл-ой дамуының құралы бола алады. Өйткені оларға стандартты емес жағдайларда бағдарлау, жарқын, бірақ маңызды емес бөлшектермен

жасырылған қажетті жалпылауды тәуелсіз іздеу тәсілдері тән.

Ауызша халық шығармашылығы суггестиялық (сендіру) әдісі ғасырлар бойы жас ұрпақты тәрбиелеуде қолданылған. Бұған күнделікті тіршілікте фольклордың ең көп таралған түрлеріне мақал - мәтелдер жатады.

Көптеген зерттеушілер жастық шақты психологиялық және педагогикалық теориялардағы ең күрделі және қарама-қайшылықты шытырман кезең деп санайды. Бұл біріншіден жастық шақ кезеңіндегі тұлғаның өзіне тән физиологиялық, психологиялық өзгерістерге байланысты болса, ал екінші жағынан оны қоршаған сыртқы қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынастағы өзгерістер мен құбылыстарға байланысты сипатталады.

Ал, сол жас тұлға бойындағы мінез бен мінездегі ұнамды бітістерді, әлеуметтік-моральдық құндылықтарды сараптап, дамыту – оның келешек өмірінің сапалы, жемісті болуының басты кілті.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу жұмысының болжамы студенттердің бойында жағымды мінез бітістерін дамытып, әлеуметтік-моральдық құндылықтарды қалыптастыруға мақал-мәтелдердің ықпалын зерттеу.

Болжамды тексеру үшін зерттеу жұмысына М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультетінің студенттері қатысты. Сыналушыларға ӘРД-ҚФ (Әлеуметтік-моральдық рефлексияны диагностикалау – қысқартылған форма) (СРД-КФ (Социоморальной рефлексии диагностика – короткая форма) сауалнамасы жүргізілді. Бұл әдістеме 1991 жылы американ психологтары Дж.Джибс, К.Бэсинджер, Д.Фуллермен жасалып, А.А.Хвостовпен

модификацияланған [10, б.26]. ӘРД-ҚФ сұрақнамасы – әлеуметтік-моральдық құндылықтарды анықтайтын сұрақтардан құралған 10 тармақтан тұрады. Әдістеменің түпнұсқа авторы Дж.Джибс даму психологиясының белді өкілі Л.Колберг зерттеулеріне сүйене отырып әлеуметтік-моральдық сананың дамуының екі деңгейін бөліп, оларды моральдық құндылықтарға қатысты пайымдауларды негіздеу сипаты бойынша бағалауды ұсынды. «Моральдық құндылықтар» ұғымын «әлеуметтік-моральдық құндылықтар» ұғымына ауыстыру арқылы Дж.Джибс моральдың әлеуметтік өзара әрекеттесумен тығыз байланысын атап өтті.

Сұрақнамадағы әр сұрақтың жауаптарына контент-анализ жасалып, нәтижесінде олар әлеуметтік-моральдық кемелденудің төрт сатысының біріне енгізіледі.

Бірінші сатыда әлеуметтік-моральдық кемелденуге: құндылықтар сыртқы күштерге, беделге бағынумен шарттасатын пайымдаулар жатады. Моральдық кемелділіктің *екінші сатысында*: құндылықтар оның практикалық пайдалылығы, рационалдылығы тұрғысынан «мен – саған, сен – маған» пайымдауларымен сипатталады, әлеуметтік-моральдық кемелділіктің *үшінші сатысында* басқа адамдардың қарым-қатынасы мен сезімдеріне бағдарлану көрсетілген: «басқалар үшін өмір сүру», «өз қажеттілігіңді сезіну» сынды пайымдаулармен сипатталады. *Ал төртінші сатыдағы* кемелденген әлеуметтік-моральдық пайымдаулар: құндылықтар қоғамның мүдделерімен, қолданыстағы әлеуметтік қатынастар жүйесімен негізделеді.

Студенттердегі әлеуметтік интеллектінің даму деңгейін зерттеу үшін Д.Гилфорд пен М.Салливеннің

«Әлеуметтік интеллектіні өлшеу тесті» қолданылды. Бұл әдіс жалпы әлеуметтік интеллектінің даму деңгейін өлшеуге ғана емес, сонымен қатар адамдардың жеке мінез бітістерінанықтап, бағалауға да мүмкіндік береді. Тест төрт субтесттен тұрады; оның нақты пайдалану алгоритмі бар және әлеуметтік интеллект компоненттерінің даму деңгейін бағалауға, оның жалпы бағасын стандартты баллдарда алуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеуге 18-20 жас аралығындағы студенттер қатысты (n=41). Зерттеу «Психология» пәнә бойынша жүргізілді. Алдымен сыналушыларға Гилфорд-Салливеннің әлеуметтік интеллект тесті жүргізілді, содан кейін Дж. Джиббстің әдістемесін (ӘРД-ҚФ) жазбаша түрде орындады.

Стимулдық материал ретінде: О.Н.Арестовамен модификацияланған «Мақал-мәтелдерді түсіндіру»

(Методика толкования пословиц) әдістемесі мен «Мақалдарды аяқта» дидактикалық ойыны қолданылды.

Әлеуметтік интеллект тесті бойынша нәтижелерді өңдеу стандартты нұсқаулыққа сәйкес жүргізілді, әр сыналушының көрсеткіші төрт субтест бойынша анықталып, аралас бағалау жүргізілді. *Сурет 1-де* әлеуметтік интеллект тесті бойынша стандартты баллдарды бөлу нәтижелері ұсынылған. Бұл іріктеу тобында мінез-құлықты тану қабілеті аса жоғары және төмен сыналушылар анықталмады. Сыналушылардың басым бөлігі (56,2%) іріктеу тобының сәйкес жасына сай келетін мінез-құлықты тануға арналған орташа қабілеттерге ие; әлеуметтік интеллект деңгейі төмен (14,6%) сыналушыларға қарағанда жоғары (29,2%) көрсеткішті көрсеткен респонденттер екі есе төмен пайыздық көрсеткішті көрсетті.



Сурет 1.

Гилфорд-Салливеннің «Әлеуметтік интеллект тесті» бойынша стандартты баллдардың орналасу жиілігі


Дж. Джиббстің ӘРД-ҚФ сұрақнамасының көмегімен алынған нәтижелерді өңдеу құндылықты пайымдау негіздемелерін контент-талдау жолымен жүргізілді. Сонымен қатар, әрбір пайымдауға моральдық

кемелділіктің анықталған сатысына сәйкес келетін 1-ден 4-ке дейінгі сәйкес сан берілді. Мұндағы 1 және 2 – моральдық пайымдаулардың кемелділігінің төмен деңгейін сипаттаса,

3 және 4 – студенттің дамыған моральдық санасын көрсетеді.

Статистикалық талдау көрсеткендей, осы үлгідегі моральдық пайымдаулардың орташа жетілу деңгейі 2,79 құрайды. Бұл көрсеткіш А.А.Хвостовтың мақаласында келтірілген 20 жастағы ресейліктердің

үлгілеріне сәйкес келеді (орташа мәні – 3,048, стандартты ауытқу – 0.485) [10, б. 26]. Жалпы бағалаудан басқа, әдістемедегі он пайымдаудың әрқайсысы үшін жекекөрсеткіш анықталды. Анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттер негізінде алынған нәтижелер *Сурет 2-де* көрсетілген.



Сурет 2.

Дж.Джиббстің «Әлеуметтік-моральдық рефлексияны диагностикалау – қысқартылған форма» сұрақнамасы бойынша анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің салыстырмалы гистограммасы

Бесінші пайымдаудың ең төменгі көрсеткіші осы пайымдауды негіздеудің кең таралған нұсқасы: «Балалар ата-аналарынан мақтау-мадақтау алып, олардың назарын аударту үшін ғана оларға көмектеседі. Көмектесу арқылы олар қалаған нәрселеріне лайық бола алады». Мұндай негіздемелер моральдық жетілудің екінші кезеңіне қатысты пайымдау ретінде қарастырылды. Үшінші пайымдау бойынша негіздемелердің төмендетілген көрсеткіші аналогиялық түрде түсіндіріледі «Адам үшін оған қандай да бір зиян келтірген адамды кешіру қаншалықты маңызды?». Кешіру қажеттілігінің жалпы негіздемесі: «Сен кешірмесең, өзің де кешірілмейсің». Оныншы пайымдау – заңға бағынудың маңыздылығын негіздеумен сипатта-

лады. Айта кету керек, 10 сыналушы (іріктеу тобының 25%-ы) заңға бағыну қажеттілігіне күмән келтіреді, бұл «өмір заңдары мемлекет заңдарына қайшы келеді», «кейбір заңдар оларды бұзу үшін жаралған» және т.с.с. Сонымен қатар, заңдарды сақтаудың маңыздылығын мойындайтын көптеген зерттелушілер мұны заңды сақтамағаны үшін жазалануы мүмкін деп негіздейді. Мұндай жауаптар әлеуметтік-моральдық сананың кемелденуінің төмен деңгейінің көрсеткіштері ретінде қарастырылды.

Бірінші, төртінші және сегізінші пайымдауларға қатысты негіздемелерде субъектілердің моральдық кемелденудің жеткілікті жоғары деңгейін көрсетті. Мұндағы негіздемелердің көпшілігінде басқа адамдардың сезімдеріне, тұлғааралық қатынастардың

ерекшеліктеріне назар аударылды. Мұндай негіздемелердің мысалдары ретінде мыналарды келтіруге болады: «...айналаңыздағы адамдардың сеніміне нұқсан келтірмеу үшін уәделеріңізді орындау өте маңызды...», «... шындықты айту өте маңызды, өтірік адамдарды ренжітуі, көңілін қалдыруы мүмкін».

Әлеуметтік-моральдық рефлексия тестінің сұрақтарына жауаптардың бүкіл массивін талдау жауаптардың 10%-дан астамы (45) әдістеме мәселелерінде айтылған құндылықтардың маңыздылығын жоққа шығаратынын көрсетті. 21 студенттің жауаптарында құндылықтардың ең кем дегенде біреуінің маңыздылығын жоққа шығару кездеседі, көбінесе заңды сақтаудың маңыздылығы (14 жауап), шындықтың маңыздылығы (12 жауап) жоққа шығарылады. Осылайша, сыналушылардың жартысында кездесетін моральдық немесе этикалық нигилизмнің белгілі бір дәрежесі туралы айтуға болады.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Студенттердің бойында әлеуметтік-моральдық құндылықтарды қалыптастыруға мақал-мәтелдер ықпалын тексеру үшін жүргізілген зерттеу барысында Спирменнің рангілік корреляциясының коэффициенті анықталды. Статистикалық талдау тек бір маңызды (значимая) корреляцияны анықтады ($\rho = 0.37$, $p \leq 0.05$) – әлеуметтік-моральдық кемелденудің орташа көрсеткіші мен «Вербалды экспрессия» субтестінің сәттілігі арасындағы тікелей байланыс. Аталмыш субтест бірдей «вербалды хабарламаларды» адамдардың мінез бітістері мен олардың тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты қарым-қатынас жағдаятының контекстіне тілдік экспрессия негізінде әртүрлі мағыналарды тез және дұрыс түсіну

қабілетін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу негізінде жүргізілген Дж.Джиббстің «Әлеуметтік-моральдық рефлексияны диагностикалау – қысқартылған форма» сұрақнамасы бойынша анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттерде айқын даму көрініс тапты (Сур.2). Сол себептен де зерттеу барысында стимулдық материал ретінде таңдалып алынған мақал-мәтелдер әдісін студенттердің бойында ұнамды мінез бітістерін дамыта отырып, әлеуметтік-моральдық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етуші құрал ретінде қолдана аламыз.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу қазіргі студенттердің мінез бітістеріндегі даму тенденциясы мен жеке басының әлеуметтік-моральдық дамуына байланысты бірқатар құбылыстарды анықтауға мүмкіндік берді; сонымен қатар, студенттерінің моральдық нормалары мен құндылықтарын қалыптастыруды оңтайландыруға бағытталған ғылыми түсінік пен практикалық шараларды қажет ететін проблемалық бағыттарды айшықтап көрсетті. Зерттеу нәтижесінде орнатылған байланыс субъектілердің неғұрлым көлемді үлгісінде тексеруді және расталған жағдайда қосымша түсіндіруді қажет етеді.

